

**SAMSUNG**

# Пайдаланушы нұсқаулығы

Samsung өнімін сатып алғаныңызға алғысымызды  
білдіреміз.  
Қызметтерді толық алу үшін өніміңізді

[www.samsung.com](http://www.samsung.com)

Үлгі \_\_\_\_\_ Сериялық № \_\_\_\_\_

Көзі нашар көретін адамдарға нұсқау беретін бетке тура  
өтіп, астыңғы жағынан Мәзір экранын зерттеу  
сілтемесін таңдаңыз.

[“Мәзір экранын зерттеу”](#) сілтемесі

# Мазмұны

## Нұсқаулық

### Қосылымдар

- 6 Қосу нұсқаулығы
- 8 Antenna (Антенна) қосу
- 9 Желіге қосылу
- 13 TV теледидарындағы мобильдік құрылғы экранын көрсету
- 15 Кабельдерді сыртқы құрылғыларға қосу
- 17 ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру
- 19 Жалғау бойынша ескертпелер

### Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар

- 22 Samsung Smart қашықтан басқару пульті (QLED TV/The Frame/The Serif/S8\*D/S9\*D/DU9/DU8 сериясы/DU77\*\* үлгісі) туралы
- 25 Қашықтық. басқару пульті (DU6/DU7/BED сериясы) (DU77\*\* үлгісінен басқа) туралы
- 28 Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын ТД жүйесіне қосу
- 29 Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану
- 29 Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультін пайдалану әдісін үйреніп алыңыз
- 29 Ойын контроллерін пайдалануды үйрену
- 30 Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану
- 31 ТД жүйесін пернетақта, тінтуір немесе геймпадпен басқару
- 35 Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

### Смарт функциялар

- 37 Smart Hub қызметін пайдалану
- 42 Ambient режимін пайдалану
- 48 Графикалық сурет режимін пайдалану
- 56 Daily+ басты экраны туралы ақпарат
- 57 Samsung Gaming Hub қызметін пайдалану
- 60 Басты функциясын пайдалану
- 61 Сіз үшін / Танысу басты экраны туралы

- 64 Нақты уақыт басты экраны туралы
- 65 Мәзір Бірінші экран туралы ақпарат
- 69 Samsung тіркелгісін пайдалану
- 71 Пернелер тіркесімі функциясын пайдалану
- 74 Workspace қызметін пайдалану
- 81 Қолданбалар басты экраны туралы
- 85 Пайдаланушы нұсқаулығы функциясын пайдалану
- 87 Internet функциясын пайдалану
- 88 SmartThings қызметін пайдалану
- 93 Суреттерді/бейне/музыка ойнату
- 99 Multi View қызметін пайдалану
- 101 Bixby қызметін пайдалану
- 107 Ойын тақтасы функциясын пайдалану
- 112 Auracast қызметін пайдалану

### ТД құрылғысын көру

- 113 Нұсқау. функциясын пайдалану
- 117 Бағдарламаларды жазу
- 120 Көрсетілімді жоспарлау параметрін орнату
- 122 Timeshift қызметін пайдалану
- 123 Бағдарламаны немесе Timeshift жазу барысында қол жетімді түймелер және функциялар
- 125 Арна тізімін пайдалану
- 127 Арнаны өңдеу функциясын пайдалану
- 129 Жеке таңдаулылар тізімін пайдалану
- 130 ТД қарауға қолдау көрсететін функциялар

### Сурет және Дыбыс

- 137 Зерделі режим қызметін пайдалану
- 140 Сурет сапасын реттеу
- 144 Суретке қолдау көрсететін функциялар
- 146 Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату
- 150 Дыбыс режимі және Маман параметрлері конфигурациялау

152 Дыбысқа қолдау көрсету функцияларын пайдалану

## Жүйе және Қолдау

- 155 Уақыт функциялары мен таймерлерді пайдалану
- 158 Қуатты және энергияны үнемдеу режимі функцияларын қолдану
- 160 Панельге күтім жасау функцияларын пайдалану
- 161 ТД жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын жаңарту
- 163 Ата-ана параметрлері функциясын қолдану
- 164 Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған аудио және бейне функциялар
- 170 Дауыстық атқарымдарды пайдалану
- 171 Басқа функцияларды пайдалану
- 173 HbbTV
- 174 ТД қарау картасын ("CI немесе CI+ Card") пайдалану
- 177 Телемәтін функциясы

## Сақтық шаралары және Ескерімдер

- 181 Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында
- 183 Аналогтік таратылымның дыбыстық параметрлері
- 184 Apps пайдаланардан бұрын оқып шығыңыз
- 185 Internet функциясын пайдалану алдында оқыңыз
- 187 Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз.
- 200 ТД жүйесін орнатқаннан кейін оқыңыз
- 201 UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар
- 202 8K үлгілері (QN7\*\*D не одан кейінгі сериясы) қолдау көрсететін кіріс сигналдарына арналған ажыратымдылықтар
- 203 FreeSync (VRR) үшін қолдау көрсететін ажыратымдылықтар
- 205 Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)
- 208 Видео сигналдарға арналған қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар
- 210 Bluetooth құралдарын пайдалану алдында оқыңыз
- 211 Лицензиялар & басқа ақпарат

## Ақаулықты түзету

### Суретке қатысты мәселелер

- 213 Экран жыпылықтайды немесе қараңғы болды
- 214 Сурет жарық емес немесе сурет түстері айқын көрінбейді
- 215 Суреттің түстері қара және ақ немесе тиісті түрде көрінбейді
- 215 ТД автоматты түрде өздігінен сөнеді
- 216 ТД құрылғысын (The Frame ТД) өшіру мүмкін емес.
- 216 Қосу мүмкін емес
- 216 ТД қосылған күйінде тұрады немесе автоматты түрде қосылмайды.
- 217 Арнаны таба алмайды
- 217 ТД бейнені дүкенде тұрған кездегідей жақсы көрсетпейді.
- 217 Көрсетілген бейне бұлыңғыр көрінеді
- 218 Сурет бұрмаланып көрсетіледі.
- 218 Бейнебеттің шетінде нүктелерден тұратын сызық пайда болады.
- 218 Сурет экранда толық көрсетілмейді.
- 218 ТД мәзіріндегі Субтитр функциясы сөнеді.
- 219 ТД экранында субтитр пайда болады.
- 219 Қосылған сыртқы құрылғының HDR параметрі өшірулі.

### Дыбыс және шуылға қатысты мәселелер

- 220 ТД құрылғысына аудио құрылғыны қалай қосуға болады?
- 220 Ешбір дыбыс жоқ немесе дыбыс параметрі ең жоғары деңгейде тұрса да дауыс ақырын шығады.
- 220 Сурет жақсы көрсетілсе де, дыбыс шықпайды.
- 221 HDMI (eARC/ARC) қосылған және дыбыс шығармайды.
- 221 Үндеткіштерден тосын шуыл шығып тұр.
- 221 Дыбыс кідіреді.
- 222 ТД жүйесінде функция пайдаланылған немесе арна ауыстырылған сайын ТД оны дауыстап ескертеді. ТД экранда көрсетілген функцияны дауыстап түсіндіріп жатыр.
- 222 ТД дыбысы дыбыс құрылғысы немесе аудио-бейне қабылдағыш арқылы естілмей тұр.
- 222 Дыбыс анық естілмейді.
- 223 Сыртқы құрылғының дыбыс деңгейін реттеу мүмкін емес.

223 ТД және аудио құрылғысын бір уақытта өшіріп, қосқым келеді.

#### Арна және таратылым мәселелері

224 ТД режимінде "Сигнал әлсіз немесе жоқ" хабары көрсетіледі немесе арна табылмайды.

224 ТД құрылғысы арналардың барлығын қабылдамайды.

225 Сандық арнада субтитрлер берілмейді.

225 Тарату сөндірулі.

#### Сыртқы құрылғыны қосуға қатысты мәселелер

226 "Режим қолданылмайды" деген жазу көрсетіледі.

226 Видео жақсы көрсетіледі, бірақ аудио жоқ.

226 Компьютерге және мобильді құрылғыға экранды қосарлау функциясы арқылы қосылғым келеді.

227 ТД жүйесін сыртқы құрылғыға қосқанда ешбір экран көрінбейді.

227 Bluetooth үндеткішіне қосылғым келеді.

227 Дербес компьютердің экраны пайда болмайды немесе жыпылықтайды.

#### Желіге қатысты мәселелер

228 Желіге сымсыз қосылу әрекеті сәтсіз аяқталды. Сымсыз қосу нүктесіне қосылмайды. Желіге қосыла алмадым.

228 Желіге сым арқылы қосылу әрекеті сәтсіз аяқталды.

228 Жергілікті желіге қосылдым, интернетке қосыла алмадым.

#### Anynet+ (HDMI-CEC) қызметіне қатысты мәселелер

229 Anynet+ дегеніміз не?

229 Anynet+ жұмыс істемейді. Жалғанған құрылғы бейнебеттен көрінбейді.

229 Anynet+ функциясын іске қосқым келеді. ТД қосылған кезде, қосылған құрылғылардың да қосылғанын қалаймын.

230 Anynet+ функциясынан шыққым келеді. Басқа құрылғыларды қосу ыңғайсыз, себебі ТД жүйесі де іске қосылады. Бұл ыңғайсыз, себебі қосылған құрылғылар (мысалы, қабылдағыш) бірге өшеді.

230 Экранда "Anynet+ құрылғысына қосылуда..." немесе "Anynet+ құрылғысы ажыратылуда" хабары пайда болады.

230 Anynet+ құрылғысы ойнамайды.

#### Қашықтан басқару пультіне қатысты мәселелер

231 Қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді.

231 Сыртқы құрылғыларды ТД жүйесінің қашықтан басқару пультімен басқаруға болмайды.

#### Жазу мәселелері

232 Timeshift немесе жазу функциясы қолданылмайды.

232 Сыртқы құрылғыдан немесе Samsung TV Plus тарапынан келген бейнежазбаларды жаза алмайды.

232 "Құрылғыны пішімдеу" хабары Timeshift немесе жазу функциясы қолданылған кезде пайда болады.

232 ТД құрылғысында жазылған файлдар дербес компьютерде ойнатылмайды.

#### Қолданбалар

233 Қажетті қолданбаны таба алмай отырмын.

233 Қолданбаны іске қостым, бірақ ол басқа тілде. Тілді қалай өзгертуге болады?

233 Қолданба дұрыс жұмыс істемейді. Оның кескін сапасы нашар.

233 Smart Hub Бірінші экран экраны ТД жүйесін қосқан сайын пайда болады.

#### Медиа файлдары

234 Кейбір файлдар қайта ойнату барысында кідіріп қалады.

234 Кей файлдарды ойнату мүмкін емес.

#### Дауысты тану мәселелері

235 Микрофон өшірулі.

235 Vixby автоматты түрде жауап береді.

236 Мен "Hi, Vixby" деп айттым, бірақ Vixby жауап бермеді.

236 Басқа функциялардан айырмашылығы, дауысты тану функциясы Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінде жұмыс істемейді. Дауыстық көмекші түймесі басылған кезде де ешқандай жауап жоқ.

237 Дауысты тану барысында ауыр жүктеме туралы хабар пайда болады да, функция жұмыс істемейді.

237 Қалаған аймақтағы ауа-райы туралы ақпаратты көргім келеді.

#### Басқа мәселелер

238 ТД жүйесі ыстық.

238 ТД жүйесінен пластмассаның иісі шығады.

238 Параметрлер 5 минуттан кейін немесе ТД жүйесін сөндірген сайын жоғалып кетеді.

- 239 ТД жүйесі бір жағына қарай қисайып тұр.
- 239 Бұл тұрғы орнықсыз немесе қисық.
- 239 ТД тұрғысын бекіту және алу жолын білгім келеді.
- 240 Экранда POP (ТД теледидарының ішкі баннеріндегі жарнама) көрсетіледі.
- 240 ТД жүйесінен тырс-тырс еткен дыбыс шығады.
- 240 ТД жүйесінен ызылдаған дыбыс шығады.
- 240 ТД экранда болып жатқан жайттарды дауыстап түсіндіреді.

#### ТД жұмысындағы ақаулықтарды анықтау

- 241 Өзін-к диагностика
- 242 Хабар тарату сигналы параметрін Өзін-к диагностика тармағынан таңдай алмайды.
- 243 Smart Hub бастапқы қалпына келтіріңіз.
- 243 Суретті қалпына келтіру
- 243 Дыбысты бастапқы қалпына қайтару

#### Қолдау алу

- 244 Қашықтықтан басқару арқылы қолдау көрсету
- 244 Қызмет көрсету үшін байланыс дерегін табу
- 244 Қызмет көрсетуді сұрау

## Арнайы мүмкіндіктер нұсқаулығы

#### Мәзір экранын зерттеу

- 245 Қашықтан басқару пультін пайдалану
- 247 Арнайы мүмкіндіктер мәзірін пайдалану
- 252 ТД жүйесін Дауыстық нұсқаулық қосулы тұрғанда пайдалану
- 254 Нұсқаулықты пайдалану
- 258 Қарауды жоспарлау қызметін пайдалану
- 260 Арналар тізімі функциясын пайдалану
- 261 Жазып алу
- 264 Smart Hub қызметін пайдалану
- 267 Пайдаланушы нұсқаулығы іске қосу
- 268 Vixby қызметін пайдалану

# Нұсқаулық

Әр түрлі функцияларды қалай қолдануды үйреніңіз.

## Қосылымдар

ТД жүйесіне антенна сымын жалғау арқылы тікелей таратылатын хабар арналарын көріп, LAN кабелі немесе сымсыз кіру протоколы арқылы желіге кіре аласыз. Түрлі ағытпалардың көмегімен сондай-ақ сыртқы құрылғыларды жалғауға болады.

## Қосу нұсқаулығы


ТД жүйесіне жалғауға болатын сыртқы құрылғылар туралы толық ақпаратты қарап шығуға болады.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Қосылған құрылғылар** > **Қосу нұсқаулығы** [Қазір көру](#)

Бұл бейне ойнатқыш, ойын құрылғылары және дербес компьютер сияқты әр түрлі сыртқы құрылғыларды сурет арқылы қосу жолдарын көрсетеді. Егер жалғау әдісін және сыртқы құрылғыны таңдасаңыз, жалғау туралы егжей-тегжейлі мәлімет көрсетіледі.


- **Аудио құрылғы:** HDMI (eARC/ARC), Оптикалық, USB, Bluetooth, Wi-Fi
- **Бейне құрылғы:** HDMI
- **Смартфон:** Экранды ортақ пайдалану (Smart View), Экранды ортақ пайдалану (Tap View), Samsung DeX, SmartThings, Camera Sharing, Apple AirPlay, NFC on TV
- **ДК:** HDMI, Экранды ортақ пайдалану (Сымсыз), Easy Connection to Screen, Apple AirPlay
- **Енгізу құрылғысы:** Қашықтық басқару пульті, USB-пернетақта, USB-тінтуір, USB ойын тақтасы, USB-камера, Bluetooth құрылғысы
- **Ойын консолі:** HDMI

- **Сыртқы жады: USB флэш-дискісі, Қатты диск жады (HDD)**

 **HDMI ақауларын жою** пайдаланып, HDMI сымының және сыртқы құрылғылардың қосылымын тексере аласыз (шамамен 2 минутқа жуық уақыт қажет).

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосу әдісі мен қол жетімді сыртқы құрылғылар модельге байланысты әр түрлі болады.





 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

## Antenna (Антенна) қосу

ТД жүйесіне антенна сымын жалғауға болады.

- Кабель немесе жерсерік қорапшасы арқылы жалғасаңыз, антенна қосылымы қажет емес.
  - Антенна кабелін жалғау кезінде қатты күш салмаңыз; қатты күш салсаңыз, порт деформацияға ұшырауы мүмкін.
  - Өнімді тасымалдау кезінде порттың зақымдалмауы үшін алдымен антенна кабелін алып тастаңыз.
- ТД жүйесіндегі порт өнім үлгісіне және аймаққа байланысты төмендегі суреттегіден басқаша болуы мүмкін.



Екі жалғастырғышты да Multi-Switch немесе DiSEqC Switch т.б. арқылы қосып, **Антеннаның байланыс түрі** параметрін **Қос** қалпына қоюды ұсынамыз.

- Қосу әдісі үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- DVB-T2 жүйесіне географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Желіге қосылу

Желіге ТД арқылы қосылуға болады.


🏠 > ☰ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️ **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі**  
> **Желі параметрлерін ашу** [Қазір көру](#)

Қолжетімді желіге қосу үшін желі параметрлерін конфигурациялаңыз.

### Желіге сым арқылы қосылу

🏠 > ☰ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️ **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі**  
> **Желі параметрлерін ашу** > **Сымды**

Егер LAN кабелін жалғасаңыз, ТД желіге автоматты түрде кіреді.





- ✎ ТД желіге автоматты түрде қосылмаса, “Ақаулықты түзету” тарауындағы “Желіге сым арқылы қосылу әрекеті сәтсіз аяқталды.” тармағын қараңыз.
- ✎ LAN сымымен қосу үшін CAT 7 (\*STP түрі) сымын пайдаланыңыз. (100/10 мегабит/сек)  
\* Shielded Twisted Pair
- ✎ Егер желінің жылдамдығы 10 мегабит/сек шамасынан төмен болса, ТД жүйесін желіге қосу мүмкін емес.
- ✎ Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ✎ Кейбір үлгілер сымды желілерге қолдау көрсетпейді.




## Желіге сымсыз қосылу

🏠 > ☰ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️ **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі**  
> **Желі параметрлерін ашу** > **Сымсыз**




Қосылу әрекетін бастамай тұрып, өзіңізде сымсыз кіру протоколының атауы (SSID) және қауіпсіздік кілті параметрлерінің бар екенін тексеріңіз. Желінің атауы (SSID) мен қауіпсіздік кілтін сымсыз кіру протоколын конфигурациялау экранынан көруге болады. Қосымша ақпаратты сымсыз кіру протоколының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.







- ✎ ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.
- ✎ Егер ешбір сымсыз кіру протоколы табылмаса, тізімнің соңындағы **Желіні қосу** тармағын таңдаңыз да, желінің атауын (SSID) енгізіңіз.
- ✎ Егер сымсыз кіру нүктесінде WPS немесе PBC түймесі бар болса, тізімнің төменгі жағындағы **WPS параметрін пайдалану** түймесін таңдап, содан кейін кіру нүктесінен 2 минут ішінде WPS немесе PBC түймесін басыңыз. ТД автоматты түрде жалғанады.
- ✎ Бұрыннан қосылып тұрған желі атауларын (SSIDs) қарау немесе жою үшін кезелімді **Сақталған желілерді басқару** тармағына апарып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.
- ✎ Wi-Fi желісін ажырату үшін **Ажырату** параметрін  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Желі күйі** тармағынан таңдаңыз. [Қазір көру](#)

## Желі қосылымының күйін тексеру

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Желі күйі** [Қазір көру](#)

Ағымдық желі күйін қарап шығу

## Желіні қалпына келтіру


 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Желіні қалпына келтіру** [Қазір көру](#)

Желі параметрлерінің зауыттық мәндерін қалпына келтіріңіз.

## ТД жүйесін мобильдік құрылғы көмегімен іске қосу




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Маман параметрлері** > **Мобильді құрылғымен қуатты қосу** [Қазір көру](#)

ТД жүйесі қосылып тұрған желіге қосылған мобильді құрылғыны пайдаланып ТД жүйесін қосуға болады.

 Бұл функция SmartThings қолданбасы немесе Apple AirPlay функциясы арқылы ТД жүйесіне қосылған мобильді құрылғыда жұмыс істейді.


Apple AirPlay функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД құрылғысына IP басқару құралын жалғау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Маман параметрлері** > **IP қашықтан басқару пульті** [Қазір көру](#)

IP құралын басқару үшін ТД жүйесіне IP басқару құралын қашықтан қосуға болады.

 Бұл функцияны пайдалану үшін **Мобильді құрылғымен қуатты қосу** қосулы тұруы керек.

 Бұл функцияны қосқанда, басқа IP басқару құралдары ТД теледидарын басқара алуы мүмкін. Рұқсат етілген үшінші тараптың басқару құралы орнатылса және ол Samsung ТД теледидары үшін арнайы конфигурацияланса және Wi-Fi желіңіз құпиясөзбен қорғалса ғана осы функцияны пайдалануды ұсынамыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сымсыз желіге жалғауға мүмкіндік беру

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Желі** > **Маман параметрлері** > **Wi-Fi** [Қазір көру](#)

Wi-Fi құрылғысына жалғауді іске қоса аласыз.

 Сымсыз желіге жалғау үшін бұл функция белсенді болуға тиіс.

## ТД атауын өзгерту

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Құрылғы атауы** [Қазір көру](#)

Желідегі ТД атауын өзгертуге болады. Тізімнің соңынан **Пай-ушы енг.** параметрін таңдап, атауды өзгертіңіз.

## TV теледидарындағы мобильдік құрылғы экранын көрсету




Мобильді құралыңыздың экранын Smart View, Apple AirPlay немесе Tap View арқылы TD экранынан көре аласыз.


Ұялы құрылғымен (Smart View/Apple AirPlay/Tap View) экранды ортақ пайдалануды бастаған кезде, TD теледидарының экраны Multi View немесе ұялы құрылғы экранына ауысады. Multi View экраны көмегімен бір уақытта бірнеше контентті қараңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




 Қосымша ақпаратты "[Multi View қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

### Экранды ортақ пайдалану (Smart View) қызметін пайдалану





Мобильді құрылғымен экранды бөлісу жолы туралы ақпаратты  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Қосылған құрылғылар](#) > [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Экранды ортақ пайдалану \(Smart View\)](#) тармағын өтіп, қараңыз. [Қазір көру](#)

- Экранды ортақ пайдалану (Smart View) функциясын өшіру үшін мобильді құрылғыны ажыратыңыз немесе қашықтан басқару пультіңдегі  түймесін басыңыз.
- Мобильдік құрылғыңыздағы Smart View мәзірін пайдаланып, қатынас тәрізді параметрлерді реттей аласыз.

### Apple AirPlay қызметін пайдалану

Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Толығырақ ақпаратты  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Қосылған құрылғылар](#) > [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Apple AirPlay](#) тармағына өтіп, қараңыз. [Қазір көру](#)

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 [Apple AirPlay](#) қызметін пайдалану үшін  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Қосылым](#) > [Apple AirPlay параметрлері](#) қосылып тұрғанын тексеріңіз.

## Экранды ортақ пайдалану (Tap View) қызметін пайдалану


ТД құрылғысында ұялы құрылғыны түртіп, **Multi View** немесе ұялы құрылғы экранын ТД экранынан қарай аласыз. Ұялы құрылғыда музыкалық қолданбаны іске қосу кезінде ТД теледидарындағы ұялы құрылғыны түрткенде, ТД теледидарының экраны **Музыка қабырғасы** экранына ауысады.

1. Мобильді құрылғыда **Tap View, Tap Sound** бағдарламасын іске қосыңыз.

 Конфигурация туралы қосымша ақпаратты “Tap View қосу” тақырыбынан қараңыз.

2. Мобильді құрылғыдағы экранды іске қосыңыз.


3. ТД құрылғысындағы ұялы құрылғыны түртіңіз. ТД экраны **Multi View, Музыка қабырғасы** немесе ұялы құрылғының экранына ауысады.

 Tap View пәрменін **Ambient** режимінде немесе **Графикалық сурет** режимінде (тек The Frame үлгілерінде) орындаған кезде, ТД құрылғысында тек мобильді құрылғының экраны көрінеді.


4. **Multi View, Музыка қабырғасы** экранын немесе ТД экранындағы ұялы құрылғы экранынан қараңыз.


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Бұл функция Android 8.1 не одан жоғары жүйесі бар Samsung мобильді құрылғыларында бар.

 **Музыка қабырғасы** экраны — бұл музыка жанры мен битіне байланысты өзгертін көзге көрінетін бейне әсерлерімен бірге музыканы тыңдауға мүмкіндік беретін функция.

 Көрсетілген ТД экраны үлгі түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін.

 Бұл функция ТД жүйесінде ұялы құрылғыны түрткен кезде шығарылатын дірілдерді анықтау арқылы экран/Sound Mirroring функциясын іске қосады.

 ТД экранынан және жақтау бұрыштарынан алшақ түртіңіз. ТД немесе мобильдік құрылғының экранына сызат түсуі немесе сынуы мүмкін.

 Ұялы құрылғыны мұқабасына салып, оны ТД жүйесінің сыртқы шетіне сәл тигізуді ұсынамыз.

## Tap View функциясын қосу

**Tap View** функциясын SmartThings қолданбасынан іске қосыңыз.

 SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай, ТД жүйесін мобильдік құрылғыда тіркеу керек болуы мүмкін.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




1. Мобильді құрылғыдағы SmartThings қолданбасын іске қосыңыз.
2. Мобильдік құрылғыдан SmartThings қолданбасындағы (≡ > ⚙) Параметрлер тармағын таңдаңыз.
3. **Tap View, Tap Sound** функциясын қосыңыз.

 Бірінші рет жалғағаннан кейін ТД жүйесінің қалқымалы терезесінен **Рұқсат** пәрменін таңдаңыз.

## Кабельдерді сыртқы құрылғыларға қосу

ТД жүйесіне жалғауға болатын сыртқы құрылғыларға арналған қосылым кабельдері туралы толық ақпаратты қарауға болады.

Кабель атауы	Сурет	Сипаттама
HDMI - HDMI		Әр кабель сыртқы құрылғыдан келетін сандық бейне және аудио сигналдарды ТД құрылғысының HDMI портына қатар тасымалдайды. Кабельдер сыртқы құрылғылардың кіріс/шығыс порттарының түрлеріне қарай әр түрге бөлінеді.
HDMI - MINI HDMI		
HDMI - Микро HDMI		
HDMI - USB C түрі		
HDMI - DisplayPort		
Шағын DisplayPort - HDMI		

Кабель атауы	Сурет	Сипаттама
DVI - HDMI		DVI-HDMI кабельдері аудио сигналдарды емес, тек сандық бейне сигналдарды ғана тасымалдай алады. Біз HDMI - HDMI кабельдерін пайдалануды ұсынамыз.
Оптикалық		<p>Оптикалық кабельдер сыртқы дыбыстауыш құрылғыларға сигналды барынша толық жеткізеді.</p> <p>Оптикалық кабельдер бейне сигналдарды тасымалдай алмайды.</p>
Компонент		<p>Компонент кабельдері аналогты сигналдарды тасымалдайды.</p> <p>Бейне сигнал HD (1080i) суреттерін беру үшін қызыл, жасыл және көк терминалдарға жеке жіберіледі. Аудио сигнал қызыл және ақ терминалдарға жіберіледі.</p>
Құралас		<p>Құралас кабельдер аналогты сигналдарды тасымалдайды.</p> <p>Бейне сигнал сары терминалға және аудио сигнал қызыл және ақ терминалдарға жіберіледі.</p>

 Қосылым сымдары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.



## ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру

ТД бағдарламалары мен сыртқы құрылғылардың мазмұнын кезек ауыстыруға болады.

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > 📶 Қосылған құрылғылар


Жалғаулы тұрған сыртқы құрылғыны **Көздер** экранынан таңдаған кезде, таңдалған құрылғыдан шығатын деректер ТД экранында көрсетіледі.

- ✎ Әдеттегі қашықтан басқару пультіндегі SOURCE түймесін басыңыз.
- ✎ Әмбебап қашықтан басқару пульті қолданылатын құрылғыны (Blu-ray ойнатқыш, ойын қосымшасы, т.с.с.) ТД жүйесінің қашықтан басқару пультімен басқару үшін құрылғыны ТД жүйесіндегі HDMI ұясына жалғаңыз, содан кейін құрылғыны іске қосыңыз. ТД жүйесінде көрсетілген шығыс деректері автоматты түрде құрылғының шығыс деректеріне ауысады немесе құралды басқаратын әмбебап қашықтан басқару құралын автоматты түрде конфигурациялауға болады. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану" тарауынан қараңыз.
- ✎ USB құралы USB портына қосылғанда, құрылғыдағы медиа мазмұн тізіміне оңай ауысуға мүмкіндік беретін қалқыма хабар пайда болады.
- ✎ Құрылғыға және географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Сыртқы құрылғының атауын мен белгішесін өзгерту

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > 📶 Қосылған құрылғылар

Жалғанған сыртқы құрылғының ұяшық атауын өзгертуге немесе оны Бірінші экран қатарына қосуға болады.



- ✎ ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.
1. Кезелімді қосылған сыртқы құрылғыға жылжытыңыз.
  2. Төмен меңзер түймесін басыңыз. Мына функцияларға қолжетімді болады.
    - ✎ Қолжетімді функциялар порттың түріне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

## 1 Өңдеу

Сигнал порттарының атауын өзгертуге және құрылғының белгішелерін өзгертуге болады.

## 2 Ақпарат

Сыртқы құрылғы қатысты толық ақпаратты көруге болады.

## 3 Басты экранына қосу

Сыртқы құрылғыны жылдам ауыстырып-қосу үшін оның ұяшығын Бірінші экран экранына қосуға болады.

## Қосымша функцияларды пайдалану

**SmartThings** функциясын пайдалануға болады.

- **SmartThings**

Бұл функция ТД жүйесіне өзі тұрған жердегі тұрғаны анықталған әртүрлі құрылғыларды қосуға және басқаруға мүмкіндік береді.

 **SmartThings** туралы қосымша ақпаратты "[SmartThings қызметін пайдалану](#)" тармағынан қараңыз.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Мына функцияларды **Көздер** экранында пайдалануға болады.

- **Камераны пайдаланып көру**

Камераны қосу үшін USB камерасын қосыңыз немесе мобильді құрылғыда SmartThings қолданбасын пайдаланыңыз.

Бейнеқоңырау, үйден жаттығу және басқа жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін камераны қосыңыз.

 Қосылу жолына қатысты мәліметтерді **Camera Sharing** (🏠) > ☰ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️ **Қосылған құрылғылар** > **Қосу нұсқаулығы** > **Смартфон** > **Camera Sharing**) тармағына өтіп, қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қосу нұсқаулығы**


Құрылғыны жалғау туралы нұсқауларды көрсетеді.

 Қосымша ақпаратты "[Қосу нұсқаулығы](#)" тарауынан қараңыз.

- **Әмб-п қашықтан б/қ орнату**



Бұл сыртқы құрылғыларды Samsung құрылғысына тіркеуге және оларды қашықтан басқару пультімен басқаруға мүмкіндік береді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


 Қосымша ақпаратты "[Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## Жалғау бойынша ескертпелер

### Сыртқы құрылғыны қосқанда мынаны ескеріңіз.

-  Ұяшықтардың сандары және олардың атаулары мен орналасқан жерлері үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
-  Сыртқы құрылғыны ТД жүйесіне қосу үшін оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Сыртқы құрылғы ұяшықтарының сандары, атаулары мен орналасқан жерлері өндірушіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

### HDMI қосылымына қатысты ескерту

- Келесі HDMI сымдарын пайдалануды ұсынамыз:
  - High Speed HDMI Cable
  - High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Premium High Speed HDMI Cable
  - Premium High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Ultra High Speed HDMI Cable
- Жуандығы 17 мм немесе аз HDMI сымын пайдаланыңыз.
- Сертификатталмаған HDMI сымын пайдаланған кезде экран ағарып тұруы немесе қосылым ақауы пайда болуы мүмкін.
- HDMI параметрлерінің өзгешелігіне байланысты кейбір HDMI сымдары мен құралдары ТД жүйесімен үйлеспейді мүмкін.
- Бұл ТД HDMI Ethernet арнасына қолдау көрсетпейді. Ethernet - IEEE тарапынан стандартталған коаксиалды кабельдер арқылы құрылатын жергілікті аймақтық желі (LAN ).
- Ең жақсы UHD қарау сапасына қол жеткізу үшін 3 метрден қысқарақ кабельді пайдаланыңыз.
- Көптеген компьютерлік графикалық адаптерлерде HDMI порттары жоқ, бірақ оның орнына DVI немесе DisplayPort порттары бар. Егер дербес компьютеріңіз HDMI бейне шығыс портына қолдау көрсетпесе, дербес компьютеріңізді DVI -HDMI немесе HDMI-DisplayPort кабелімен қосыңыз.
- ТД DVD/BD ойнатқышы немесе қорапшаға HDMI арқылы қосылған кезде қарқынды синхрондау режимі автоматты түрде қосылады. Осы қарқынды синхрондау режимінде ТД сыртқы құрылғыларды анықтап, оларға HDMI арқылы қосылуын жалғастырады. Бұл функцияны қосылған құрылғының HDMI кабелін ағытып сөндіруге болады.
  -  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Аудио құрылғыларды қосуға қатысты ескерту

- ТД аудио сапасын жақсарту үшін дыбыс құрылғысын немесе аудио-бейне қабылдағышын ТД жүйесіне қосыңыз.



- Егер оптикалық сымның көмегімен сыртқы аудио құрылғыны жалғасаңыз, **Дыбыс шығысы** параметрі жалғанған құрылғыға автоматты түрде ауысады. Дегенмен, мұны орындау үшін сыртқы аудио құрылғыны оптикалық сымды жалғамай тұрып іске қосу керек. **Дыбыс шығысы** параметрін қолдан өзгерту үшін төмендегінің бірін орындаңыз:


 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жылдам баптаулар** экранын жалғанған құрылғыға ауыстыру үшін пайдаланыңыз:

Таңдау түймесімен **Қабылдағыш (Оптикалық)** параметрін **Дыбыс шығысы** мәзірінен таңдаңыз. (дыбыс шығысы режимдері арасында ауысу үшін  > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Дыбыс шығысы** > Таңдау түймесі). [Қазір көру](#)

- **Параметрлер** экранын жалғанған құрылғыға ауыстыру үшін пайдаланыңыз:

**Қабылдағыш (Оптикалық)** параметрін **Дыбыс шығысы** мәзірінен таңдаңыз. ( > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы**). [Қазір көру](#)





 Дыбыс құрылғысын ТД жүйесіне жалғаған кезде оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

- Жалғанған аудио құрылғыны пайдалану кезінде одан әдеттен тыс шуыл шықса, онда бұл аудио құрылғының өзінің ақаулы екенін білдіруі мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, аудио құрылғыны өндірушіден көмек сұраңыз.
- Сандық аудио 5.1-арна таратылымында ғана жұмыс істейді.



## Компьютерлерді қосуға қатысты ескерту

- ТД тарапынан қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар туралы ақпаратты "Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)" тарауынан қараңыз.
- Компьютер мен ТД жүйесін сымсыз қосу үшін бұлар өзара бір желі арқылы қосылып тұруы керек.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.

## Ұялы құралдарды қосуға қатысты ескерту

- Smart View функциясын пайдалану үшін мобильдік құрылғы Экранның айналық көшірмесі немесе Smart View тәрізді экранды бейнелеу функциясына қолдау көрсетуі керек. Мобильді құрылғыңыздың экранды бейнелеу функциясын қолданатын-қолданбайтынын тексеру үшін мобильді құрылғыны пайдаланушы нұқсқаулығын қараңыз.
- Экранды ортақ пайдалану (Smart View) функциясы 2,4 ГГц ортада бірқалыпты жұмыс істемеуі мүмкін. Жақсырақ нәтижеге қол жеткізу үшін 5,0 ГГц қолдануды ұсынамыз. Үлгі түріне байланысты 5 ГГц қолжетімді болмауы мүмкін.
- Wi-Fi Direct функциясын пайдалану үшін ұялы құрылғыда Wi-Fi Direct функциясы қолданылатын болуы керек. Мобильді құрылғыңыздың Wi-Fi Direct қолданатын-қолданбайтынын тексеру үшін мобильді құралдың пайдаланушы нұқсқаулығын қараңыз.
- Мобильдік құрылғы мен Smart TD жүйесі бір желі арқылы бір біріне жалғанған болуы тиіс.
- Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Толығырақ ақпаратты  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Қосылған құрылғылар](#) > [Қосу нұсқаулығы](#) > [Смартфон](#) > [Apple AirPlay](#) тармағына өтіп, қараңыз. [Қазір көру](#)
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Желі жағдайларының қандай болуына қарай, бейне немесе дыбыс файлдары үзік-үзік тоқтауы мүмкін.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.

## Кітаптық режим бойынша қосылым ескертпелері

- Автоматты бұрылу керек-жарағы адаптерін (бөлек сатылады) TD құрылғысына қосқан жағдайда, TD құрылғысын Портрет режимі режимінде пайдалануға болады.
- Портрет режимі режимінде HDMI арқылы TD құрылғысына қосылған компьютерді немесе консольді пайдалану үшін құрылғы параметрін өзгерту қажет. Компьютерден немесе консольден экранды Портрет режимі режиміне ауыстырыңыз.
-  Windows 10 немесе одан кейінгі нұсқасын пайдаланатын компьютер немесе Портрет режимі режиміне қолдау көрсететін консоль қосылған кезде, Портрет режимі режиміне қолдау көрсетіледі.
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.












## Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар








ТД жұмысын Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралымен басқара аласыз. Пайдалануды оңайлату үшін пернетақта сияқты сыртқы құрылғыларды жұптастырыңыз.





### Samsung Smart қашықтан басқару пульті (QLED TV/The Frame/The Serif/S8\*D/S9\*D/DU9/DU8 сериясы/DU77\*\* үлгісі) туралы

Samsung Smart қашықтан басқару пульті түймелері туралы үйреніңіз.



Түймешік	Сипаттама
 (Қосу)	<p>ТД жүйесін қосу және сөндіру үшін басыңыз.</p> <p>The Frame үлгісінде ТД қарап отырғанда <b>Графикалық сурет</b> режиміне ауысу үшін басыңыз. <b>Графикалық сурет</b> режимінде <b>Басты</b> экранына ауысу үшін басыңыз. ТД құрылғысын толық өшіру үшін басып тұрыңыз.</p>
 1 Микрофон/жарықдиод	<p>Қашықтан басқару пультімен дауысты тану функциясын пайдаланған кезде микрофон ретінде пайдаланылады. Қашықтан басқару пульті USB порты арқылы зарядтаған кезде зарядталып жатса жарықдиод жанады. Зарядтау аяқталғаннан кейін жарықдиод сөнеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Микрофон саңылауын соқпаңыз немесе саңылауды үшкір затпен теспейіз.</li> </ul>
 (Дауыстық көмекші)	<p>Дауыстық көмекші функциясын орындайды. Дауыстық көмекші функциясын іске қосу үшін түймені басып, дауысыңызбен нұсқау беріңіз де, содан кейін түймені босатыңыз.</p> <p> Дауыстық көмекші қолдау көрсететін тілдер мен функциялар географиялық аймаққа байланысты әр түрлі болуы мүмкін.</p>
 (Параметрлер / Саны / Түрлі-түсті түймешік)	<p>Параметрлер мәзірі / виртуалды сандық тақта / Түсті түймелер / Опциялар тақтасы / SmartThings қолданбасына тікелей қол жеткізуге болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Осы түйме арқылы SmartThings қолданбасына қол жеткізу модельге байланысты қолданылмауы мүмкін.</li> <li>• Осы түймені қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.</li> <li>• Виртуалды сандар тақтасын экранға шығару үшін басыңыз. Сандарды енгізу үшін сандар пернетақтасын қолданыңыз. Сандарды таңдап, санды енгізу үшін <b>Дайын</b> немесе <b>Нөмірді енгізіңіз</b> параметрін таңдаңыз. Арнаны ауыстыру, PIN, ZIP кодын және т.с.с. енгізу үшін пайдаланыңыз.</li> </ul> <p> 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Пернелер тіркесімі</b> мәзірінің экраны пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</li> </ul> <p> Егер экранда бірнеше жолағы бар Түс түймесі пайда болса, Түс түймесі таңдап, содан кейін меңзер түйменің (жоғары/төмен/солға/оңға) көмегімен белгілі бір түсті таңдаңыз.</p>
 2 Меңзер түйме (жоғары/төмен/солға/оңға)	<p>Кезелімді жылжытады.</p>
 3 Таңдау	<p>Меңзер қойылған элементті таңдайды немесе іске қосады. Бағдарлама көріп отырған кезде басылса, бағдарламаға қатысты толық ақпарат көрсетіледі.</p>
 (Қайту)	<p>Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басылғанда, жұмыс істеп тұрған функция ажыратылады. Бағдарламаны көріп отырып басқанда, алдыңғы арна пайда болады.</p>
 (Smart Hub)	<p>Бірінші экран экранына ауысу үшін басыңыз.</p>

Түймешік	Сипаттама
 (Ойнату/кідірту)	<p>Басқан кезде, ойнатуды басқаратын құралдар пайда болады. Осы басқару құралдарымен ойнап тұрған мазмұнды басқаруға болады.</p> <p>Бағдарлама көріп отырып жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін түймені басыңыз.</p> <p>Ойын тақтасы пайдалану үшін <b>Ойын режимі</b> режимінде түймені басып тұру керек.</p> <p> Ойын тақтасы функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>
+ / - (Дыб дең)	<p>Дыбысты реттеу үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Дыбысты үнсіз режимге қою үшін түймені басыңыз. 2 секунд немесе бұдан астам басқанда, <b>Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары</b> пайда болады.</p> <p> үлгіге байланысты  болмауы мүмкін.</p>
^ / v (Арна)	<p>Арнаны өзгерту үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. <b>Нұсқау</b> экранын қарау үшін түймені басыңыз. 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Арналар тізімі</b> экраны пайда болады.</p> <p>Арнаны жылдам ауыстыру үшін түймені жылдам жоғары не төмен басыңыз.</p>
 <b>4</b> Бастау қолданбасының түймесі	<p>Түйме арқылы көрсетілген қолданбаны іске қосыңыз.</p> <p> Географиялық аймаққа немесе мазмұн провайдеріне байланысты қолжетімді қолданбалар әртүрлі болуы мүмкін.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>









-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын ТД жүйесінен 6 метрден азырақ жерден пайдаланыңыз. Пайдалану қашықтығы сымсыз байланыс жағдайларына қарай әр түрлі болуы мүмкін.
-  Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсетпейтін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғы үшін әмбебап қашықтан басқару пультіні конфигурациялау қажет. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсететін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғыны ТД жүйесінің HDMI портына HDMI сымымен жалғаңыз. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.













## Қашықтық. басқару пульті (DU6/DU7/BED сериясы)(DU77\*\* үлгісінен басқа) туралы

Қашықтық. басқару пульті түймелері туралы үйреніңіз.





Түймешік	Сипаттама
 (Қосу)	ТД жүйесін қосу және сөндіру үшін басыңыз.
 (Параметрлер / Саны / Опциялар түймешігі)	<p>Параметрлер мәзірі / виртуалды сандық тақта / Опциялар тақтасы / SmartThings қолданбасына тікелей қол жеткізуге болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Осы түйме арқылы SmartThings қолданбасына қол жеткізу модельге байланысты қолданылмауы мүмкін.</li> <li>Виртуалды сандар тақтасын экранға шығару үшін басыңыз. Сандарды енгізу үшін сандар пернетақтасын қолданыңыз. Сандарды таңдап, санды енгізу үшін <b>Дайын</b> немесе <b>Нөмірді енгізіңіз</b> параметрін таңдаңыз. Арнаны ауыстыру, PIN, ZIP кодын және т.с.с. енгізу үшін пайдаланыңыз.</li> </ul> <p> 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Пернелер тіркесімі</b> мәзірінің экраны пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</li> </ul>
 (Түс түймесі)	Басқан кезде экранда түрлі түсті түймелер пайда болады. Осы түймені қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.
 1 Меңзер түйме (жоғары/төмен/солға/оңға)	Кезелімді жылжытады.
 2 Таңдау	Меңзер қойылған элементті таңдайды немесе іске қосады. Бағдарлама көріп отырған кезде басылса, бағдарламаға қатысты толық ақпарат көрсетіледі.
 (Қайту)	Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басылғанда, жұмыс істеп тұрған функция ажыратылады. Бағдарламаны көріп отырып басқанда, алдыңғы арна пайда болады.
 (Smart Hub)	Бірінші экран экранына ауысу үшін басыңыз.

Түймешік	Сипаттама
 (Ойнату/кідірту)	<p>Басқан кезде, ойнатуды басқаратын құралдар пайда болады. Осы басқару құралдарымен ойнап тұрған мазмұнды басқаруға болады.</p> <p>Бағдарлама көріп отырып жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін түймені басыңыз.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>
+ / - (Дыб дең)	<p>Дыбысты реттеу үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Дыбысты үнсіз режимге қою үшін түймені басыңыз. 2 секунд немесе бұдан астам басқанда, <b>Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары</b> пайда болады.</p> <p>  үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты көрсетілмеуі мүмкін.</p>
^ / v (Арна)	<p>Арнаны өзгерту үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. <b>Нұсқау.</b> экранын қарау үшін түймені басыңыз. 1 секунд не одан ұзағырақ басылған кезде, <b>Арналар тізімі</b> экраны пайда болады.</p> <p>Арнаны жылдам ауыстыру үшін түймені жылдам жоғары не төмен басыңыз.</p>
 <b>Бастау</b> қолданбасының түймесі	<p>Түйме арқылы көрсетілген қолданбаны іске қосыңыз.</p> <p> Географиялық аймаққа немесе мазмұн провайдеріне байланысты қолжетімді қолданбалар әртүрлі болуы мүмкін.</p> <p> Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.</p>


-  Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Қашықтық. басқару пульті суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
-  Қашықтық. басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсетпейтін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғы үшін әмбебап қашықтан басқару пультіні конфигурациялау қажет. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Қашықтық. басқару пульті құралын HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсететін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару үшін пайдаланғыңыз келсе, құрылғыны ТД жүйесінің HDMI портына HDMI сымымен жалғаңыз. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.

## Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын ТД жүйесіне қосу

ТД жүйесін басқару үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысын ТД жүйесіне жалғаңыз.

ТД жүйесін алғаш рет қосқан кезде Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралы ТД жүйесімен автоматты түрде жұптасады. Егер Samsung Smart қашықтан басқару пульті ТД жүйесімен автоматты түрде жұптаспаса, оны ТД жүйесінің алдыңғы жағына бағыттаңыз да,  және  түймелерін бір мезгілде қатар 3 секунд немесе одан көбірек басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.







## Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану

ТД жүйесін және оған қосылған сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқарыңыз.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Қосылған құрылғылар** > **Әмб-п қашықтан б/қ орнату**

ТД жүйесіне жалғанған барлық сыртқы құрылғыларды бір Samsung қашықтан басқару пультімен басқаруға болады. Сыртқы құрылғыларды тіркеу үшін **Әмб-п қашықтан б/қ орнату** мәзірін іске қосыңыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Сонымен қатар, сыртқы Samsung құрылғыларын қосымша параметрлер орнатпай-ақ ТД жүйесінің қашықтан басқару пультімен басқару үшін **Anynet+ (HDMI-CEC)** функциясын пайдалануға болады. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  ТД жүйесіне жалғанған кейбір сыртқы құрылғылар әмбебап қашықтан басқару функциясын қолдамауы мүмкін.
-  Сыртқы құрылғы мен ТД логотипінің алдыңғы жағына ешбір нәрсе қоймаңыз. Бұл қашықтан басқару пультінен сигналдардың қате берілуіне себеп болуы мүмкін.
-  Әмбебап қашықтан басқ. жиынтығы көмегімен сыртқы құрылғыларды басқару барысында қиындық туындаса, сыртқы құрылғыларды басқаша реттеп орналастырыңыз.
-  Бұл функция сыртқы құрылғылардың функциялары мен ТД жүйесінің орнатылған жеріне байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

## Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультін пайдалану әдісін үйреніп алыңыз

Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультін пайдалану әдісін үйреніп алуға болады.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Қашықтан басқару нұсқаулығы**


Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультін пайдалану әдісі туралы мәліметтерді тауып алыңыз.

Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінің түрлі функцияларын пайдалану үшін мәзірді басыңыз.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



## Ойын контроллерін пайдалануды үйрену

Ойын контроллерін пайдалануды үйренуге болады.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Ойынды басқару құралы нұсқаулығы**

Ойын контроллерін пайдалану туралы мәліметтерді табыңыз.

Әрбір «Ойын контроллері» түймесінің функциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін мәзірді басыңыз.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Түймелердің орналасулары әр контроллерлер әртүрлі болуы мүмкін.

## Анynet+ (HDMI-CEC) қызметін пайдалану

Анynet+ (HDMI-CEC) арқылы жалғанған сыртқы құрылғыны қашықтан басқару пульті арқылы басқарыңыз.


ТД жүйесінің қашықтан басқару пульті ТД жүйесіне HDMI кабелі арқылы жалғанған және Анynet+ (HDMI-CEC) қолданылатын сыртқы құрылғыларды басқару үшін пайдалануға болады. Қашықтан басқару пультінің көмегімен тек Анynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын ғана орнатып, пайдалана аласыз.

### Сыртқы құрылғыны Анynet+ арқылы қосу және оның мәзірін пайдалану









 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Анynet+ (HDMI-CEC)** Қазір көру

1. **Анynet+ (HDMI-CEC)** параметрін **Қосу** қалпына қойыңыз.
2. ТД жүйесіне HDMI-CEC-үйлесімді құрылғыны жалғаңыз.
3. Жалғанған сыртқы құрылғыны қосыңыз.

Құрылғы ТД жүйесіне автоматты түрде жалғанады. Жалғау үрдісі аяқталғаннан кейін, ТД жүйесінің қашықтан басқару құралының көмегімен қосылған құрылғының мәзіріне кіріп, құрылғыны басқара аласыз.




 Жалғау толық аяқталуы үшін 2 минутқа жуық уақыт қажет.

### Анynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын жалғардан бұрын оқып шығу

-  Анynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосылған құрылғылар ТД жүйесіне HDMI кабелі арқылы жалғануы керек. Кейбір HDMI сымдары Анynet+ (HDMI-CEC) функциясына қолдау көрсетпеуі мүмкін.
-  ТД жүйесінің әмбебап қашықтан басқару пульті үшінші тараптың HDMI-CEC режимі қолданылмайтын кабель қорапшасын, Blu-ray ойнатқыштарын және үй театрларын басқару үшін бейімдеуге болады. Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғыларды Samsung қашықтан басқару құралымен басқару - Әмб-п қашықтан б/қ орнату пайдалану" тарауынан қараңыз.
-  Анynet+ функциясын HDMI-CEC режиміне қолдау көрсетпейтін сыртқы құрылғыларды басқару үшін қолдануға болмайды.
-  ТД жүйесінің қашықтан басқару пульті кейбір жағдайларда жұмыс істемеуі мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, құрылғыны қайта Анynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосулы құрылғы ретінде баптау керек.
-  Анynet+ (HDMI-CEC) функциясы тек HDMI-CEC режимін қолданатын сыртқы құрылғылар күту режимінде немесе тоққа қосулы тұрса ғана жұмыс істейді.
-  Анynet+ (HDMI-CEC) функциясы үй кинотеатрларынан басқа сыйысымды 12 сыртқы құрылғыны (бірдей 3 құрылғыны) басқара алады. Анynet+ (HDMI-CEC) тек бір үй кинотеатры жүйесін ғана басқара алады.
-  Сыртқы құрылғыдан 5.1-арналы аудиожазбаларды тыңдау үшін құрылғыны ТД жүйесіне HDMI кабелі арқылы жалғаңыз да, 5.1 үй кинотеатр жүйесін құрылғының сандық аудио шығыс ағытпасына тікелей жалғаңыз.
-  Егер сыртқы құрылғы Анynet+ және әмбебап қашықтан басқару пультінің екеуіне бірдей бапталған болса, құрылғыны тек әмбебап қашықтан басқару пультімен ғана басқаруға болады.

## ТД жүйесін пернетақта, тінтуір немесе геймпадпен басқару







ТД жүйесін басқаруды жеңілдету үшін пернетақтаны, тінтуірді немесе геймпадты қосу.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Енгізу құрылғысының менеджері** [Қазір көру](#) [Қазір көру](#)

ТД жүйесін басқаруды жеңілдету үшін пернетақтаны, тінтуірді немесе геймпадты жалғауға болады.






### USB пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

Пернетақта, тінтуір немесе геймпад кабелін USB портына қосыңыз.



-  Тінтуірді қоссаңыз ол **Internet** қолданбасы мен **Workspace** функциясында ғана жұмыс істейді.
-  XInput USB геймпаттарына қолдау көрсетіледі.
-  Толығырақ ақпаратты **Қосу нұсқаулығы** бөліміндегі **Енгізу құрылғысы** тармағына өтіп, қараңыз ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Қосылған құрылғылар** > **Қосу нұсқаулығы** > **Енгізу құрылғысы**).

### Bluetooth пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Bluetooth құрылғылары** [Қазір көру](#)

-  Егер құрылғы анықталмаса, пернетақтаны ТД жүйесіне жақын қойыңыз да, **Жаңарту** параметрін таңдаңыз. ТД қолжетімді құрылғыларды қайта іздейді.
-  Тінтуірді қоссаңыз, ол **Internet** қолданбасында және **Workspace** бетінде қолжетімді болады.
-  Қосылым әдісіне қарамастан (мысалы USB немесе Bluetooth) ең көбі төрт геймпадты қосуға болады.
  - Екі BT аудио құрылғыларын пайдаланған жағдайда, USB геймпадтарын пайдалану тиімдірек.
  - Бір BT аудио құрылғысын пайдаланған жағдайда, екі BT геймпадына дейін қосуға болады.
-  Қосымша ақпаратты Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Пенетақтаны және тінтуірді жалғау

Түймешік	Сипаттама
Бағыт пернелері	Кезелімді жылжытады
Кіру пернесі	Меңзердегі элементті таңдайды немесе іске қосады
ESC пернесі	Алдыңғы экранға оралуға арналған
Сандық түймешіктер	Сандарды енгізу
F1 пернесі	ТД құрылғысын қосуға немесе сөндіруге арналған
F2 пернесі	<p>Параметрлер мәзірін / сандық пернетақтаны / Опциялар тақтасын / SmartThings қолданбасын көрсетеді</p> <p>Осы түймені басқан сайын Параметрлер мәзірі / виртуалды сандық тақта / Опциялар тақтасы / SmartThings қолданбасы кезекпен көрсетіледі.</p>
F3 пернесі	Ойнатады/кідіртеді
F4 пернесі	<b>Параметрлер</b> экранын көрсетеді
F5 пернесі	Бірінші экран көрсетеді
F6 пернесі	Көздер экранын көрсетеді
F7 пернесі	<b>Арналар тізімі</b> көрсетеді
F8 пернесі	Үнсіз режимге қояды
F9 / F10 пернесі	Дыбысты реттейді
F11 / F12 пернесі	Арнаны ауыстырады
Бетті жоғары / төмен жылжыту	<b>Internet</b> қолданбасында көрсетілген веб-бетті шарлайды.
Сол жақ пернемен шерту	<p>Элементті таңдап, іске қосады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li> <b>Internet</b> қолданбасында және <b>Workspace</b> бетінде қолжетімді.</li> <li> Дербес компьютердегідей мәзірді немесе сілтемені шертіп, функцияны бастауға болады.</li> </ul>

 Перненің жұмысы кей қолданбаларға немесе пернетақтаға байланысты басқаша болуы мүмкін.









## Геймпадты пайдалану

Қолдау көрсетілетін геймпадарды тексеріңіз. [Қазір көру](#)




 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Өндіруші	Контроллерлер	Қосылым	Икемді кері байланыс
Microsoft	Xbox Series X/S controller	BT	0
	Xbox One S controller	BT	0
		USB	0
	Xbox 360 controller	USB	0
	Xbox Elite Wireless Controller Series 2	BT	0
	Xbox Adaptive controller	BT	-
USB		-	
Sony	Dualsense Edge	BT	0
		USB	0
	Dualsense	BT	0
		USB	0
	DualShock 4	BT	0
		USB	0
Google	Stadia controller	USB	Қолдау көрсетілмейді
		Wi-Fi	Қолдау көрсетілмейді
Amazon	Luna controller	BT	0
		USB	0
		Wi-Fi	Қолдау көрсетілмейді
Joytron	CYVOX DX	USB	0
Logitech	F710	USB	0
	F510	USB	0
	F310	USB	-
PowerA	MOGA XP5-X Plus Bluetooth controller	BT	-
		USB	-
Nvidia	Shield controller	BT	0
		USB	Қолдау көрсетілмейді
Nintendo	Nintendo Switch Pro	BT	0
		USB	0
	Nintendo Joy-Con (L/R)	BT	0

-  Контроллерге байланысты кейбір пернелер бұл өнімде қолжетімді емес.
-  Тактильді кері байланыс:  
"Қолдау көрсетілмейді" (бұл өнім тактильді кері байланысқа қолдау көрсетпейді).  
"- " (Контроллерлерде тактильді кері байланыс функциясы жоқ).
-  Tizen теледидарлары қолдау көрсетілетін геймпадар үшін XInput режиміне ғана қолдау көрсетеді.
-  Xbox контроллерлері микробағдарлама жаңартуларын қажет етуі мүмкін.
-  Контроллердің аудио шығысы (3,5 мм порт) бұл өнімде қолжетімді емес.
-  Басқа контроллерлер бұлттық ойындар үшін жұмыс істеуі немесе жұмыс істемеуі мүмкін.

## Контроллерді пайдалану

Түймешік	Сипаттама
Сол жақ джойстик пен dpad	4 бағытта шарлау
Оң жақ джойстик	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жоғары/Төмен: Дыбыс деңгейін басқару (жоғары/төмен)</li> <li>• Сол жақ/Оң жақ: Теледидар экранындағы арнаны басқару (жоғары/төмен)</li> <li>• Таңдау (басу) : үнсіз режимге қояды</li> </ul>
A немесе X түймесі (тек Sony)	Enter (OK)
B немесе O түймесі (тек Sony)	Қайтару (Болдырмау)
B түймесін немесе O түймесін (тек Sony) басып тұру	Шығу
Бастапқы түймешігі	Gaming Hub басты беті (Gaming Hub қолдау көрсетілетін елдер) Smart Hub басты беті
Home (Басты бет) түймесін басып тұру	(Бұлттық ойын ойнау кезінде) Жылдам панель
Опция түймесі сол жақта	Ойын тақтасы (Ойын режимі режимі іске қосылғанда және сыртқы көз жалғанғанда)
X немесе □ түймесі (тек Sony)	Санды түймелер (123)
Сол және оң джойстиктерді бір уақытта басып ұстап тұру	Қуатты өшіру (қуатты қосу мүмкін емес) The Frame үлгілерінде ТД құрылғысы <a href="#">Графикалық сурет</a> режиміне өтеді.

-  Түйме жұмысы кей қолданбаларға немесе контроллерге байланысты басқаша болуы мүмкін.
-  Контроллерді осы өнімге Wi-Fi технологиясы арқылы қоссаңыз, пайдаланушы интерфейсінің шарлау функциясын пайдалана алмайсыз.
-  Елге байланысты Gaming Hub және бұлттық ойынына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Кіріс құрылғыларын баптау

🏠 > ☰ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️ **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Енгізу құрылғысының менеджері** [Қазір көру](#)

- **П-тақта параметрлері** [Қазір көру](#)


Пернетақтаны **Пернетақта тілі** және **Пернетақта түрі** функцияларымен баптауға болады.

- **Тінтуір параметрлері** [Қазір көру](#)

Тінтуірді **Тінтуір меңзерінің өлшемі**, **Негізгі түйме** және **Көрс-ш жылдамд.** функцияларымен баптауға болады.

## Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

ТД жүйесіне мәтін енгізу үшін виртуалды пернетақтаны пайдаланыңыз.



🖋 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Ұсынылған мәтін

Іздеу термині ретінде пайдаланғыңыз келген сөзді тергенде, осы функция ішінен біреуін таңдауға болатын мүмкін варианттарды көрсетеді.

## 2 Өңдеу түймелері

Виртуалды пернетақтадағы таңбаларды енгізгеннен кейін қалқымалы Өңдеу түймелері түймелерінің кез келгенін таңдау арқылы өңдеу функциясын жылдам орындауға болады.

 Бұл функция [Өзгерту түймелерін көрсету](#) функциясы қосулы тұрғанда ғана жұмыс істейді.


## 3 Параметрлер

Экрандағы виртуалды пернетақтадан  таңдаңыз. Келесі функцияларға қол жетімді:

 Қазір жұмыс істеп тұрған функцияға байланысты қолданылатын параметрлер әр түрлі болуы мүмкін.

- [Ұсынылған мәтін](#)
  - [Ұсынылған мәтін](#)
  - [Ұсынылған мәтіндік деректерді қалпына келтіру](#)
  - [Өзгерту түймелерін көрсету](#)
- [Пернетақта тілі](#)
  - [Пернетақта орналасуы](#)

## Қашықтан басқару пультінің микрофонымен және экрандағы виртуалды пернетақта көмегімен мәтін енгізу

Виртуалды пернетақта экранға шығып тұрғанда  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралынан басып тұрып, Samsung Smart қашықтан басқару пульті микрофонына сөйлеңіз де, содан кейін түймені босатыңыз. Сіздің айтқаныңыз экранда мәтін түрінде пайда болады.

 Мәтінді дауыспен енгізу кейбір функцияларға қолдау көрсетпеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.





# Смарт функциялар

Smart Hub арқылы көптеген қолданбаларды тамашалауға болады.

## Smart Hub қызметін пайдалану


Smart Hub негізгі функцияларының сипаттамаларын қараңыз.

Smart Hub арқылы интернеттің іздеу функциясын пайдалануға, түрлі қолданбаларды орнатуға және пайдалануға, фотосуреттер мен бейнежазбаларды қарауға немесе музыка тыңдауға және басқа да көптеген функцияларды орындауға болады.

-  Кейбір Smart Hub қызметтері ақылы болып табылады.
-  Смарт функцияларды пайдалану үшін желіге қосылып, ережелер мен шарттарға келісуіңіз және жүйеге Samsung тіркелгісі арқылы кіруіңіз керек.
-  Кейбір Smart Hub функцияларына қызмет провайдеріне, тілге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Smart Hub қызметінде желі қызметінің үзілуіне байланысты іркіліс орын алуы мүмкін.

## Бірінші экран көрсету

 түймесін басыңыз.



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Samsung ес. жазб.

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін [Samsung ес. жазб.](#) тармағына өтіңіз.

 Қосымша ақпаратты "[Samsung тіркелгісін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

### 2 Іздеу



Smart Hub ұсынатын арналарды, бағдарламаларды, фильмдерді және қолданбаларды іздеңіз.

 Іздеу қызметін пайдалану үшін ТД желіге қосылғанын тексеріңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 3 Ambient

ТД пайдаланылмаған кезде ТД уақыт немесе ауа-райы секілді мазмұнды көрсететіндей орнатыңыз.

[Ambient](#) режимінен ТД режиміне оралу үшін  > сол жақ меңзер түймені >  **Басты** опцияларын басыңыз.

ТД жүйесін өшіру үшін  түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "[Ambient режимін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## Графикалық сурет

ТД қарамай отырғанда немесе ТД сөндірулі тұрғанда, өнер туындысы, фотосурет тәрізді кескіндерді өңдеу немесе дисплейге шығару үшін **Графикалық сурет** режимі функциясын пайдалануға болады.

Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.

Қосымша ақпаратты "[Графикалық сурет режимін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## 4 Daily+

Үйде жаттығу қолданбасы, бейне чат қолданбасы және қашықтан медициналық қызмет көрсету қолданбасы сияқты әртүрлі практикалық қолданбаларды ұсынады, бұл сізге үйде әртүрлі өмір салтын ыңғайлы түрде сезінуге мүмкіндік береді.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Қосымша ақпаратты "[Daily+ басты экраны туралы ақпарат](#)" тарауынан қараңыз.

## 5 Ойын

Контроллерді ТД жүйесіне қосу арқылы ТД экранынан ойын ойнаңыз. Ойын ойнауға Басқару құралы және аудио құрылғысын оңтайландыру үшін параметрлерді конфигурациялаңыз.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Қосымша ақпаратты "[Samsung Gaming Hub қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## 6 Басты

Әртүрлі ТД бағдарламаларын қараңыз. Видео, музыка және спорт қолданбалары секілді Smart Hub ұсынатын әртүрлі қолданбаларды орнатып, ТД жүйесінен қолданбаларды пайдаланыңыз.

Қосымша ақпаратты "[Басты функциясын пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

## 7 Мәзір

ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды басқарып, ТД жүйесінде қолжетімді түрлі функцияларға арналған параметрлерді конфигурациялаңыз.

Қосымша ақпаратты "[Мәзір Бірінші экран туралы ақпарат](#)" тарауынан қараңыз.

## 8 Құпиялылық таңдаулары

ТД жүйесінен Smart Hub қызметіне қатысты құпиялылық саясатын оңай басқарыңыз және жеке ақпараттың қалай қорғалғанын тексеріңіз.

Smart Hub пайдалану үшін Smart Hub қызмет көрсету және жеке ақпарат жинау және пайдалану шартына келісім беруіңіз керек. Келісім бермесеңіз қосымша қызметтер мен функцияларды пайдалана алмайсыз. [Шарттар және құпиялылық](#) мәтінін толықтай көру үшін > (солға бағыттау көрсеткісі) > [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Шарттар және құпиялылық](#) тармағына өтуге болады. [Қазір көру](#)

Smart Hub қызметіне қатысты міндетті талаптар мен шарттарға келісіміңізді жою үшін [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) параметрін іске қосыңыз > (солға бағыттау көрсеткісі) > [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#)). [Қазір көру](#)


Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Smart Hub автоматты түрде қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Бастау экраны опциясы](#) > [Smart Hub қызметінің басты экранымен бастау](#)  
[Қазір көру](#)

ТД қосылған кезде [Smart Hub қызметінің басты экранымен бастау](#) функциясын қосу әрекеті автоматты түрде Smart Hub жүйесін бастайды. Функцияны қосу немесе өшіру үшін осы опцияға өтіңіз.

## Соңғы пайдаланылған қолданбаны автоматты түрде қосу




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Бастау экраны опциясы](#) > [Соңғы қолданбаны автоматты іске қосу](#) [Қазір көру](#)

[Соңғы қолданбаны автоматты іске қосу](#) параметрі [Қосу](#) қалпына қойылса, ТД жүйесін қосқан кезде соңғы пайдаланылған қолданба автоматты түрде қосылады. Бұл функцияны қосуға немесе сөндіріп қоюға болады. Ағымдық мәзірден Таңдау түймесін басыңыз.

 Қолданба түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




## Multi View функциясы арқылы автоматты түрде көрсету

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Бастау экраны опциясы](#) > [MultiView экранын қайталауды автоматты түрде іске қосу](#)


Егер мобильдік құрылғыңыздың экранын қосарлайтын болсаңыз, [Multi View](#) көрінісі автоматты түрде құрылғы экранын көрсетеді. Функцияны қосу немесе өшіру үшін осы опцияға өтіңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Multi View функциясында автоматты түрде орналастыру

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Бастау экраны опциясы](#) > [Жібергенде Multi View режимін автоматты түрде іске қосу](#) [Қазір көру](#)




YouTube мазмұнын мобильді құрылғыдан орналастыру мазмұнды автоматты түрде Multi View функциясында көрсетеді.

 Ол Multi View қолданатын кез келген хабар тарататын, сыртқы құрылғы немесе қолданба үшін экранда болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




## Бұру кезінде Multi View функциясын автоматты түрде іске қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Бастау экраны опциясы** > **Айналдыру кезінде Multi View режимін автоматты түрде іске қосу**

Экранды портрет режиміне бұрған кезде, Multi View функциясы автоматты түрде іске қосылады.




 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.





 Бұл функция Автоматты бұрылу керек-жарағы адаптерін (бөлек сатылады) қосқан кезде белсендіріледі.

## Smart Hub қосылымдарын тексеру

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Құрылғы күтімі** > **Өзін-к диагностика** > **Smart Hub қосылымын тексеру** [Қазір көру](#)

## Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтару

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Құрылғы күтімі** > **Өзін-к диагностика** > **Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару** [Қазір көру](#)

 Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтаруға болады. Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына қайтару үшін PIN кодты енгізіңіз. Әдепкі PIN код: "0000" (Франция мен Италия үшін: "1111"). PIN кодын  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **PIN кодын өзг** параметрінен орнатуға болады. [Қазір көру](#)






 **PIN кодын өзг** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


## Ambient режимін пайдалану

Ambient режимінде қолжетімді функциялар туралы қосымша ақпарат алыңыз.

 > сол жақ меңзер түйме >  **Ambient** [Қазір көру](#)

ТД пайдаланылмағанда ТД жүйесін фотосурет немесе қажетті мазмұнды көрсететіндей орнатыңыз.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  The Frame үлгілерінде **Ambient** режимі **Графикалық сурет** режиміне біріктіріледі.
-  **Ambient** басты бетіне кіру үшін **Ambient** режимінің экранындағы  түймесін басыңыз.
-  **Ambient** режимінде кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.





-  ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Ambient режимімен танысу

**Ambient** режимі, соның ішінде функциялар туралы қысқаша ақпарат алу үшін **Анықтаманы қарау** түймесін басыңыз.


### 2 NFT қолданбаларының тізімі

NFT қолданбаларынан кескіндерді жүктеп алып, оларды **Ambient** режимінде пайдалануға болады. Тізімнің соңында орналасқан **Тізімді өңдеу** опциясын таңдау арқылы қолданбаны басқа орынға жылжытуға болады.

-  Аймақ түріне байланысты қолдау көрсетілетін NFT қолданбалары әртүрлі болуы мүмкін.
-  Жаңа NFT қолданбасы шығарылған сайын әртүрлі NFT өнер туындыларын көрсету мүмкін болады.

### 3 Функция және мазмұнды алдын ала қарау

Қажетті мазмұн мен қажетті фонды таңдап, оларды **Ambient** режимі ретінде орнатыңыз. **Ambient** режимінде мазмұн мәліметтерін көру үшін Таңдау түймесін, одан кейін қашықтан басқару пультіндегі жоғары бағыттау көрсеткісін басыңыз.

 Қалаған мазмұнды таңдап, параметрлерді өзгерту үшін Мобильді құрылғы құрылғысында SmartThings қолданбасын пайдалануға болады. Күннің белгілі бір уақытына өте ыңғайлы мазмұнды көрсетеді.

 Қолжетімді контент санаттары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- Көркем туындыны өзгерту



**Ambient** режимінде көрсету үшін өнер туындысын өзгертіңіз. Кезелімді өнер туындысына жылжыту үшін қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басыңыз. Қажетті көркем туындыға өту үшін сол немесе оң жақ көрсеткі түймесін пайдаланыңыз, содан кейін қашықтан басқару пультінде Таңдау түймесін басыңыз.

- **Мәліметтерді қарау**

Таңдалған кескіннің толық ақпаратын қараңыз.

- **таңдаулы**

**таңдаулы** қалтасындағы суреттерді Таңдау түймесін және одан кейін қашықтан басқару пультінде жоғары бағыттау көрсеткісін басу арқылы қосыңыз немесе жойыңыз. **Таңдаулылар** ретінде орнатылған элементтерді көру үшін **Ambient** > **таңдаулы** экранына өтіңіз.

-  **таңдаулы**: Элемент таңдаулы ретінде орнатылмаған
-  **таңдаулы**: Элемент таңдаулы ретінде орнатылған

- **Өңдеу**

Таңдауыңызға сай параметрлерді реттеңіз.

 Үлгіге немесе мазмұнға байланысты қолжетімді функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ауа райы сүзгісі**

Мазмұнға ауа райы әсерін қосуға болады.

- **Уақыт сүзгісі**

Мазмұн үшін кез келген фондық уақыт пішімін таңдауға болады.

- **Түс**

Мазмұн түсін өзгертеді.

- **Атмосфералар**

Мазмұнға сәйкес келетін сарынды таңдайды.

- **Фондар**

Бұл мазмұнның фондық жарығын өзгертеді.

- **Көлеңке әсерлері**

Мазмұнға сіз таңдаған көлеңке әсерін береді.

- **Сүзгі**

Мазмұн үшін кескін фильтр әсерін таңдауға болады.

- **Фондық музыка режимі**

Мазмұнға фондық музыканы қосуға болады.

- **Экран параметрлері**

Мазмұнның жарықтылығы, қанықтылығы және түс реңі сияқты параметрлерді баптауға болады.

- **Ашықтық**

Бұл функция мазмұнның жарығын реттейді.

- **Қанықтық**

Бұл функция мазмұнның қанықтылығын реттейді.

- **Түс реңкі**

Бұл функция мазмұнның түстерін реттейді.

- **Қызыл реңк / Жасыл реңк / Көк реңк**

Бұл функция қызыл, жасыл және көк түстердің контрастын реттейді.


## Мазмұн санатын таңдау

 Қолжетімді контент санаттары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- **NFT қолданбалары арқылы ұсынылған**

NFT жұмыстарын қамтамасыз ететін қолданба көмегімен әртүрлі жаңа және қызық контентті шарлаңыз.

- **таңдаулы**

**Ambient** режимінде көрсетілген мазмұнды **таңдаулы** ішіне сақтау үшін қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басып,  **таңдаулы** түймесін басыңыз.

- **Арнайы шығарылым**


Әлемнің ең үздік, алдыңғы қатарлы дизайнерлері мен қол өнер иелері жасаған өнер туындылары мен интерьерды тамашалауға мүмкіндік береді.

- **Синемаграф**

Оны тартымды ету үшін фотосуреттің белгілі бір бөлігіне циклдік анимация қосады.

- **Менің альбомым**

Мобильдік құрылғыда немесе Samsung Cloud желісінде сақталған суретті Ambient режимі экранының фондық суреті ретінде сақтауға мүмкіндік береді.

 Мобильдік құрылғыдан немесе Samsung Cloud желісінен сурет жүктеу үшін мобильдік құрылғыда SmartThings қолданбасын пайдаланыңыз.

 Фотосурет параметрлерін конфигурациялауға қатысты толық ақпарат алу үшін **Фотосуреттерді таңдау жолы** тармағын қараңыз.

- **Q жинағы**

Samsung QLED теледидарына арналған мазмұнды қамтамасыз етеді.

- **Режим**

Көңіл күйіңізге сәйкес келетін атмосфера жасау үшін әртүрлі нұсқаларды көріңіз.

- **Демалыс**

Көңіліңізді жайландыратын, табиғаттан шабыт алған, тыныштандыратын мазмұн таңдауымен демалыңыз.

- **Декор**

Бұл сізге мағыналы да әдемі дизайнды таңдауға мүмкіндік береді.

- **Ақпар**


Ауа-райы, температура, уақыт және жаңалықтар тәрізді маңызды, нақты уақыт ақпаратын таңдауға мүмкіндік береді.


- **Бейнелі жұмыс**

Бұл сізге әлемге танымал фотосурет немесе өнер туындысы тәрізді мазмұнды таңдауға мүмкіндік береді.

- **Фондық тақырып**


Samsung ұсынатын фондық суретті таңдауға мүмкіндік береді.

 Мобильдік құрылғыдағы SmartThings қолданбасының көмегімен жеке фондық тақырып әзірлеу үшін фондық сурет түсіріңіз. Осы функцияны пайдаланғанда желінің күйіне қарай суретті тасымалдау және оңтайландыру әрекеттері баяулауы мүмкін.

 Жасалған **Фондық тақырып** элементін мазмұн фоны ретінде орнатуға болады. Оны мазмұн фоны ретінде орнату үшін **Ambient** режимінде қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басып, **Өңдеу** опцияларын басыңыз.

- **Процедура**

SmartThings қолданбасы арқылы тәуліктің әр кезеңіне сәйкес келетін мазмұнды таңдаңыз немесе жеке әдетіңізге сай келетін күнделікті жұмыстарыңызды рақаттана құрыңыз.



ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

#### 4 Ambient экраны опциялары

Келесі **Ambient** режимінің опцияларын конфигурациялауға болады:

Бұл мәзір **Ambient** негізгі экранының төменгі жағында орналасқан. Опция параметрлерін конфигурациялау үшін астына түсіріңіз.

Үлгі түріне байланысты қолжетімді опциялар әртүрлі болуы мүмкін.

- **Автоматты ашықтық**

**Ambient** режимінің автоматты жарық параметрін өзгертеді.

Осы функцияны **Сөндіру** қалпына қойғанда, ТД экраны жарығының деңгейі айналадағы жарыққа сәйкес автоматты түрде реттелмейді.

- **Ұйықтауға дейін қалған уақыт**

**Ambient** режимінің экраны автоматты түрде сөнетін уақытты орнатады.

Көрсетілген уақыт аралығында қашықтан басқару пультімен ешбір әрекет жасалмаса, экран сөнеді.

- **Менің альбомым қалтасын қалпына келтіру**

**Менің альбомым** қалтасында сақталған фотосуреттерді қалпына келтіріңіз.

- **Ambient дегеніміз не?**

**Ambient** режимі, соның ішінде функциялар туралы қысқаша ақпарат алыңыз.

### ТД қарау экранына Ambient режимі арқылы кіру

ТД экранына **Ambient** режимі арқылы кіру мақсатында **Ambient** режимінің Бірінші экран бетіне қайта бағыттау үшін немесе түймесін басып, қашықтан басқару пультінде сол жақ меңзер түймені басып, **Басты** белгісін таңдаңыз.

Егер ТД өшіп, түймесі басылған болса, **Басты** экраны пайда болады.





# Графикалық сурет режимін пайдалану


Графикалық сурет режимінде қолданылатын функциялар туралы қосымша ақпарат алыңыз.

 > сол жақ меңзер түйме >  **Графикалық сурет**


 Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.



**Графикалық сурет** режимі функциясын ТД толық экран режимінде көрмей отырғанда, өнер туындылары не фотосурет тәрізді мазмұндарды экранға шығару үшін пайдалануға болады.

- ТД пайдалану кезінде  түймесін басыңыз, ТД құрылғысы **Графикалық сурет** режиміне ауысады.
- **Басты** экранына кіру үшін **Графикалық сурет** режимінде  түймесін басыңыз.
- **Графикалық сурет** басты бетіне кіру үшін **Графикалық сурет** режиміндегі  түймесін басыңыз.
- ТД құрылғысын толық сөндіру үшін қашықтан басқару пультінің  түймесін басып тұрыңыз немесе ТД құрылғысының Теледидарды басқарушы түймесін басыңыз.

 Samsung Smart қашықтан басқару пульті қашықтан басқару пультінен басқа қашықтан басқару пультін пайдалансаңыз, ТД толық сөнбеуі мүмкін.

- **Графикалық сурет** режимінде ТД жарығы мен түс реңі қоршаған ортаға байланысты автоматты түрде реттеледі және ТД автоматты түрде өшеді.

 Әдепкі бойынша ТД **Графикалық сурет** режимінде айналадағы жарық күңгірт тартқан кезде экран автоматты түрде сөнетіндей етіп бапталған.

- Қимыл датчигі параметрлерін ТД құрылғысында көрсетілген **Графикалық сурет** басты бетінің төменгі жағындағы **Графикалық сурет режимі опциялары** ( > сол жақ меңзер түймесі >  **Графикалық сурет** > **Графикалық сурет режимі опциялары**) көмегімен немесе мобильді SmartThings қолданбасы көмегімен конфигурациялаңыз. ТД құрылғысы пайдаланушы қозғалысы және басқа визуалды өзгерістерді анықтау арқылы автоматты түрде қосылады немесе өшеді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Графикалық сурет** режимінде мобильді құрылғыңыздағы SmartThings қолданбасын құрылғыдағы фотосуреттерді ТД құрылғысына сақтау үшін пайдаланыңыз.


 ТД үлгісіне немесе мобильді құрылғыға қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қолдау көрсетілетін функциялар SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.



## Графикалық сурет басты экраны туралы ақпарат

 > сол жақ меңзер түйме >  **Графикалық сурет**



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### **1** Кескін санаттарының тізімі

Көрсетілген санаттар тізімінен кескінді таңдап, кескін туралы толық мәліметті көру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Кескінді 30 секунд бойы толық экранда алдын ала көру үшін **Алдын ала қарау** опциясын таңдаңыз. Кескін ұнаса, оны өнер туындысы ретінде сатып алу немесе **Мүшелік** функциясына жазылу арқылы сақтауға болады.

Сақталған кескінді таңдасаңыз, ТД құрылғысы **Графикалық сурет** режиміне өтеді. **Графикалық сурет** режимінде келесі мәзір опцияларын пайдалану үшін қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басыңыз:

 Қолжетімді контент санаттары үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- Көркем туындыны өзгерту



**Графикалық сурет** режимінде көрсету үшін өнер туындысын өзгертіңіз. Кезелімді өнер туындысына жылжыту үшін қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басыңыз. Қажетті көркем туындыға өту үшін сол немесе оң жақ көрсеткі түймесін пайдаланыңыз, содан кейін қашықтан басқару пультінде Таңдау түймесін басыңыз.

- **Мәліметтерді қарау**


Таңдалған кескіннің толық ақпаратын қараңыз.



- **таңдаулы**

Белгілі бір кескіндерді **таңдаулы** тізіміне қашықтан басқару пультіндегі Таңдау түймесін басу арқылы қосыңыз немесе жойыңыз. **Таңдаулылар** ретінде орнатылған элементтерді көру үшін **Картиналар дүкені** > **таңдаулы** экранына өтіңіз.

-  **таңдаулы**: Элемент таңдаулы ретінде орнатылмаған
-  **таңдаулы**: Элемент таңдаулы ретінде орнатылған

- **Күңгірт**

Таңдауыңызға сай жиек стилін және түсті реттеңіз. Өзгерістерді сақтау үшін қажетті қабат стилін және түсін таңдаңыз да, Select (Таңдау) немесе  түймесін басыңыз.

-  Кескін арақатынасы 16:9 болмаса немесе кескін ажыратымдылығы ұсынылған ажыратымдылықтан төмен болса, қолдау көрсетілетін жиек стильдері басқаша болуы мүмкін.
-  Ұсынылатын ажыратымдылық: 1920 x 1080 (32LS03D үлгілері үшін) немесе 3840 x 2160 (43 дюймдік немесе одан ірі үлгілер үшін)


- **Экран параметрлері**

**Графикалық сурет** режимі экранының параметрлерін таңдауыңызға сай реттеңіз.

- **Ашықтық**  
Экран жарықтығын реттеңіз. Өзгерістерді сақтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.
- **Түс реңкі**  
Кескін түстерін реттеңіз. Өзгерістерді сақтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.
- **Ашықтықты қалпына келтіру**  
Экран жарықтығын әдепкі мәніне қалпына келтіріңіз.

- **Соңғылар**

Ең соңғы көрсетілген кескіндерді басқарыңыз.



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

## 2 Картиналар дүкені

### • Таңдаулылар

**таңдаулы** ішінде сақталған кескіндерді басқарыңыз.

– **Барлығын көрсету / Ойнатуды жалғастыру**

**таңдаулы** ішіндегі кескіндерді слайд көрмесі ретінде ойнатыңыз.


– **Жою**

**таңдаулы** ішіндегі бірнеше кескінді бір уақытта таңдап, жойыңыз.

- **Мүшелік**

**Мүшелік** функциясына тіркелсеңіз, өнер туындысын шектеусіз пайдалана аласыз. Сонымен қатар оны таңдауыңызға сай жаңа өнер туындысымен ауыстырып отыруға болады.

Төлемді жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 Тегін сынақ мерзімі кезінде мүшелікке жазылсаңыз, қалған сынақ мерзіміне қарамастан, тіркелгіңіз бірден мүшелік тіркелгісіне ауысады және әртүрлі өнер туындыларын ешқандай шектеусіз пайдалана аласыз.

- **Төлем ақпараты**

Өнер туындысын сатып алу мәліметтерін қараңыз да, өнер туындыларын қажетті төлем ақпаратын енгізу арқылы оңай сатып алыңыз.


 Төлем ақпараты туралы толық мәлімет алу үшін Samsung Checkout (sbox.samsungcheckout.com) сайтына кіріңіз.

- **Журнал**

**Графикалық сурет** режимінде жақында қараған мазмұнды ретімен көріңіз.

### **3** **Графикалық сурет режимі опциялары**

**Графикалық сурет** режимі экранына қатысты опцияларды конфигурациялаңыз.

 Бұл мәзір **Графикалық сурет** басты бетінің астында орналасқан. Опция параметрлерін конфигурациялау үшін ең төменгі жағына қарай жылжытыңыз.


- **Ұйқы режимі параметрлері**

- **Ұйықтауға дейін қалған уақыт**

ТД айналасында белгілі уақыт аралығында ешқандай қозғалыс анықталмаса, ТД құрылғысы автоматты түрде өшеді. Уақыт аралығын анықтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Қозғалыс детекторы**

Қимыл датчигі үшін **Қозғалыс детекторы** орнатыңыз. Сезімталдық деңгейін орнату үшін Таңдау түймесін басыңыз.

 **Қозғалыс детекторы** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Night Mode**

Теледидар айналасында жарық жоқ болса, ТД автоматты түрде өшіп қалады. Бұл режим ТД айналасындағы жарықты анықтап, жарықтың бар-жоғына байланысты ТД құрылғысын автоматты түрде қосады немесе өшіреді. Режимді қосу немесе өшіру үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- [Графикалық суреттің әсері](#)

Әдепкі бойынша [Графикалық суреттің әсері](#) қосылып тұрады. Бұл мазмұнды мүмкіндігінше түпнұсқа көркем туынды сапасына ұқсастау етіп көрсетеді. Әсерді өшірсеңіз, мазмұн теңшелген сурет сапасында көрсетіледі.

- [Менің альбомым қалтасын қалпына келтіру](#)





Альбомды қалпына келтіріп, барлық жазбаларды жойыңыз.

- [Графикалық сурет дегеніміз не?](#)


[Графикалық сурет](#) режимі, соның ішінде функциялар туралы қысқаша ақпарат алыңыз.

## USB жадынан кескіндерді импорттау

1. Кескіндер сақталған USB жады құрылғысын ТД құрылғысына жалғаңыз.
2. USB жад құрылғысы автоматты түрде танылды, ал экраннан USB жад құрылғысында сақталған сурет, музыка және видео файлдарының тізімі көрсетіледі.

 USB жадын іске қосудың балама жолы –  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Қосылған құрылғылар](#) тармағына өтіп, USB жадын таңдау.

3. ТД жадына сақтағыңыз келетін сурет файлы бар қалтаға өтіп, [Параметр.](#) > [Графикалық сурет режиміне жіберу](#) тармағын таңдаңыз.
4. Суретті таңдап, [Жібер](#) опциясын басыңыз. USB жад құрылғысында сақталған сурет [Графикалық сурет](#) режимінде сақталады.


 Ұсынылатын ажыратымдылықтар (16:9): 1920 x 1080 (32 дюймдік үлгі), 3840 x 2160 (43 дюймдік немесе одан үлкен үлгілер)

## Графикалық сурет режимін SmartThings қолданбасымен бірге пайдалану


Google Play Store, Samsung Apps немесе App Store арқылы SmartThings қолданбасын жүктеп алуға болады.

Егер ТД құрылғысы SmartThings қолданбасында тіркелмесе, режимді пайдаланбас бұрын, + (Құрылғыны қосу) түймесін басып, ТД құрылғысын тіркеңіз.

 Функциялар немесе термин сөздер SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай әр түрлі болуы мүмкін.













 Планшет құрылғыларда **Графикалық сурет** режимінің функцияларына SmartThings қолданбасы қолдау көрсетпеуі мүмкін.

Мобильді құрылғыға SmartThings қолданбасын орнатқаннан кейін келесі функцияларды пайдалануға болады:

- **Графикалық сурет** режиміндегі суретті таңдау.
- Фотосуреттерді мобильдік құрылғыдан ТД теледидарына сақтау: Мобильдік құрылғыдағы фотосуреттерді ТД жадына сақтау үшін “Add picture” (Сурет қосу) функциясын пайдаланыңыз.
  - Сурет қосу > 2-3 сурет таңдаңыз > **Бекітпе жасау**: 2-3 суретті біріктіріп, бір сурет жасаңыз.
  - **Менің альбомым** > **Динамикалық сүзгі** немесе **Автогалерея** сияқты мазмұнды таңдап, содан кейін мазмұнды мобильді фотолар ретінде орнату үшін фотоны таңдау түймесін басыңыз.
- **Графикалық сурет** режимінің **Мүшелік** функциясына жазылу.
- Суреттерге жиек стилі мен түстерін қолдану.
- **⋮** (басқа) > **Ұйқы режимі параметрлері**
  - **Графикалық сурет** режимінің жарықтығын орнату.
  - **Ұйықтауға дейін қалған уақыт** параметрін орнату: **Графикалық сурет** режимінде көрсетілген уақыт ішінде ешқандай қозғалыс байқалмаса, ТД автоматты түрде өшеді.
  - **Қозғалыс детекторы** параметрін орнату: **Графикалық сурет** режимінде қозғалыс анықталған кезде ТД автоматты түрде қосылатындай немесе өшетіндей етіп, датчиктің сезгіштік параметрін орнатыңыз.
    -  **Қозғалыс детекторы** функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
  - **Night Mode** параметрін орнату: Бұл режим ТД айналасындағы жарықты анықтап, жарықтың бар-жоғына байланысты ТД құрылғысын автоматты түрде қосады немесе өшіреді.

## Графикалық сурет режимін пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

 Қимыл датчигі функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- Қозғалыс сенсоры ТД астыңғы жағында орналасқан. ТД алдыңғы жағындағы датчикті бөгеп тастамаңыз. Қимыл датчигіне, сондай-ақ экранның жарықтылығы мен түс реңкіне кері әсер етуі мүмкін.
- Экранда қимылсыз кескіндерді ұзақ уақыт көрсету себебінен пайда болатын экранның күйіп кетуін азайту үшін [Графикалық сурет](#) режимі алгоритмдерді пайдаланады.
- Қимыл датчигінің жұмысы ТД құрылғысын орнату және жұмыс істеу ортасына қарай әртүрлі болуы мүмкін.
  - Экранның жарықтығы мен түсіне ТД тұрған жердегі еденнің түсі әсер етуі мүмкін.
  - Стандартты жарық көздерінен басқа жарық көздері қолданылған (галоген, флюоросцентті) ортада, жарықтың орналасуына, түрлеріне және сандарына қарай, қимыл сенсорының қимыл анықтауы әр түрлі болуы мүмкін.
  - ТД айналасы тым қараңғы не өте жарық болса, экран жарықтығы шектеулі болуы не сенсор дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
  - ТД өте жоғары не өте төмен орнатылса, сенсор дұрыс жұмыс істемейді мүмкін.
  - Қимыл датчигі жыпылықтаған жарықдиодтың, үй жануарының, сырттағы көліктің немесе басқа заттың қимылын сезіп, жұмыс істей бастауы мүмкін.
- [Қуат. авто ө.](#) функциясының параметрлеріне байланысты, қашықтан басқару пультіндегі кірістер сияқты [Графикалық сурет](#) режимінде пайдаланушы кірісі болмаған кезде ТД өшуі мүмкін ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Қуатты және энергияны үнемдеу режимі](#) > [Қуат. авто ө.](#)). [Қазір көру](#)
- Келесі функциялар [Графикалық сурет](#) режимінде жұмыс істемейді.
  -  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Ұйқы таймері](#) [Қазір көру](#)
  -  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Уақыт](#) > [Өшіретін таймер](#) [Қазір көру](#)
  -  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Қуатты және энергияны үнемдеу режимі](#) > [Бейнебет қалқымасы](#) [Қазір көру](#)

## Daily+ басты экраны туралы ақпарат

Үйде жаттығу қолданбасы, бейне чат қолданбасы және қашықтан медициналық қызмет көрсету қолданбасы сияқты әртүрлі практикалық қолданбаларды ұсынады, бұл сізге үйде әртүрлі өмір салтын ыңғайлы түрде сезінуге мүмкіндік береді.

🏠 > солға бағыттау көрсеткісі > 🌿 Daily+

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



✎ ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

- **SmartThings**

Бұл функция теледидарға өзі тұрған жердегі тұрғаны анықталған әр түрлі құрылғыларды қосуға және басқаруға мүмкіндік береді.

✎ **SmartThings** туралы қосымша ақпаратты "[SmartThings қызметін пайдалану](#)" тармағынан қараңыз.

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Workspace**

Қашықтағы компьютер немесе Экранды ортақ пайдалану (Сымсыз) көмегімен компьютерге кіру үшін ТД құрылғысын пайдаланыңыз.

✎ Қосымша ақпаратты "[Workspace қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.




## Samsung Gaming Hub қызметін пайдалану

Samsung Gaming Hub арқылы тікелей ТД өніміңізде көптеген ойындарды Gamestream арқылы ойнаңыз. Контроллерді Bluetooth немесе USB арқылы қосыңыз.

🏠 > сол жақ меңзер түйме > 🎮 Ойын

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



✎ ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Қосымша мәлімет

Samsung Gaming Hub және құрылғыларды пайдалану жолы туралы ақпарат береді.

### 2 Керек-жарақтар және музыка / Керек-жарақтар

#### • Бас. құралдары

ТД жүйесіне қосылатын Басқару құралы контроллерін таңдаңыз.

✎ Қолдау көрсетілетін контроллерлер туралы қосымша ақпаратты "[Геймпадты пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

#### • Аудио

ТД өніміне қосылу үшін Аудио құрылғы құрылғысын (мысалы, ойын құлақаспабы) таңдаңыз.

#### • Музыка ойнатқыш

Ойын ойнау кезінде ойнатылатын музыканы басқарыңыз.

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


### 3 Қолданбалар және құрылғылар

Ойнауға қажетті қолданбаларды немесе құрылғыларды орнатыңыз немесе жойыңыз.

### 4 Ойындар тізімі

Samsung Gaming Hub қызметі ұсынған ойынды сатып алыңыз немесе қызметіне жазылыңыз. Ойын мәліметтерін көру үшін ойынды таңдаңыз.

 Кейбір ойындарды іске қосу үшін қатысты қолданбаларды орнату қажет.



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

## 5 Ойын әрекеттері және опциялары

 Бұл мәзір Samsung Gaming Hub экранының ең астыңғы жағында беріледі. [Ойын әрекеттері және опциялары](#) конфигурациялау үшін ең астына түсіріңіз.

- [Ойынды бағалау құлпы](#)

Ойындарға жас шектеуін орнатыңыз.

 Жас шектеуіне Gaming Hub ішінде бұлттық ойын шолу доменінде ғана қолдау көрсетіледі.

- [Теңшеу](#)

Пайдаланушы жақында ойнаған ойындарға және пайдаланушыны қызықтыратын мазмұнға сәйкес жеке мазмұнды пайдалану ұсынылады.


- [Нұсқаулық](#)

Samsung Gaming Hub және құрылғыларды пайдалану жолы туралы ақпарат береді.

## Басты функциясын пайдалану

Әртүрлі теледидар бағдарламаларын қараңыз. Видео, музыка және спорт қолданбалары секілді Smart Hub ұсынатын әртүрлі қолданбаларды орнатып, ТД жүйесінен қолданбаларды пайдаланыңыз.


 > сол жақ меңзер түйме >  **Басты**



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Сіз үшін / Танысу

Қолданба пайдаланушы көрген мазмұнға байланысты пайдаланушыға лайықталған ұсыныстар жасайды. Ағымдағы танымал мазмұнды көріңіз немесе Басты экранға жиі қолданылатын қолданбаларды қосыңыз.

 [Сіз үшін / Танысу](#) туралы қосымша ақпаратты «[Сіз үшін / Танысу басты экраны туралы](#)» бөлімінен қараңыз.

 Бұл функцияның атауы үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты басқаша көрінуі мүмкін.

### 2 Нақты уақыт


Қазіргі уақытта эфирдегі телебағдарламаларды қараңыз. Таратылым кестелерін тексеру және қалаған бағдарламалар үшін жоспарланған көруді орнату үшін [Нұсқау](#). экранына кіріңіз.

 [Нақты уақыт](#) туралы қосымша ақпаратты "[Нақты уақыт басты экраны туралы](#)" тармағынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 3 Қолданбалар

Видео, музыка, спорт және ойын қолданбалары секілді Smart Hub ұсынатын түрлі қолданбаларды орнатып, ТД жүйесінен қолданбаларды пайдаланыңыз.


 [Қолданбалар](#) туралы қосымша ақпаратты "[Қолданбалар басты экраны туралы](#)" тармағынан қараңыз.

## Сіз үшін / Танысу басты экраны туралы

Бұл экран пайдаланушы көрген мазмұнға байланысты пайдаланушыға лайықталған ұсыныстар жасайды.

🏠 > солға бағыттау көрсеткісі > 🏠 Басты > Сіз үшін / Танысу

✎ Бұл функцияның атауы үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты басқаша көрінуі мүмкін.



✎ ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Соңғы

Соңғы көрген теледидар бағдарламасына, қолданбаға немесе соңғы пайдаланылған кіріс көзіне қол жеткізіңіз.

### 2 Сізге ұсынылған / Ағымда

✎ Бұл функцияның атауы үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты басқаша көрінуі мүмкін.

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

✎ Кіріс сигналдарына және параметрлерге қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

#### • Сізге ұсынылған

Қазіргі уақытта көптеген OTT қызметтерінде танымал мазмұнды ұсынады.

#### • Ағымда

Ағымдағы эфирде көрсетілетін ТД бағдарламаларының немесе Samsung TV Plus мазмұн элементтерінің тізімін көрсетіңіз.

### 3 Қолданбалар тізімі

Өз қалауларыңызға сәйкес басты экранда жиі қолданылатын қолданбаларды қосыңыз немесе оларды жойыңыз.

#### 4 Тізімді өңдеу

- Home Screen элементін жылжыту


Тізімнің соңынан **Тізімді өңдеу** опциясын таңдаңыз. Көшіру қажет қолданбаға қарай кезелімді жылжытыңыз да, қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймені төмен басыңыз. Параметрлер мәзірінен **Қозғ.** опциясын таңдаңыз. Сол және оң жақ меңзерлердің көмегімен қолданбаның орнын ауыстырып, Таңдау түймесін басыңыз. Бұл Бірінші экран экранында қолданба орнын ауыстырады.

Немесе орын ауыстыру үшін фокусты қолданбаға жылжытып, Таңдау түймесін басып тұрыңыз, одан кейін **Қозғ.** опциясын таңдаңыз.

- Home Screen элементін алу

Тізімнің соңынан **Тізімді өңдеу** опциясын таңдаңыз. Жою қажет қолданбаға қарай кезелімді жылжытыңыз да, қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймені төмен басыңыз. Параметрлер мәзірінен **Алып тас** опциясын таңдаңыз. Бұл қолданбаны Бірінші экран тізімінен жояды.








Немесе, жою үшін фокусты қолданбаға жылжытып, Таңдау түймесін басып тұрыңыз, одан кейін **Алып тас** опциясын таңдаңыз.

 Жойылған қолданбаны тізімге қайта қосу немесе жүктелген жаңа қолданбаны басты экранға қосу үшін «Орнатылған қолданбаларды басқару» бөлімін қараңыз.


#### 5 Әмбебап нұсқаулық

**Әмбебап нұсқаулық** — телешоулар, драмалар және фильмдер сияқты әртүрлі мазмұнды бір жерден іздеуге және тамашалауға мүмкіндік беретін функция. **Әмбебап нұсқаулық** талғамыңызға сәйкес келетін ақпарат ұсына алады.

Бұл функцияны мобильдік құрылғыңыздағы Samsung SmartThings қолданбасымен пайдалануға болады.

-  Әмбебап нұсқаулық нұсқаулығына қатынасу үшін Бірінші экран экранында қашықтан басқару пультіндегі төмен меңзер түймесін басыңыз.
-  Осы қолданбалардағы мазмұнды ТД арқылы рақаттана пайдалану үшін бұлар ТД жүйесіне орнатылып тұруы керек.
-  Кейбір ақылы мазмұнды қарағанда, соларда қолданылатын қолданба арқылы төлем жасау керек болуы мүмкін.
-  Желі жағдайларына және ақылы арналарға төлеген жарналарыңызға байланысты кейбір мазмұндарға шектеу қойылуы мүмкін.
-  Балалар осы қызметті пайдаланғанда ата-аналары бақылауы қажет.
-  Қызмет провайдеріне байланысты суреттер бұлыңғыр болып көрінуі мүмкін.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


## Медиа опциялары

-  Бұл мәзірді Сіз үшін / Танысу экранының төменгі жағынан табуға болады. Опция параметрлерін конфигурациялау үшін астына түсіріңіз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- **Таңдауларыңыз:** Таңдауыңызға сай мазмұнға қатысты ұсыныс алу үшін қажетті қызметті таңдаңыз.
- **Көруді жалғастыру:** **Көруді жалғастыру** үшін мазмұн провайдерлерін таңдаңыз. Төменде тізімделген **Көруді жалғастыру** қолдау көрсететін барлық мазмұн провайдерлерінен әртүрлі шоуларды бір жерден көруді жалғастыра аласыз.
- **Ата-ананың бақылау құлпы:** Ата-ананың бақылау құлпы мәзіріне қайта бағыттаңыз. Ата-ана бақылауының барлық параметрін қосыңыз немесе өшіріңіз.
- **Auto Play Sound:** Мазмұнды шолу және алдын ала қарау кезінде дыбысты автоматты түрде шығатын немесе шықпайтын етіп орнатуға болады.

## Нақты уақыт басты экраны туралы

Қазіргі уақытта эфирдегі телебағдарламаларды қараңыз. Таратылым кестелерін тексеру және қалаған бағдарламалар үшін жоспарланған көруді орнату үшін **Нұсқау. экранына** кіріңіз.

🏠 > солға бағыттау көрсеткісі > 🏠 **Басты** > **Нақты уақыт** (📺)



📌 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

📌 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 1 Ағымда

Ағымдағы эфирде көрсетілетін ТД бағдарламаларының немесе Samsung TV Plus мазмұн элементтерінің тізімін көрсетіңіз.

📌 Кіріс сигналдарына және параметрлерге қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### 2 Нұсқау.

Өртүрлі арналардың бағдарламалық жоспарларын бір экранда қараңыз. Әрбір хабар таратушы үшін күнделікті бағдарлама кестесін көру үшін **Нұсқау.** пайдаланыңыз. Сондай-ақ, бағдарламалар туралы толық ақпаратты білуге, белгілі бір бағдарламаны көруге немесе бағдарламаны жазуды жоспарлауға болады.


📌 **Нұсқау.** туралы қосымша ақпаратты "Нұсқау. функциясын пайдалану" тармағынан қараңыз.



## Мәзір Бірінші экран туралы ақпарат

ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды басқарып, ТД жүйесінде қолжетімді түрлі функцияларға арналған параметрлерді конфигурациялаңыз.

 > сол жақ меңзер түйме >  Мәзір



 ТД жүйесіндегі сурет үлгіге және географиялық аймаққа байланысты жоғарыдағы суреттен басқаша болуы мүмкін.

### 1 Хабарландыру

ТД жүйесінде болатын барлық шараларға қатысты хабарландырулар тізімін қарауға болады. Жоспарлы көрсетілім, бағдарлама көруді жоспарлау уақыты келсе және т.б. жағдайда экранда хабарландыру пайда болады.

Егер кезелімді **Хабарландыру** қалпына қойып, содан кейін таңдау түймесін бассаңыз, оң жақтан хабарландыру терезесі көрінеді және келесі функцияларға қолжетімді болады:

-  **Барлығын жою**

Барлық хабарландыруларды жоюға болады.

-  **Параметрлер**

Хабарландыру алғыңыз келген қызмет түрлерін таңдауыңызға болады.

**Дыбысты іске қосу** таңдасаңыз, хабарландыру көрсетілгенде хабарландыру дыбысы естіледі.

### 2 Қосылған құрылғылар

ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыны таңдаңыз.

 Қосымша ақпаратты "ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды ауыстыру" тарауынан қараңыз.

### 3 Параметрлер

Мәзір астында жылдам параметр опцияларын көрсету үшін кезелімді **Параметрлер** мәзіріне қарай жылжытыңыз. Жылдам баптаулар параметрлерін жиі пайдаланылатын функцияларды жылдам конфигурациялау үшін пайдалануға болады.

 Үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты **Параметрлер** элементтері қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Барлық баптаулар**

Арнайы параметрлерді конфигурациялау үшін **Параметрлер** мәзірін көрсетеді.

- **Дыбыс шығысы**

ТД жүйесінен шығатын дыбыс естілетін үндеткішті таңдауға мүмкіндік береді. Аудио шығыс режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Ашықтық**

Экран параметрлерін оңай конфигурациялаңыз: **Ашықтық**, **Контраст**, **Айқындық**, **Түс** және **Реңк (Ж/Қ)**.

- **Сурет режимі**

Оңтайлы қарау тәжірибелері үшін сурет режимін өзгертіңіз. **Сурет режимі** өзгерту үшін таңдау түймесін басыңыз.

- **Дыбыс режимі**

Дыбыс режимін жеке талғамыңызға сай таңдауға болады. Дыбыс режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді реттеу үшін төмен меңзер түймесін басып **Эквалайзерді реттеу** параметрін таңдаңыз.

- **Зерделі режим**


Мазмұнды, пайдалану үлгілерін және теледидар ортасын тану арқылы сіздің көру тәжірибеңізді жақсартады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Зерделі режим туралы қосымша ақпаратты "[Зерделі режим қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

- **Bluetooth құрылғылары**

ТД жүйесін Bluetooth құрылғыларына қосыңыз. Bluetooth құрылғыларын автоматты түрде іздеу үшін мұны **Bluetooth құрылғылары** таңдау арқылы орындауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты Bluetooth құрылғыларын қосу функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Wi-Fi / LAN**

Желі қосылымын тексеріңіз. Желі қосылымын тексеру немесе қосылым параметрлерін өзгерту үшін төмен меңзер түймесін басыңыз және **Желі күйі** немесе **Желі параметрлері** параметрлерін таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Multi View**

ТД қарап отырған кезде, сонымен бір мезгілде бірнеше бөлек экранды қарауға болады.

 Қосымша ақпаратты "[Multi View қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ұйқы таймері**

ТД жүйесін нақты бір уақытта автоматты түрде өшіруге болады. Ұйқы режимін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз. ТД автоматты түрде өшетін нақты уақытты орнату үшін төмен меңзер түймесін басып, **Өшіретін таймерді орнату** опциясын таңдаңыз.

- **Ойын режимі**

Ойын мүмкіндіктері көбірек болуы үшін, ТД экранын оңтайландыру мақсатында **Ойын режимі** параметрін орнатуға болады. **Ойын режимі** режимін іске қосу немесе өшіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін төмен меңзер түймесін басып, содан кейін **Ойын режимі параметрлеріне өтіңіз** таңдаңыз.

 Бұл функция тек сыртқы кіріс көзі қосылса ғана жұмыс істейді.

 Қосымша ақпаратты "[Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату](#)" тарауынан қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Субтитр**

ТД бағдарламаларын субтитрлерімен бірге көруге болады. **Субтитр** функциясын қосу/сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** функциясын қосу үшін төмен меңзер түймесін басып, содан кейін **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** параметрін таңдаңыз.

- **Цифрлық шығыс аудио пішімі**

Сандық аудио үшін шығыс пішімін таңдауға болады. **Dolby Digital+** опциясына тек HDMI (eARC) функциясы арқылы ғана **Dolby Digital+** пішіміне қолдау көрсететін құрылғылар арқылы қосылуға болады.

- **Сурет анықтығы**

Әр түрлі қимылдары бар суреттерді оңтайландыруға болады. Осы функцияны қосу немесе сөндіру үшін Таңдау түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін төмен меңзер түймесін басып, содан кейін **Сурет анықтығының параметрлері** таңдаңыз.

- **Түс реңкі**

Бейнені көру үшін қолайлы түстің реңін таңдауға болады. Қалаған түс реңкін таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Қуат үнемдеу шешімі**

Ашықтық баптауларын дұрыстап, электр қуатын тұтынуды азайтыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қуатты және энергияны үнемдеу режимі**


**Қуатты және энергияны үнемдеу режимі** мәзірін көрсетеді. Қуат параметрлерін және басқа қуат үнемдеу опцияларын өзгерту арқылы пайдаланылатын қуатты азайтыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Auracast**

**Auracast** функциясына қолдау көрсететін Bluetooth аудио құрылғысына қосылу арқылы ТД дыбысын тыңдай аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Кейбір үлгілер **Auracast** функциясына қолдау көрсетеді. **Auracast** туралы қосымша ақпаратты "[Auracast қызметін пайдалану](#)" тармағынан қараңыз.

- **Қолдау**

**Қолдау** мәзірін көрсетеді.

- **Аудио тілі**

Естігіңіз келген аудио тілді өзгертуіңізге болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін төмен меңзер түймесін басып **Дыбыс параметрлеріне өту** параметрін таңдаңыз.

- **Контрастты арттырғыш**

ТД экранындағы өте жарық немесе өте қараңғы тұстардың айырмашылықтарын болдырмауға болады. **Контрастты арттырғыш** параметрін өзгерту үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Сурет өлшемі**

Көргіңіз келген суреттің өлшемін өзгертуіңізге болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін төмен меңзер түймесін басып **Сурет өлшемі опциясына өту** параметрін таңдаңыз.

- **PIP**

Жалғанған сыртқы құрылғыларды пайдаланғанда, ТД таратылымын сурет ішіндегі сурет (PIP) терезесінен қарауға болады. Нақты параметрлерді реттеу үшін төмен меңзер түймесін басып **PIP кодын реттеу** параметрін таңдаңыз.


- **FILMMAKER MODE**

Бұл экран режимі UHD Alliance компаниясы сертификаттаған сурет сапасын ұсынады. **FILMMAKER MODE** ретінде анықталған кескін, теледидар көріп отырғанда автоматты түрде **FILMMAKER MODE** режиміне ауысады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **FILMMAKER MODE** басқа сурет режимдеріне қарағанда күңгірт болып көрінуі мүмкін.

 **FILMMAKER MODE** режимін басқа **Сурет режимі** режиміне өзгерте аласыз. Алайда, **Сурет режимі** режиміндегі өзгеріс **FILMMAKER MODE** режимі анықтаған суретті көргеннен кейін де сақталады.

 **FILMMAKER MODE™** логотипі UHD Alliance Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

## Кеңейтілген сурет параметрлерін теңшеу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Сурет** > **Маман параметрлері** [Қазір көру](#)

Келесі функцияларды пайдаланып экран параметрлерін қалауыңызға сай теңшеңіз.

- **Ашықтық** [Қазір көру](#)

Жалпы сурет жарықтылығын реттейді. 50-ге жақын болған сайын сурет жарықтылығы жоғарылай береді.

- **Контраст** [Қазір көру](#)

Нысандар мен олардың фонының арасындағы ең қараңғы және жарық аймақтардың айырмашылығын реттейді. 50-ге жақын болған сайын айырмашылық ұлғаяды.

- **Айқындық** [Қазір көру](#)

Нысан контурларының анықтығын реттеңіз. 20-ға жақын болған сайын нысан контурларының анықтығы жоғарылайды.

- **Түс** [Қазір көру](#)

Бейненің түс қарқындылығын реттейді. 50-ге жақын болған сайын түстер қанық болады.

- **Реңк (Ж/Қ)** [Қазір көру](#)


Түс реңкін реттейді. Мән жоғарылаған сайын бейненің қызыл немесе жасыл түсі қанық болады.

- **Сурет параметрлерін қолдану** [Қазір көру](#)

Таңдалған сурет параметрлерін ағымдағы кіріс көзіне немесе барлық кіріс көздеріне қолданады.


- **Сурет анықтығының параметрлері** [Қазір көру](#)

Бейнені көптеген динамикалық көріністермен оңтайландырады.

 **LED Clear Motion** немесе **Қоз. кес. жақс.** функциясы **Қосу** күйіне орнатылған жағдайда, экран жыпылықтайды немесе **Сөндіру** күйінде тұрған кездегіге қарағанда күңгірттеу болады.

- **Жергілікті жарықты реттеу** [Қазір көру](#)

Суреттің әрбір бөлігінің жарықтылық деңгейін автоматты түрде реттеу арқылы контрастылық коэффициентін арттырады.

 Бұл функция **Стандартты**, **Жоғ-ы** және **Төм.** күйлеріне қолдау көрсетеді. **Стандартты** күйінде сурет сапасын реттеу үшін қоршаған орта жарықтығы анықталады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Контрасты арттырғыш** [Қазір көру](#)

Ашық және қараңғы аймақтар арасындағы жарықтылықтың шамадан тыс айырмашылығын болдырмау үшін контрасты автоматты түрде реттейді.

- **Автоматты HDR ремастерингі** [Қазір көру](#)

Тіпті SDR мазмұнымен HDR сияқты сурет сапасын тамашалаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **HDR реңктердің мэппингі** [Қазір көру](#)

HDR мазмұны туралы ақпаратқа сәйкес тонды салыстыру өңдеуінің көмегімен жарықтықты автоматты түрде реттейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Фильм режимі** [Қазір көру](#)

Қарау тәжірибесін жақсарту мақсатында суреттің сапасын арттыру үшін ескі бейнені жаңартады.

 Бұл функция кіріс сигналы ТД немесе HDMI (1080i) болса ғана жұмыс істейді.

- **Түс реңкі** [Қазір көру](#)

Көру жағдайына сәйкес тиісті түс реңкін таңдайды.

- **Ақ түс балансы** [Қазір көру](#)

Қызыл, жасыл және көк түстердің жарықтығын суреттің ең жарқын аймағы ақ түске айналатындай етіп реттейді.

- **Гамма** [Қазір көру](#)

Бейненің орташа жарықтығын реттейді.

- **Көлеңке бөлшегі** [Қазір көру](#)

Күңгірт сурет жарықтығын реттейді. 5 мәніне жақын болған күңгірт сурет жарықтылығы жоғарылай береді.

- **Түс кеңістігі параметрлері** [Қазір көру](#)

Суретте көрсетілетін түстердің ауқымын таңдаңыз.

- **Түсті күшейткіш** [Қазір көру](#)

Суретте көрсетілетін түстердің ауқымын таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ақылды калибрлеу** [Қазір көру](#)

Фильм өндірушісі ұсынған сапаны алу үшін фильм суретінің сапасын автоматты түрде реттейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Бұл функцияны пайдалану үшін функциямен үйлесімді Смартфон пайдаланыңыз. Үйлесімді үлгілер тізімі төменде көрсетілген.

– Galaxy үлгілері: 2019 жылдың қаңтар айынан кейін шығарылған Galaxy S, Galaxy Note, Galaxy Fold және Galaxy Flip сериясының үлгілері

– iPhone үлгілері: 2019 жылдың қаңтар айынан кейін шығарылған Face ID функциясы бар үлгілер

 Қолдау көрсетілетін үлгілер жағдайға байланысты өзгеше болуы мүмкін.

- **Жоғары ашықтық**

Экранның ашықтығын арттыру үшін ең жоғары ашықтықты таңдаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Сур. з.мән-н кел-у** [Қазір көру](#)

Сурет параметрлерін бастапқы мәндеріне қалпына келтіреді.

## Суретке қолдау көрсететін функциялар






ТД үшін сурет параметрлерін конфигурациялаңыз.

### Сурет ішіндегі суретті (PIP) қарау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Сурет** > **PIP**

[Қазір көру](#)

Blu-ray ойнатқышы сияқты сыртқы құрылғыдан басты экранда бейнефайл қарап отырып, ТД хабарын сурет ішіндегі сурет (PIP) терезесінен қарай аласыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  PIP функциясы Smart Hub қосұлы тұрғанда жұмыс істемейді.
-  Негізгі экранда ойын ойнау немесе караоке функциясын қолданса, PIP суретінің сапасы төмендейді.
-  PIP функциясы келесі жағдайларда ғана жұмыс істейді: 1) Басты экранның сигнал көзі HDMI қосылымы болып табылады. 2) Негізгі экранның кіріс ажыратымдылығы – FHD (Full HD) немесе одан аз.
-  PIP терезесі сандық арналарға ғана қолдау көрсетеді және UHD арналарына қолдау көрсетпейді.




## Сурет өлшемі параметрін өзгерту

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  Параметрлер > Барлық баптаулар > Сурет > Сурет өлшемінің параметрлері [Қазір көру](#)

- **Сурет өлшемі** [Қазір көру](#)

ТД экранында көрсетілетін суреттің өлшемін **16:9 Стандарт**, **Таңдаулы** немесе **4:3** қалпына өзгерте аласыз.

 Кіріс сигналына қарай қолдау көрсетілетін сурет өлшемдері әр түрлі болады. Қолданылатын сурет өлшемдері туралы толық ақпаратты "[Суреттің өлшемдері және кіріс сигналдары](#)" тарауынан қараңыз.


- **Авто кең-у** [Қазір көру](#)

Сурет өлшемін автоматты түрде өзгертіңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **4:3 Бейнебет көлемі** [Қазір көру](#)


ТД құрылғысын **4:3** немесе **Бейн-ке бейімдеу** режимінде қарап отырып, өз географиялық аймағыңызға сәйкес келетін сурет көлемін таңдауға болады. Қолдау көрсетілетін экран өлшемі елге байланысты әр түрлі болуы мүмкін және бұндай жағдайда осы функция суреттің өлшемін өзгертуге мүмкіндік береді.

 Сыртқы құрылғы ТД жүйесіне Компонент немесе HDMI ұяшығы арқылы қосылған кезде **4:3** режиміне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Бейн-ке бейімдеу** [Қазір көру](#)

Суретті экранға сыйдырыңыз.

 **Сурет өлшемі** параметріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Тарату сигналдарына қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Масштабтау және позиция** [Қазір көру](#)

Суреттің өлшемін немесе орнын реттеңіз.

 Бұл функция **Сурет өлшемі** параметрі **Таңдаулы** қалпына қойылғанда жұмыс істейді.




 Аналогты арналардағы суреттің орнын өзгерту үшін әуелі суретті үлкейтіп, содан кейін орнын өзгертіңіз.




 Бұл функцияларға **Samsung TV Plus** немесе басқа қолданбаларда қолжетімсіз болуы мүмкін.

## Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату





ТД жүйесін белгілі бір бейне пішімдерді қарау үшін оңтайландыруға болады.











### Оңтайландырылған экранда ойындар ойнау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Ойын режимі параметрлері** > **Ойын режимі** [Қазір көру](#)




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Ойын режимі** [Қазір көру](#)

Ойын мүмкіндіктері көбірек болуы үшін, ТД экранын оңтайландыру мақсатында **Ойын режимі** параметрін орнатуға болады.

PlayStation және Xbox сияқты ойын консолін жалғаған кезде, **Ойын режимі** параметрі **Авт-ы** режиміне орнатылады. Компьютер сияқты басқа ойын көзін қосқан кезде, **Ойын режимі** параметрін жоғарыда көрсетілген жол бойынша **Қосу** күйіне орнатыңыз. **Ойын режимі** режимін Бірінші экран мәзірінен орнатуға да болады ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Ойын режимі** ).

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзір жолы әртүрлі болуы мүмкін.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Ойын режимі қалыпты ТД құрылғысын қарау режимінде қолжетімсіз.
-  Экран шамалы дірілдеуі мүмкін.
-  Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін **Ойын режимі** режимінде 1 секундтан артық басып тұрсаңыз, **Ойын тақтасы** пайда болады. Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  **Ойын режимі** іске қосылған кезде, **Сурет режимі** және **Дыбыс режимі** автоматты түрде **Ойын** режиміне ауысады. **Дыбыс режимі** режимі **Дыбыс шығысы** мәзіріндегі таңдалған аудио құрылғыға байланысты автоматты түрде қосылмауы мүмкін.
-  **Ойын режимі** параметрі **Қосу** қалпына қойылса, кейбір функцияларға қолжетімсіз.
-  Осы портты басқа сыртқы құрылғы үшін пайдаланғыңыз келсе ойын құрылғысын ағытып, **Ойын режимі** параметрін **Сөндіру** қалпына қойып, сыртқы құрылғыны портқа жалғаңыз.
-  Nintendo Switch™ үшін қолданылған **Ойын режимі** функциялары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Ойын режимі параметрлерін толық орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Ойын режимі параметрлері** [Қазір көру](#)

 Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

- **Виртуалды көздеу нүктесі** [Қазір көру](#)

Экранның ортасынан виртуалды бағыттау нүктесін көруге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Көлемдік дыбыс** [Қазір көру](#)

Ойын үшін оңтайландырылған қарқынды, үш өлшемді дыбысты пайдалану арқылы ойыннан алатын әсерді барынша тереңдетуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Динамикалық қара эквалайзер** [Қазір көру](#)

Көрсету мүмкіндігін арттырып, нысандардың детальдарын жақсарту арқылы, қараңғы сахна түстерін бұлыңғырлатпай, жарық экрандардың жарығын күшейтпей-ақ қараңғы бұрыштарда жасырынып жатқан заттар немесе жасырын қарсыластарды оңай анықтай аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ойын Motion Plus параметрлері** [Қазір көру](#)

Ойын Motion Plus параметрлерін конфигурациялауға болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ойын Motion Plus**

Рөлдік ойын (RPG) немесе көптеген динамикалық көріністерді қамтитын шытырман оқиғалы ойын ойнаған кезде суреттің жұмсақ әрі айқын сапасын алу үшін осы функцияны қосыңыз.

- **Дақты азайту**

Жылдам қозғалысты кескіндерді оңтайландыру үшін ойын экранының бұлдырын азайтыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

#### – Дірілді азайту

Ойынды нақты сурет сапасымен ойнау үшін ойын бейнесінен жылтылдауды алып тастаңыз.

#### – LED Clear Motion

Динамикалық көріністерді айқынырақ ету мақсатында жарықдиодты жарықтандыруды реттеу үшін осы функцияны қосыңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

#### – Қоз. кес. жақс.

Динамикалық көріністерді айқынырақ ету мақсатында осы функцияны қосыңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

#### • Ойын суретінің сарапшысы

Ойынның сурет сапасының нақты функциялары үшін опцияларды реттеуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


#### – HDR10+ GAMING

Негізгі режим ойынның бастапқы шығармашыл ниеті туралы нақты түсінік береді. Жетілдірілген режим визуалды әсерді барынша арттыру үшін ойын мазмұнының жақсаруын қамтамасыз етеді.

#### – Ойын HDR

Бұл HGiG (HDR Gaming Interest Group) стандартына сәйкес контент жарықтылығының негізінде HDR ойындары үшін оңтайлы сурет сапасын орнатады.

 HDR көздері Ойын режимі тәртіптемесіне қосылғанда, бұл мәзір іске қосылады.




 **Ойын HDR** кіріс жолы кейбір үлгілерде әртүрлі болуы мүмкін. (🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙️  
[Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Қосылым](#) > [Ойын режимі параметрлері](#) > [Ойын HDR](#))

#### • Шағын картаны автоматты түрде анықтау






**Шағын картаның масштабы** мүмкіндігін пайдаланған кезде экранды талдау арқылы шағын картаны автоматты түрде тауып, үлкейтеді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




## Кіріс сигналын ұзарту қызметін пайдалану

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Кіріс сигналын ұзарту** [Қазір көру](#)

HDMI қосылымдары үшін кіріс сигналының ауқымын ұзартады.

-  **Кіріс сигналын ұзарту** функциясы өшірілген болса, сыртқы құрылғыдан жіберілген HDR сигналдарын қабылдау мүмкін болмайды.
-  **Кіріс сигналын ұзарту** функциясымен бірге пайдаланғыңыз келген HDMI қосқышын таңдағыңыз келсе, Таңдау түймесін басып **Кіріс сигналын ұзарту** функциясын **Қосу** қалпына қойыңыз, ТД экраны дірілдеуі мүмкін.
-  ТД жүйесін тек UHD 24 немесе UHD 30 Гц жиіліктегі немесе кез келген FHD жиілігін қолданатын сыртқы құрылғыға жалғаған кезде, **Кіріс сигналын ұзарту** функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда **Кіріс сигналын ұзарту** функциясын сөндіріңіз.
-  Қолдау көрсетілетін UHD ажыратымдылықтарына қатысты толық ақпаратты "UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар" тармағынан қараңыз.
-  Қолдау көрсетілетін 8K ажыратымдылықтарына қатысты толық ақпаратты "8K үлгілері (QN7\*\*D не одан кейінгі сериясы) қолдау көрсететін кіріс сигналдарына арналған ажыратымдылықтар" тармағынан қараңыз.

## HDMI қара деңгейін пайдалану

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **HDMI қара деңгейі** [Қазір көру](#)


ТД жүйесіне HDMI кабелі арқылы жалғанған сыртқы құрылғылар шығаратын төмен қара деңгейлерді, төмен контрастылықты немесе көмескі түстерді теңгеру үшін HDMI қара деңгейі пайдаланыңыз.

-  Бұл функция ТД жүйесіне HDMI қосқышы арқылы қосылған кіріс сигналы RGB444 қалпына қойылған кезде ғана жұмыс істейді.


## Мультимедианы ауыстыру параметрлері конфигурациялау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Қосылым** > **Сыртқы құрылғы менеджері** > **Мультимедианы ауыстыру параметрлері**

Мультимедиа тасымалдауға қатысты арнайы параметрлерді конфигурациялаңыз.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- **Мультимедианы жылдам ауыстыру**

Түрлі жиіліктегі AV ағындарын жылдам және кедергісіз ауыстырады.

  -  Бұл мүмкіндік медианы жылдам ауыстыруды қолдайтын құрылғы қосылған кезде ғана қолжетімді.
- **Суретті реттеу**

Мультимедиа суреттерін тегіс және анық көрсетіңіз.



# Дыбыс режимі және Маман параметрлері конфигурациялау

Дыбыс режимі параметрін өзгертіңіз және Маман параметрлері реттеңіз.

## Дыбыс режимін таңдау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Дыбыс** > **Дыбыс режимі** [Қазір көру](#)

Мазмұн түрі мен тыңдау ортасы бойынша өзіңіз қалаған қолданыстағы дыбыс режимін таңдай аласыз.

-  Сыртқы құрылғы жалғанған жағдайда, **Дыбыс режимі** сәйкесінше өзгеруі мүмкін.
-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Кеңейтілген дыбыс параметрлерін теңшеу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Дыбыс** > **Маман параметрлері** [Қазір көру](#)

Келесі параметрлерді реттеу арқылы дыбыс сапасын өзіңізге бейімдей аласыз.

-  Қолдау көрсетілетін мәзір опциялары **Дыбыс шығысы** параметріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.




- **Баланс** [Қазір көру](#)

Дыбыс деңгейін теңестіру үшін сол және оң жақ үндеткіштердің дыбыс деңгейін реттейді.

-  ТД құрылғысы кітаптық режимде пайдаланылған кезде, **Баланс** функциясы дұрыс жұмыс істемейді.

- **Эквалайзер** [Қазір көру](#)

Жоғары және төмен дыбыстардың дыбыс деңгейін реттеу арқылы ТД дыбысын реттейді.

-  Бұл функция **Бейімделетін дыбыс Про** немесе **Белсенді дыбысты күшейткіш** функциясы қосылған кезде жұмыс істемейді.
-  Бұл функция **Дыбыс режимі** функциясы **Бапталатын дыбыс**, **Ойын** немесе **Үдету** деп орнатылғанда жұмыс істемейді.
-  Бұл функцияның атауы мен сипаттары жалғанған сыртқы құрылғыға қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **HDMI-eARC режимі** [Қазір көру](#)


eARC протоколын HDMI-eARC арқылы қолданатын дыбыс құрылғысын жалғауға болады. Құрылғыны жалғау барысында дыбыс уақытша өшіп қалады.

-  Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Цифрлық шығыс аудио пішімі** [Қазір көру](#)

Сандық аудио шығыс пішімін таңдайды. Егер “Автоматты” опциясын таңдасаңыз, дыбыс шығару режимі қосылған дыбыс құрылғысы немесе аудио/видео қабылдағыш қолдайтын режимге автоматты түрде ауысады.

Егер **Тікелей тасымалдау** параметрін таңдасаңыз, дыбыстық деректер өңделместен шығарылады.

-  Егер кіріс көзі HDMI болса және қабылдағыш HDMI-eARC арқылы қосылған болса, бұл функция қолжетімді болады.

- **Цифрлық шығыс аудио кідірісі** [Қазір көру](#)

Сандық аудио үшін шығыс кідіріс уақытын реттейді.

- ✎ Егер кіріс көзі HDMI болса және қабылдағыш HDMI-ARC немесе HDMI-eARC арқылы қосылған болса, бұл функция қолжетімді болады.
- ✎ Қабылдағыш кіріс көзін өңдей алмаса, ол **Авт-ы** опциясында жұмыс істеуі мүмкін.
- ✎ Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Dolby Atmos** [Қазір көру](#)

Кіріктірілген үндеткіштер арқылы Өнім өнімін қараған кезде Dolby Atmos виртуалды ортасының дыбыс әсерін қосуға немесе сөндіруге болады.

Егер жеке керек-жарақтарды пайдалану арқылы ТД өнімі кітаптық режимге орнатылса, ТД үндеткіштерінің виртуалды ортасының дыбыс әсері жұмыс істемейді.

- ✎ Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Авт. дыб деңг.** [Қазір көру](#)

Арналарды ауыстырғанда немесе басқа сыртқы кіріс көздеріне ауысқанда дыбысты белгілі бір деңгейге дейін автоматты түрде реттейді.

- **Дыбыстық сигналдар** [Қазір көру](#)

Мәзірді басқару немесе опцияны таңдау кезінде, хабарландыру дыбысы ойнатылады.

- **Бір уақыттағы оптикалық шығыс**

Оптикалық кабель арқылы жалғанған құрылғы әрдайым дыбыс шығарады.

- ✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Auracast**

**Auracast** функциясына қолдау көрсететін Bluetooth аудио құрылғысына қосылу арқылы ТД дыбысын тыңдай аласыз.

- ✎ Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- ✎ **Auracast** туралы қосымша ақпаратты "[Auracast қызметін пайдалану](#)" тармағынан қараңыз.

- **Дыб. қал. келт.** [Қазір көру](#)

Өзгертілген дыбыс параметрлерін қалпына келтіреді.

- ✎ Стандартты аудио сигналдар 48 кГц түрінде, HD аудио сигналдары 96 кГц түрінде тасымалданады.
- ✎ Кей SPDIF ресиверлері HD аудио пішімімен қолдау көрсетпеуі мүмкін.



## Дыбысқа қолдау көрсету функцияларын пайдалану

ТД үшін дыбыс параметрлерін конфигурациялаңыз.

### Үндеткіштерді таңдау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Дыбыс** > **Дыбыс ШЫҒЫСЫ** [Қазір көру](#)



ТД жүйесінен шығатын дыбыс естілетін үндеткішті таңдауға мүмкіндік береді.

-  Егер дыбыс құрылғысы ТД құрылғысына HDMI және Оптикалық кабелі арқылы жалғанған болса, Оптикалық кабелін таңдасаңыз да, HDMI бірінші таңдалуы мүмкін.
-  Сыртқы дыбыстағыштар Samsung Smart қашықтан басқару пульті көмегімен басқарылмауы мүмкін. Сыртқы дыбыстағыш қосылғанда кейбір дыбыс мәзірлеріне қолжетімсіз.

Samsung ТД жүйесінде Q-Symphony функциясы қолданылады.

- **Q-Symphony** Samsung динамиктерін ТД динамиктеріне байланыстырып, әр түрлі динамиктерден шыққан дыбыстарды бір уақытта ойнатады, бұл көлемді дыбыстың керемет тәжірибесін ұсынады.

Сіздегі ТД теледидарында USB дыбыстық құрылғысы қосылымына қолдау көрсетіледі.










- USB 2.0 немесе одан кейінгі құрылғыларға қолдау көрсетіледі.
- Бір құлақаспапқа бір уақытта екі USB дыбыстық құрылғысын жалғауға болады.
-  USB дыбыстық құрылғысын тікелей USB портына жалғаңыз. (USB хаб-құралына қолдау көрсетілмейді.)
-  Кейбір USB дыбыстық құрылғы үлгілері ТД теледидарымен үйлесімді болмауы мүмкін.



## ТД жүйесін Bluetooth құралдары арқылы тыңдау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Дыбыс** > **Дыбыс шығысы** > **Bluetooth динамиктер тізімі**









Bluetooth аудио құрылғыларын ТД жүйесіне қосуға болады. Оларды ТД жүйесінің Bluetooth функциясымен жұптастыру керек. Аудио құрылғыңыздың пайдаланушы нұсқаулығынан Bluetooth дыбыстағышын, дыбыс құрылғысын және құлаққаптарды қосу мен пайдалану туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді қараңыз.

-  ТД Bluetooth аудио құрылғысын таба алмаса, құрылғыны ТД жүйесіне жақынырақ қойыңыз да, содан кейін [Жаңарту](#) пәрменін таңдаңыз.
-  Жұптастырылған Bluetooth аудио құрылғысын қоссаңыз, ТД оны автоматты түрде анықтайды да, содан кейін қалқымалы терезе көрсетіледі. Bluetooth аудио құрылғысын қосу/сөндіру үшін осы қалқымалы терезені пайдаланыңыз.
-  Дыбыстың сапасына Bluetooth қосылымының қалып-күйі әсер етуі мүмкін.
-  Bluetooth дыбыс құрылғысын пайдалану алдында ["Bluetooth құралдарын пайдалану алдында оқыңыз"](#) ақпаратымен танысыңыз.
-  Кейбір үлгілерде бір уақытта екі Bluetooth құрылғысын қосуға және пайдалануға болады.
-  Егер бірнеше BT аудио құрылғысы және BT кіріс құрылғысы бір уақытта қосылса, аудио құрылғылардан шығатын дыбыс тұрақсыз болуы немесе кіріс құрылғылардан негізгі деректер түсіп қалуы мүмкін.  
Ойын қызметі тұрақты болуы үшін, қосылуға арналған BT аудио құрылғыларының санын бір құрылғыға дейін шектеуге болады.
-  ТД құрылғысын Galaxy Buds арқылы тыңдап отырғанда қоңырау келсе, Buds мобильді телефонға қосылады және қоңырауға жауап беру үшін ТД дыбысы үнсіз режимге қойылады.  
Қоңырау аяқталған кезде, Buds құлаққабы ТД құрылғысына автоматты түрде қосылады. Бұл функция ТД құрылғысы және мобильді телефон бір Samsung тіркелгісіне қосылған кезде жұмыс істейді.
-  ТД құрылғысын Galaxy Buds арқылы тыңдап жатқанда Buds құлаққабы ажыратылса, ТД үнсіз режимге қойылады.
-  Кейбір үлгілер [Auracast](#) функциясына қолдау көрсетеді. [Auracast](#) туралы қосымша ақпаратты ["Auracast қызметін пайдалану"](#) тармағынан қараңыз.



## ТД дыбыстарын Q-Symphony параметрлерін конфигурациялау арқылы ойнату

 > солға бағыттау көрсеткісі >  Параметрлер > Барлық баптаулар > Дыбыс > Q-Symphony параметрлерін орнату

Сымды немесе сымсыз симфония параметрлерін Q-Symphony параметрлерін орнату мүмкіндігін пайдаланыңыз.

-  Сымды симфония параметрлерін конфигурациялау сымды симфония функциясын қолдайтын Samsung аудио құрылғысы HDMI немесе Оптикалық портына қосылғанда ғана мүмкін болады.
-  Wi-Fi және Q-Symphony қолдайтын Samsung аудио құрылғылары үшін сымсыз симфония параметрлерін конфигурациялауға болады.
-  Сымды симфония мен сымсыз симфония режимдерін бір уақытта қосу мүмкін емес.
-  Кейбір үлгілер бір уақытта екі сымсыз аудио құрылғысына қосыла алады.
-  ТД үлгісіне және Samsung аудио құрылғысына байланысты бұл мүмкіндікке қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Samsung сымсыз аудио құрылғысын сымсыз симфонияға арналған құрылғы ретінде орнатсаңыз, орынды орнатуға болады.
-  Samsung сымсыз аудио құрылғысына байланысты орын параметріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.  
Құрылғының техникалық сипаттамаларын Samsung аудио құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
-  Теледидар моделі The Frame болса және портреттік бағдарда орнатылған болса, бұл функцияға қолдау көрсетілмейді. Теледидарды ТД альбомдық бағытта пайдалану үшін мүмкіндікті қайта реттеңіз.

Q-Symphony қолдайтын Samsung саундбарлары немесе Samsung сымсыз динамиктері қосылған болса, көлемді дыбыс конфигурациясын келесі шарттар орындалғанда пайдалануға болады.

- Бір түрдегі екі немесе одан да көп Samsung сымсыз динамиктері бір сымсыз желіге қосылған.
- Wi-Fi қолдайтын Samsung аудио құрылғысы ТДмен бірдей сымсыз желіге қосылған.
-  Wi-Fi қолдайтын Samsung аудио құрылғысын қосу және пайдалану туралы толық ақпаратты құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
-  Кейбір Samsung сымсыз аудио құрылғылары саундбарларды қамтитын конфигурацияны қолдамауы мүмкін.  
Wi-Fi қолдайтын Samsung аудио құрылғысын пайдалану кезінде экранды көшіру режимін қоссаңыз, байланыс ажыратылады.

# Жүйе және Қолдау

Жүйені және сағат, таймер, қуат пайдалану және бағдарламалық жасақтаманы жаңарту т.с.с. тәрізді қолдау параметрлерін конфигурациялауға болады.

## Уақыт функциялары мен таймерлерді пайдалану

Қазіргі уақытты орнатыңыз және таймер функциясын пайдаланыңыз.




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** [Қазір көру](#)




**Сағат** қолмен немесе автоматты түрде орнатуға болады. **Сағат** орнатылған кезде, ТД жүйесінен кез келген уақытта ағымдағы уақытты қарай аласыз.

Сағатты келесі жағдайларда орнату керек:




- Қуат сымы ағытылып, қайта қосылған болса.
- **Сағат режимі** параметрі **Авт-ы** қалпынан **Қолмен** қалпына өзгертілсе.
- ТД желіге қосылмай тұрса.
- Ешбір бағдарлама сигналы алынбаса.

### Сағатты автоматты түрде орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Сағат режимі** > **Авт-ы**

-  Бұл функция ТД желіге қосылып тұрса немесе қосылып тұрған антенна арқылы бағдарлама сигналын қабылдап тұрса ғана жұмыс істейді.
-  Алынған уақыт ақпаратының дәлдігі арнаға және сигналға байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
-  Егер ТД сигналы HDMI немесе Құралас портқа жалғанған кабель ресивері/қабылдағыш немесе жерсерік ресивері/жерсерік қорапшасы арқылы келсе, ағымдық уақытты қолмен орнату керек.

## Сағатты күндізгі уақытқа ауыстыру және уақыт белдігін реттеу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Уақыт белд.** [Қазір көру](#)

Жазғы уақытқа көшу және жергілікті уақыт белдеуін орнату арқылы дұрыс уақытты орнатады.

 Бұл функция **Сағат режимі** функциясы **Авт-ы** режимге қойылғанда ғана жұмыс істейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.




- **GMT**

Орташа гринвич уақытын (GMT) орнатыңыз.


- **ЖУ**

Жазғы уақытты (DST) автоматты түрде реттейді.




## Ағымдық уақытты өзгерту

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Уақыт ауытқуы** [Қазір көру](#)

**Уақыт ауытқуы** уақытты желі қосылымы арқылы реттейді.

 Бұл функцияға **Сағат режимі** параметрі **Авт-ы** күйіне орнатылса ғана қолжетімді, ТД әдепкі бағдарлама таратылымдарынан уақыт туралы ақпарат ала алмайды және ТД желіге қосылып тұрады.

## Сағатты қолдан орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат** > **Сағат режимі** > **Қолмен**

**Сағат режимі Қолмен** күйіне орнатылған кезде, ағымдағы күн мен уақытты тікелей енгізуге болады. Қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерін қолданып **Күн** және **Уақыт** таңдаңыз.

Қуат үзіліп, қайта берілсе, **Күн** және **Уақыт** параметрлері бастапқы қалпына келіп, **Қосатын таймер** өшеді. Олардың параметрлері қайта белгіленген кезде, **Қосатын таймер** іске қосылады.

## Ұйқы таймерін қолдану




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Ұйқы таймері** [Қазір көру](#)

Бұл функцияны алдын ала орнатылған уақыт өткен кезде ТД жүйесін автоматты түрде өшіру үшін пайдалануға болады. Ұйқы таймерін ТД жүйесін 180 минуттан кейін сөндіретін етіп, осы уақытқа қоюға болады.





 Кейбір көру режимдерінде бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД жүйесін сөндіру таймерін пайдаланып сөндіру

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Өшіретін таймер** [Қазір көру](#)

ТД жүйесін белгілі бір уақытта автоматты түрде өшетіндей ету үшін **Өшіретін таймер** орнатуға болады. **Өшіретін таймер** функциясы тек **Сағат** функциясы бапталған болса ғана жұмыс істейді.




 Бұл функциясын пайдалану үшін алдымен **Сағат** параметрін орнатыңыз ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**). [Қазір көру](#)

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қуатты және энергияны үнемдеу режимі функцияларын қолдану

ТД пайдаланатын қуатты азайту үшін қуат үнемдеу функцияларын пайдаланыңыз.

### ТД пайдаланатын қуатты азайту

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Қуатты және энергияны үнемдеу режимі** [Қазір көру](#)

Қуат параметрлерін және басқа қуат үнемдеу опцияларын өзгерту арқылы пайдаланылатын қуатты азайтыңыз.




- **Ашықтықты оңтайландыру** [Қазір көру](#)

Қоршаған орта жарығының деңгейіне негізделіп, суреттің ашықтығын автоматты түрде реттеу.

 Бұл **Бейімделетін сурет** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ең төмен ашықтық** [Қазір көру](#)

**Ашықтықты оңтайландыру** қосылып тұрғанда, ТД экранының минималды жарықтылығын қолдан реттеуге болады. Бұл функция мән  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Сурет** > **Маман параметрлері** > **Ашықтық** ішіндегі мәннен төмен болғанда ғана әрекет етеді. [Қазір көру](#)

 Бұл **Бейімделетін сурет** функциясы қосулы тұрғанда жұмыс істемейді.

- **Қуат үнемдеу шешімі** [Қазір көру](#)

Ашықтық баптауларын дұрыстап, электр қуатын тұтынуды азайтыңыз.

- **Қимыл жарығ. арт-у** [Қазір көру](#)

Пайдаланылатын қуат мөлшерін азайту үшін экрандағы қозғалыстарға қарай жарықтылықты реттейді.

 Бұл функция [Бейімделетін сурет](#) немесе [Ойын режимі](#) функциясы қосылған кезде жұмыс істемейді.

- **Қуатты өшіру режимі**


Қуат өшкенде қай экран режимі көрсетілетінін таңдаңыз.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Бейнебет қалқымасы** [Қазір көру](#)

ТД теледидарында екі сағат не одан ұзақ уақыт қимылсыз кескін көрсетілсе, экран қорғағыш іске қосылады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Егер теледидарында 2 минут бойы бірдей тұрақты кескін көрсетілсе, [Бейнебет қалқымасы](#) автоматты түрде іске қосылады. Пиксельдерді қорғауды қамтамасыз ету үшін [Бейнебет қалқымасы](#) өшіру мүмкін емес. (S8\*D/S9\*D сериялары)

- **Қуатты автоматты түрде үнемдеу** [Қазір көру](#)


ТД Wi-Fi желісіне қосылғанда бұл функция ТД пайдаланылатындығын анықтау үшін Wi-Fi сигналдары мен қашықтан басқару пультіні пайдалану деректерін тексереді. Егер ТД пайдаланылмаса, функция экранды автоматты түрде сөндіреді.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Wi-Fi роутеріне байланысты функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қуат. авто ө.** [Қазір көру](#)

Теледидарды басқарушы мен қашықтан басқару пульті белгіленген уақыт ішінде пайдаланылмаса, қуат босқа шығындалмас үшін ТД жүйесін автоматты түрде өшіреді.

 Кейбір аймақтарда [Samsung TV Plus](#) жұмыс істеген кезде, [Қуат. авто ө.](#) функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қолжетімді қашықтан басқару пультінің батареясы** [Қазір көру](#)

Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультінде қалған батарея зарядын тексеруге болады.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қашықтан ұстау сенсоры**

Қашықтан басқару пульті тұтқасының датчикгі қашықтан басқару пультін дұрыс емес бағытта ұсталғанын сезсе, пайдаланушыларға қашықтан басқару пультін дұрыс ұстау қажеттігін ескертеді. Өшірілген кезде ескерту өшеді.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

# Панельге күтім жасау функцияларын пайдалану

Экранды қорғау үшін баптауларды реттейді.


## Панельге күтім жасау функциясын орнату


 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Панель күтімі**

 Бұл функцияға тек S8\*D/S9\*D үлгілерінде қолдау көрсетіледі.

- **Пиксел жылжыту**

Экран ақауларын болдырмау үшін пикселдерді уақыт аралығында жылжытады.

 Пиксел жылжыту режимі пайдаланылған кезде, экранның кейбір жиектері экран жақтауларынан тыс жылжып, көрінбей кетуі мүмкін. Экранды бастапқы күйіне бекіту үшін Пиксел жылжыту режимін өшіріңіз.

 Статикалық кескіндері көп мазмұнды қарау кезінде кейінгі кескінді болдырмау үшін Пиксел жылжыту режимін қосыңыз.

- **Логотип ашықтығын реттеу**

Логотиптер мен баннерлер сияқты бекітілген кескіндердің ашықтығын төмендету арқылы экран мәселелерін болдырмайды.

- **Пиксельді жаңарту**

Экранды неғұрлым анығырақ ету үшін пиксельдерді реттейді. Сақтық көшірме жасау, жазу және дауысты тану сияқты кейбір мүмкіндіктер Пиксельді жаңарту кезінде жұмыс істемейді.

 Экранда суреттің орны қалып қойғанда, осы функцияны іске қосыңыз.



## ТД жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын жаңарту

ТД жүйесінің бағдарламалық жасақтама нұсқасын қарап шығып, қажет болса, жаңартыңыз.

⚠ Жаңарту аяқталғанша ТД жүйесін қуат көзінен АҒЫТПАҢЫЗ. Бағдарламалық жасақтама жаңарғаннан кейін, ТД автоматты түрде сөнеді де, қайта қосылады. Бағдарламалық жасақтама жаңартылғаннан кейін бейне және аудио параметрлері әдепкі мәндеріне қайта оралады.

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙ Параметрлер > Қолдау > Бағдарламалық қамт-ды жаңарту [Қазір көру](#)

### Желі арқылы жаңарту

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙ Параметрлер > Қолдау > Бағдарламалық қамт-ды жаңарту > [Қазір жаңарту](#) [Қазір көру](#)

✎ Желі арқылы жаңарту үшін желіге қосулы болу қажет.

### USB құрылғысы арқылы жаңарту

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙ Параметрлер > Қолдау > Бағдарламалық қамт-ды жаңарту > [Қазір жаңарту](#) [Қазір көру](#)

Samsung веб-сайтынан жаңарту файлын жүктеп алып, оны USB құрылғысында сақтағаннан кейін, жаңарту үшін USB құрылғысын ТД жүйесіне жалғаңыз.

✎ USB құрылғысын пайдаланып жаңарту үшін компьютеріңізге Samsung.com жаңарту пакетін жүктеп алыңыз. Жаңарту бумасын USB құрылғысының жоғары деңгейдегі қалтасына сақтаңыз. Әйтпесе, ТД жаңарту бумасын таба алмайды.

### ТД жүйесін автоматты түрде жаңарту

🏠 > ≡ (солға бағыттау көрсеткісі) > ⚙ Параметрлер > Қолдау > Бағдарламалық қамт-ды жаңарту > [Автоматты жаңарту](#) [Қазір көру](#)

ТД желіге қосылып тұрса, ТД құрылғысын қарап отырған кезде, ТД құрылғысының бағдарламалық жасақтамасын интернеттен автоматты түрде жаңартатындай баптауға болады. Фондық жаңарту аяқталғаннан кейін, ол ТД келесі жолы тоққа қосылғанда қолданылады.




Smart Hub шарттары мен талаптарына келісім бергенде [Автоматты жаңарту](#) параметрі автоматты түрде [Қосу](#) қалпына қойылады. Егер бұл функцияны сөндіргіңіз келсе Таңдау түймесін басыңыз.

✎ Егер басқа желілік функция сонымен бір мезгілде жұмыс істеп тұрса, бұл функцияға көбірек уақыт кетуі мүмкін.

✎ Бұл функцияға желі қосылымы қажет.

✎ Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Мобильді желі арқылы жаңарту

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Бағдарламалық қамт-ды жаңарту](#) > [Ұялы желімен жаңарту](#) [Қазір көру](#)

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту үшін ұялы желіні пайдаланыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қауіпсіздік жаңартулары туралы ақпарат

Қауіпсіздік жаңартулары құрылғының қауіпсіздігін жақсарту және жеке ақпаратыңызды қорғау үшін беріледі. Қауіпсіздік жаңартулары туралы қосымша ақпарат алу үшін <https://security.samsungtv.com> веб-сайтына кіріңіз.

 Веб-сайт тек кейбір тілдерді қолдайды.

## Ата-ана параметрлері функциясын қолдану

Мазмұн немесе қолданбаның қауіпсіздік параметрлерін конфигурациялаңыз.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Ата-ана параметрлері** [Қазір көру](#)

Ата-аналар нұсқаулығын қажет ететін мазмұн немесе қолданбаларға қол жеткізуді шектеңіз. Құлыпталған мазмұн немесе қолданбаларға құпиясөзді енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

- **Бағдар-рды бұғаттау** [Қазір көру](#)

Бұл функция балалар көретін бағдарламаларды олардың рейтингтеріне қарай ТД жүйесінде бақылау үшін пайдалы.

 Қосымша ақпаратты "[Бағдар-рды бұғаттау қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

- **Ерес. арн-н арна-ы белгі.** [Қазір көру](#)

Ересектерге арналған барлық қызметтерді қосады немесе сөндіреді. Сөндірулі тұрғанда үлкендерге арналған қызметтерге қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Арнаны бұғаттауды қолдану** [Қазір көру](#)

Мәзірді таңдау арқылы **Арнаны бұғаттауды қолдану** функциясын қосып немесе сөндіре аласыз.

Балалардың ересектерге арналған мазмұнды көруін болдырмау үшін нақты арналарды құлыптаңыз.

 Бұл функцияны пайдалану үшін PIN нөмірі қажет.

- **Арнаны бұғаттау параметрлері** [Қазір көру](#)

Арнаны құлыптаңыз немесе құлыптан босатыңыз.

- **Қолданба құлпы** [Қазір көру](#)

Орнатылған қолданбаны құлыптаңыз немесе құлыптан босатыңыз.

## Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған аудио және бейне функциялар

Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған функцияларды конфигурациялауға болады.




### Қолжетімділік функцияларын іске қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** [Қазір көру](#)

### Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары функциясын орындау

**Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** арнайы мүмкіндіктер функцияларына оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** функциясын экранға шығару үшін **+/-** (Дыб дең) түймесін 2 секунд немесе одан көбірек басып ұстап тұрыңыз. Мына функцияларды оңай қосып, ажыратуға болады:

**Дауыстық нұсқаулық**, **Аудио сипаттамасы**, **Дыбыстық субтитрлер**, **Суретті өшіру**, **Үлкейту**, **Жоғары контраст**, **Relumino Mode**, **Масштабтау мәзірі және мәтін**, **Сұр түс реңктері**, **Түс инверсиясы**, **SeeColors Mode**, **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат**, **Мәзір экранын зерттеу**, **Субтитр**, **Белгілер тілін масштабтау**, **Көп шығысты аудио**, **Түймені баяу қайталау**, **Мәзірді автоматты сұрыптау**, **Accessibility Settings**, т.б.


-  Стандартты қашықтан басқару пультінен AD/SUBT. түймесін басыңыз немесе MUTE түймесін басыңыз.
-  Егер тіпті **Дауыстық нұсқаулық** функциясы **Сөндіру** қалпына қойылса немесе үнсіз режимге орнатылса да, **Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары** үшін дауыспен сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты жылдам мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.


## Көзі нашар көретін адамдар үшін дауысты нұсқауды қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Дауыстық нұсқаулық параметрлері** [Қазір көру](#)

Көзі нашар көретін адамдарға мәзір параметрлерін дауыстап айту үшін дауыстық көмекті іске қосуға болады. Бұл функцияны пайдалану үшін **Дауыстық нұсқаулық** параметрін **Қосу** қалпына қойыңыз. **Дауыстық нұсқаулық** қосуды тұрғанда ТД арналарды өзгерту, дыбысты реттеу, қазіргі және келешек бағдарламалар туралы ақпарат алу, бағдарламаны жоспарлау, басқа ТД функциялары мен **Internet** және **Іздеу** функциясындағы түрлі мазмұндарға қатысты дыбыстық нұсқаулар береді.

**Дауыстық нұсқаулық** тармағына өтіп, содан кейін Таңдау түймесін басып, функцияны қосуға немесе сөндіруге болады.




 **Дауыстық нұсқаулық** функциясы ТД жүйесінде **Тіл** арқылы көрсетілген тілде беріледі. Алайда, кейбір тілдерге **Дауыстық нұсқаулық** функциясы, аталмыш тілдер ТД жүйесінің **Тіл** тізімінде болса да қолдау көрсетпейді. **Ағылшын** тілі әрқашан қолданылады.

 ТД жүйесінің **Тіл** параметрлері туралы қосымша ақпаратты “Мәзір тілін өзгерту” тармағынан қараңыз.

## Дауыстық нұсқаулық функциясының үнділігін, жылдамдығын, ырғағын және ТД фонының үнділігін өзгерту

Дауыспен сүйемелдеу функциясының **Дыб дең**, **Жылдамдық**, **Дыбыс деңгейі** және **ТД фондық дыбыс деңгейі** параметрлерін баптауға болады.

### Аудио сипаттамасы

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Аудио сипаттамасының параметрлері** [Қазір көру](#)

Көзі нашар көретін адамдарға бейнежазбаны дыбыстап сипаттап беретін аудио нұсқаулық функциясын қосуға болады. Бұл функция осындай қызмет көрсететін таратылымдарда ғана бар.

 Бұл функция сандық арналарда ғана жұмыс істейді.

- **Аудио сипаттамасы**

Аудио сипаттама функциясын қосады немесе сөндіреді.

- **Аудио сипаттамасының дыбыс деңгейі**

Аудио сипаттама үнділігін реттейді.

### Аудио субтитрлерді орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Дыбыстық субтитрлер параметрлері**

Бұл мүмкіндік бейне мазмұнда көрсетілген субтитрлерді дауыстап оқиды. Аудио субтитрлердің дыбыс деңгейін немесе жылдамдығын өзгертуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД экраны сөндірулі, бірақ дыбыс естіліп тұр

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Суретті өшіру** [Қазір көру](#)

Жалпы қуат тұтыну мөлшерін азайту үшін ТД экранын өшіріп, тек дыбысын ғана қалдырыңыз. Экран өшірулі тұрғанда қашықтан басқару пультіндегі Үнділік пен Қуат түймелерінен басқа түймені басқан кезде, ТД экраны өшеді.

 Географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Экранды үлкейту




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Үлкейту** [Қазір көру](#)

Суретті немесе мәтінді арттыру үшін экранды үлкейту. Көрсетілген нұсқауларды орындау арқылы масштабтау деңгейін реттеуге немесе масштабтау аймағын жылжытуға болады.

 **Үлкейту** кейбір мәзірлерде немесе экрандарда жұмыс істемеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қара фондағы ақ мәтін (жоғары контраст)

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Жоғары контраст** [Қазір көру](#)

Smart Hub өзгертуге және мәзір экрандарын қара фондағы ақ мәтінге ауыстыруға немесе мәтінді оқу оңай болуы үшін ТД жүйесінің мөлдір мәзірлерін автоматты түрде күңгірт етіп өзгертуге болады.

 Егер **Жоғары контраст** қосылы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

## Көру қабілеті нашар адамдар үшін контурды ерекшелеу функциясын орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Relumino Mode параметрлері** [Қазір көру](#)

Бұл функция экранның контрасты мен жарықтығын арттырады және кескіндердің контурын ерекшелейді, осылайша көру қабілеті нашар адамдар экранды әлдеқайда анық көре алады.

Бұл функция кіріс сигналы ТД немесе HDMI болса ғана жұмыс істейді. Ол кейбір бейнелер үшін қолжетімді болмауы мүмкін.

 Бұл кіріс сигналы үлгіге және географиялық аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- **Бірлескен режим**

**Relumino Mode** қосылып тұрғанда көрсетілетін экранды және режим өшкенде көрсетілетін экранды бір уақытта қатар көрсетеді.




 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қаріпті үлкейту (көзі нашар көретін адамдар үшін)

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Масштабтау мәзірі және мәтін** [Қазір көру](#)

Экрандағы қаріптің өлшемін үлкейтуге болады. Іске қосу үшін **Масштабтау мәзірі және мәтін** режимін таңдап, **Қосу** қалпына қойыңыз.

## Экранға қара және ақ фонды орнату




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Сұр түс реңктері** [Қазір көру](#)

ТД экранының түсін түстердің әсерінен бұлыңғыр тартқан жиектерді айқын көрсету үшін қара және ақ фонға ауыстыруға болады.

 Егер **Сұр түс реңктері** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Экран түсін инверсиялау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Түс инверсиясы** [Қазір көру](#)

ТД экранында көрсетілетін параметр орнату мәзірлеріндегі мәтін мен фонның түсін оқу оңай болу үшін өзгертуге болады.

 Егер **Түс инверсиясы** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Түсті түзету функциясын түсті ажыратпау ауытқуы бар пайдаланушылар үшін орнату

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **SeeColors Mode** [Қазір көру](#)




Бұл функция түсті ажыратпау ауытқуы бар пайдаланушыларға қанық түстерді ажыратуға көмектеседі.


Экрандағы қанық түстерді ажырату мақсатында бірегей қарау жағдайларына арналған түстерді реттеу үшін осы функцияны пайдаланыңыз.

 **SeeColors Mode** функциясы қолданыста болғанда, кейбір мәзірлер өшіріледі.




 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Қашықтан басқару пультімен танысу (көзі нашар көретін адамдар үшін)

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат** [Қазір көру](#)




Бұл функция көзі нашар көретін адамдарға қашықтан басқару пультінің түймелері орналасқан орындарды үйренуге мүмкіндік береді. Осы функция іске қосылғанда, қашықтан басқару пультіндегі түймені бассаңыз, ТД түйменің атын айтады.  түймесін екі рет басып **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат** функциясынан шығыңыз.

## ТД мәзірі туралы үйрену



 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Мәзір экранын зерттеу** [Қазір көру](#)

ТД экранындағы мәзірлер туралы үйреніңіз. Қосылғаннан кейін, ТД жүйесі таңдаған мәзіріңіздің құрылымы мен функцияларын түсіндіреді.

## Субтитрлері бар ТД таратылымын қарау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Арнайы мүмкіндіктер** > **Субтитр баптаулары** [Қазір көру](#)

**Субтитр** параметрін **Қосу** қалпына қойыңыз. Содан кейін субтитрлары экранға шығарылған бағдарламаны қарай аласыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Бұл функцияның DVD немесе Blu-ray ойнатқыштарының субтитрлерін басқаратын функцияларға ешбір қатысы жоқ. DVD немесе блю-рей субтитрлерін басқару үшін, DVD немесе блю-рей ойнатқыштың субтитр функциясын және ойнатқыштың қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

- **Субтитр** [Қазір көру](#)

Субтитрді іске қосады немесе өшіреді.

- **Субтитр режимі** [Қазір көру](#)

Субтитр режимін орнатады.

- **Субтитр тілі** [Қазір көру](#)

Субтитр тілін орнатады.

- **Сөйлесу субтитрлері**

Субтитрлердің аудио нұсқасын тыңдаңыз. Осы қызметті ұсынатын таратулармен ғана қолжетімді.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Телехабардың субтитр тілін таңдау

Әдепкі субтитр тілін таңдауға болады. Тізім таратылым түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Негізгі субтитр тілі** [Қазір көру](#)




Бастапқы субтитр тілін орнатады.

- **Қосымша субтитр тілі** [Қазір көру](#)

Қосымша субтитр тілін орнатады.






## Есту қабілеті төмен адамдар үшін таңбаны үлкейтіп көрсету

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Белгілер тілін масштабтау параметрлері](#) [Қазір көру](#)


Көріп отырған бағдарламада осындай мүмкіндік бар болса, таңба тілі көрсетілетін экранды үлкейтуге болады. Әуелі [Белгілер тілін масштабтау](#) параметрін [Қосу](#) қалпына қойып, таңбамен көрсетілетін тілдің орнын анықтау, оны үлкейту үшін [Белгілер тілін масштабтау мүмкіндігін өңдеу](#) таңдаңыз.

## ТД жүйесін Bluetooth құралдары арқылы тыңдау (құлағы нашар еститін адамдар үшін)




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) > [Көп шығысты аудио](#) [Қазір көру](#)

ТД үндеткіші мен Bluetooth құлақаспап құралын бір уақытта қосуға болады. Осы функция іске қосулы болғанда, Bluetooth құлақаспап құрылғысының үнділігін ТД үндеткішінің үнділігінен жоғары етіп орната аласыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Bluetooth құрылғыларын ТД жүйесіне жалғау туралы толық ақпаратты ["ТД жүйесін Bluetooth құралдары арқылы тыңдау"](#) тарауынан қараңыз.

## Қашықтан басқару түймелерінің қайталау параметрлерін конфигурациялау

## Экранда POP (ТД теледидарының ішкі баннеріндегі жарнама) көрсетіледі.

[Пайдалану режимі](#) параметрін [Үй режимі](#) қалпына қойыңыз.

-  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Жүйе реттегіші](#) > [Пайдалану режимі](#) > [Үй режимі](#)

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## ТД жүйесінен тырс-тырс еткен дыбыс шығады.

ТД жүйесінің сыртқы корпусының кеңейіп және тартылуы тырсылдаған дыбыс шығаруы мүмкін.

Бұл құрылғының ақауы барын көрсетпейді.

ТД пайдалануға қауіпсіз.

## ТД жүйесінен ызылдаған дыбыс шығады.

ТД жүйесі жоғары жылдамдықта айырып-қоу тізбектері мен электр тоғының жоғары деңгейлерін пайдаланады. ТД жүйесінің жарықтық деңгейіне байланысты, ТД әдеттегі ТД жүйесіне қарағанда шамалы шулы болып көрінуі мүмкін.

ТД жүйесі біздің функция және сенімділікке қоятын талаптарымызға сай келетін қатаң сапаны тексеру сынақтарынан өткен.

ТД жүйесінен шығатын кей шу түрлері қалыпты болып есептеледі және оны айырбастау немесе ақысын қайтарып алуға себеп бола алмайды.

## ТД экранда болып жатқан жайттарды дауыстап түсіндіреді.

[Дауыстық нұсқаулық](#) функциясын сөндіріп, кезелімді [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) параметрінен [Дауыстық нұсқаулық](#) параметріне апарып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. [Дауыстық нұсқаулық](#) қосуға немесе сөндіруге болады. [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) іске қосу үшін келесі ақпаратты қараңыз:




- Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің +/– (Дыб дең) түймесін басып тұрыңыз.
- Стандартты қашықтан басқару пультінің AD/SUBT. түймесін басыңыз немесе MUTE түймесін басып тұрыңыз.



# ТД жұмысындағы ақаулықтарды анықтау

ТД жүйесі мен Smart Hub қызметіне қатысты ақаулықтарды анықтап, қалпына келтіру функцияларын орындай аласыз.

## Өзін-к диагностика

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Құрылғы күтімі** > **Өзін-к диагностика** [Қазір көру](#)

Өнімнің кескіндерді дұрыс көрсететінін және дыбыстарды дұрыс ойнататынын тексеріңіз. Модульдер мен датчиктердің дұрыс жұмыс істейтінін тексеріңіз. Сондай-ақ Smart Hub бастапқы қалпына келтіруге қатысты параметрлерді конфигурациялауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қосу**

Қуат көзін пайдалану тарихы туралы ақпаратты қарап шығу.

- **Бағдарламалық құрал нұсқасы туралы ақпарат**

Ағымдағы уақытта орнатылған бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру және қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы ең соңғы нұсқасына дейін жаңарту.

- **Бейне сынағы**

Экранмен байланысты мәселелердің бар-жоғын тексеру үшін сынақ видеоларын ойнату.

- **Суретті тексеру**

Экранмен байланысты мәселелердің бар-жоғын тексеру үшін сынақ фотосуреттерін пайдалану.

- **Дыбыс сынағы**

Дыбыс сапасын тексеру үшін сынақ дыбыстарын ойнату.

- **Қашықтық басқару пульті**

Қашықтық басқару пульті қосылымымен немесе түймелерімен байланысты мәселелердің бар-жоғын тексеру.

- **HDMI ақауларын жою**

HDMI портын таңдау және HDMI кабелінің дұрыс қосылғанын тексеру.

- **HDMI сигналы**

Сыртқы құрылғылардың сигналдарын, сигнал жазбаларын және қосылымдарын тексеру.

- **HDMI-CEC тексеру**

HDMI-CEC қосылымының әдеттегіден тыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [Smart Hub қосылымын тексеру](#)

Желі қосылымын тексеріңіз.

- [Wi-Fi](#)

Wi-Fi модулінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеру. Жақын жерде қолжетімді қосылу нүктесі (ҚН) болмаса, нәтиже ақау болып шығуы мүмкін.

- [Bluetooth](#)

Bluetooth модулінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [IoT модулі](#)

IoT модулі дұрыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [Жылдамдықты үдеткіш сенсоры](#)

Жылдамдықты үдеткіш сенсоры дұрыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [Жарық датчигі](#)

Жарық қарқыны датчигінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [Микрофонды тексеру](#)

Микрофон модулінің дұрыс жұмыс істейтінін тексеру.

- [Хабар тарату сигналы](#)

Ағымдағы таратылым сигналының күйін тексеру.




- [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#)

Smart Hub ақпаратын бастапқы қалпына келтіру.

## Хабар тарату сигналы параметрін Өзін-к диагностика тармағынан таңдай алмайды.




Ағымдық арнаның сандық арна екеніне көз жеткізіңіз.

[Хабар тарату сигналы](#) тек сандық арналарда ғана жұмыс істейді.

-  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Хабар тарату сигналы](#)




## Smart Hub бастапқы қалпына келтіріңіз.

Smart Hub қызметінің барлық параметрлерін зауыттық мәндеріне қайтарады және Samsung есептік жазбаларына, байланысқан қызмет тіркелгілеріне қатысты ақпараттарды, Smart Hub қызмет көрсету шарттарын және Smart Hub қолданбаларын жояды.

-  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) [Қазір көру](#)

## Суретті қалпына келтіру

Ағымдық сурет параметрлерін бастапқы қалпына қайтарады.

-  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Сурет](#) > [Маман параметрлері](#) > [Сур. з.мән-н кел-у](#) [Қазір көру](#)

## Дыбысты бастапқы қалпына қайтару

Ағымдық дыбыс параметрлерін бастапқы қалпына қайтарады.

-  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Дыбыс](#) > [Маман параметрлері](#) > [Дыб. қал. келт.](#) [Қазір көру](#)

# Қолдау алу

ТД жүйесіне қатысты қиындық туындаса, тікелей Samsung компаниясынан көмек алыңыз.

## Қашықтықтан басқару арқылы қолдау көрсету

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Қашықтықтан басқару**  
[Қазір көру](#)

Қызмет көрсету туралы шартымызға келіскеннен кейін **Қашықтықтан басқару** қашықтан қолдау көрсету қызметіне кіріп, Samsung сервис маманына ТД жүйесіне қашықтан интернет арқылы диагностика жасатқызып, ақаулықтарды түзеткізіп, ТД жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын жаңартқыза аласыз. Сондай-ақ **Қашықтықтан басқару** функциясын іске қосуға және өшіруге болады.




 Бұл функцияға желі қосылымы қажет.

## Қызмет көрсету үшін байланыс дерегін табу




 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Теледидар туралы** [Қазір көру](#)

Samsung веб-сайтының мекенжайын, байланыс орталығының телефон нөмірін, ТД жүйесінің үлгі нөмірін, ТД жүйесінің бағдарламалық жасақтама нұсқасын, Ашық лицензияны және техникалық көмек алу үшін керек болуы мүмкін басқа да ақпаратты Samsung қызмет орталығынан немесе Samsung веб-сайтынан ала аласыз.

 Ақпаратты сондай-ақ ТД жүйесінің QR кодын сканерлеу арқылы көруге де болады.

 Бұл функцияны сонымен қатар  түймесін 5 секунд немесе көбірек басып тұрып бастауға болады. Стандартты қашықтан басқару пульті үшін  (Ойнату) түймесін 5 секунд не бұдан ұзағырақ басыңыз. Клиент туралы ақпарат ашылмалы терезесі пайда болғанша түймені басылған күйде ұстап тұрыңыз.

## Қызмет көрсетуді сұрау

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Құрылғы күтімі** > **Қолдауды сұрау** [Қазір көру](#)

ТД жүйесіне қатысты мәселе туындағанда көмек сұрауға болады. Пайда болған мәселеге сәйкес келетін элементті таңдап, қажетті элементке кіріп, кезелімді **Бұдан әрі** тармағына жылжытып, Таңдау түймесін басыңыз. **Қазір сұрау** > **Жібер** or **Мерзімді жоспарлау** > **Сұрау** > **Жібер** тармағын таңдаңыз. Сіз жіберген қызмет сұрауы тіркеледі. Сізге Samsung байланыс орталығынан хабарласып, сізге қызмет көрсетілетін мерзімді белгілейді немесе растайды.

 Қызмет көрсетуге өтініш беру үшін ережелер мен шарттарға келісуіңіз керек.

 Географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Бұл функцияға желі қосылымы қажет.

# Арнайы мүмкіндіктер нұсқаулығы

Көзі нашар көретін адамдарға көмектесетін мәзірді және қашықтан басқару пультінің нұсқаулығын қамтамасыз етеді.

## Мәзір экранын зерттеу

ТД экранындағы мәзірлер туралы үйреніңіз. Қосылғаннан кейін, ТД жүйесі таңдаған мәзіріңіздің құрылымы мен функцияларын түсіндіреді.

## Қашықтан басқару пультін пайдалану


Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті түймелерінің сипаттамаларын көруге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Samsung Smart қашықтан басқару пульті функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.










## Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің бағдары













Қашықтан басқару пультінің түймелерін өзіңізге қаратып ұстаңыз. Жоғарғы сол жақта түймесі бар жағы қашықтан басқару пультінің жоғарғы жағы болып табылады.

## Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің сипаттамасы

 Қашықтан басқару пультінің суреттері, түймелері және функциялары үлгілерге немесе географиялық аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Жоғарыдан төменге және солдан оңға қарай:

-  түймесі үстіңгі сол жақта орналасқан.
-  түймесінің астында орналасқан 2 түйменің бірі - Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралындағы сол жақ түйме  түймесі және оң жақ түйме  түймесі болып табылады.
- Samsung Smart қашықтан басқару пульті пультіндегі  түймесі мен  түймесі арасында шағын жарықдиод (микрофон) бар, бірақ ол қолға сезілмейді.
- Теледидардың DU6/DU7/BED сериясымен келетін (DU77\*\* үлгісінен басқа) Қашықтық. басқару пульті құралының  түймесінің астындағы 2 түйменің сол жақтағысы -  түймесі, ал оң жақтағысы -  түймесі.

- Бағдарламаны қарап жатқанда  түймесін басып, одан кейін сандық/түрлі-түсті түймені таңдап, төмен бағыттау көрсеткісін бассаңыз, [Жазбалар](#), [Кесте реттеуіші](#), [Timeshift](#), [Тоқтату](#) (Жазу немесе Timeshift жұмыс істеп тұрғанда), [Ақпар](#), қызыл, жасыл, сары және көк опциялар пайда болады.
  -  [Жазу](#) және [Timeshift](#) функциясына үлгі түріне немесе географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
  -  Географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Осы екі түйменің астында дөңгелек түйме мен үлкен сыртқы шығырық түймесі бар. Дөңгелек түйме Таңдау түймесі және үлкенірек сыртқы түйме 4 меңзер түймесінен тұрады (жоғары / төмен / солға / оңға).
- Меңзер түймесінің астында үш түйме орналасқан: біреуі сол жақта, біреуі оң жақта және біреуі ортасында. Сол жақтағысы  түймесі, оң жақтағысы  түймесі. Ортадағы дөңгелек түйме –  түймесі.
- ТД қарау барысында  түймесін бассаңыз, қарап отырған экран тоқтап, басқару жолағы пайда болады. [Қайта айналдыру](#), [Ойнату](#), [Кідірту](#), [Алға жылд. айналдыру](#), [Timeshift тоқтату](#), [Жазу](#), [Live TV қызметіне өту](#) немесе [Ақпар](#) параметрін таңдауыңызға болады. Ойнату экранына кіру үшін жоғары меңзер түймесін басып, таратылым бағдарламасы қосылатын уақыт пен уақытты жылжыту уақытын қараңыз.
  -  [Баяу қайта айналдыру](#) немесе [Алға баяу айналдыру](#) функцияларын [Кідірту](#) опциясын таңдаған кезде пайдалануға болады.
  -  Жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін USB құрылғысын жалғау қажет.
  -  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  түймесінің астыңғы жағында екі жіңішке көлденең түйме орналасқан. Бұл түймелер қашықтан басқару пультіндегі басқа түймелерге қарағанда шығыңқы орналасқан. Сол жақтағысы – үнділік түймесі, ал оң жақтағысы – арна түймесі. Бұларды арнаны немесе дыбысты өзгертетін қосқыш түйме ретінде пайдалану үшін төменнен жоғары немесе жоғарыдан төмен итеріңіз.
  - Дыбысын өшіру үшін  $+/-$  (Дыб дең) түймесін қысқа басыңыз.
  - $+/-$  (Дыб дең) түймесін басып ұстап тұру арқылы [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) мәзірін ашыңыз.
  - $\wedge/\vee$  түймесін қысқа басу арқылы (Арна) [Нұсқау](#). қолданбасын ашыңыз.
  - $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін басып ұстап тұру арқылы [Арналар тізімі](#) тізімін ашыңыз.
  -  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Арнайы мүмкіндіктер мәзірін пайдалану

Арнайы мүмкіндіктер мәзір функцияларын пайдалану жолын және олардың сипаттамаларын қараңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

### Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары мәзірін қосу

Мына арнайы мүмкіндіктерді қосуға немесе өшіруге болады: [Дауыстық нұсқаулық](#), [Аудио сипаттамасы](#), [Дыбыстық субтитрлер](#), [Суретті өшіру](#), [Үлкейту](#), [Жоғары контраст](#), [Relumino Mode](#), [Масштабтау мәзірі және мәтін](#), [Сұр түс реңктері](#), [Түс инверсиясы](#), [SeeColors Mode](#), [Субтитр](#), [Белгілер тілін масштабтау](#), [Түймені баяу қайталау](#), [Мәзірді автоматты сұрыптау](#) және оларды [Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат](#), [Мәзір экранын зерттеу](#), [Қимыл функциялары туралы ақпарат алу](#), [Көп шығысты аудио](#) және [Accessibility Settings](#) беттеріне жылжытуға болады.

- Samsung Smart қашықтан басқару пульті / Қашықтық. басқару пульті

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінде қатар тұрған жұқа, көлбеу екі қосқыш түйме бар, олар қашықтан басқару пультінің орта тұсынан сәл төмен орналасқан. Сол жақтағысы – дыбыс деңгейін реттейтін түйме. [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) мәзірін ашу үшін дыбыс түймесін басып тұрыңыз.

[Дауыстық нұсқаулық](#) параметрі [Сөндіру](#) қалпына қойылып немесе сөндіріліп тұрса, дыбыс түймесін басып ұстап тұрғанда [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) қосылады.

- Стандартты қашықтан басқару құралы




AD/SUBT. түймесін басыңыз немесе MUTE түймесін басып тұрып [Арнайы мүмкіндіктердің төте жолдары](#) мәзірін ашыңыз.

### Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функцияларын Жалпы мәзірін пайдаланып қосу

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Арнайы мүмкіндіктер](#) [Қазір көру](#)

Сонымен қатар [Арнайы мүмкіндіктер](#) мәзіріне ТД жүйесінің параметрлер мәзірінен кіруге болады. Онда қосымша параметрлер, мысалы, [Дауыстық нұсқаулық](#) жылдамдығын өзгерту параметрі бар.

[Дауыстық нұсқаулық](#) функциясы іске қосылмайынша ТД бұл мәзірді дауыстап айтпайды.

1.  түймесін басыңыз.
2.  [Мәзір](#) мәзіріне өту үшін сол жақ меңзер түймені басыңыз да, содан кейін  [Параметрлер](#) экранына өту үшін жоғары және төмен меңзер түймелерін басыңыз.
3. Таңдау түймесін басыңыз және мәзірді ашу үшін [Барлық баптаулар](#) түймесін басыңыз. ТД орнату мәзірін ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.
4. [Жалпы және құпиялық](#) мәзіріне жету үшін астыңғы меңзер түймесін басып, осы мәзірді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.

5. Кезелімді **Арнайы мүмкіндіктер** экранына апарып, мәзірді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.
6. Мәзір ашылады да, **Дауыстық нұсқаулық параметрлері** ондағы бірінші таңдау ретінде көрсетіледі. **Дауыстық нұсқаулық параметрлері** бөлектеп, Таңдау түймесін басыңыз.
7. **Дауыстық нұсқаулық** және **Дыб дең, Жылдамдық, Дыбыс деңгейі, ТД фондық дыбыс деңгейі** функцияларын өзгертуге болатын тармақтары бар мәзір көрінеді.
8. Меңзер түймелерінің көмегімен мәзірді таңдап, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Мәзірлер **Дауыстық нұсқаулық** қосулы болғанда іске қосылады.




## Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функцияларын Vixby көмегімен қосу

 Бұл функция Дауыстық көмекші параметрі Vixby қалпына қойылғанда жұмыс істейді.




 Vixby функциясына үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Vixby функциясын пайдалану үшін ТД параметрлерін орнатып, баптап және оны желіге қосу керек. ТД жүйесін желіге параметрлерді бастапқы орнату барысында немесе кейін параметрлер мәзірі арқылы қосуға болады.

ТД жүйесін басқару үшін дауыстап айтуға болатын пәрмендер көп. Мұны дауыс пәрменін беру және шығару үшін **Дауыстық нұсқаулық** параметрімен бірге қолдануға болады. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралын қолдануға болады, бірақ ТД желіге қосулы болуы тиіс.

Пәрменді дауыстап айту үшін  түймесін (Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысының үстіңгі оң жағына жақын,  түймесінің дәл оң жағында орналасқан) басып ұстап тұрып, пәрменді дауыстап айтыңыз да,  түймесін босатыңыз. ТД пәрменді растайды.

Мысалы, сіз мыналарды жасай аласыз:

- Дауыстық нұсқаулық параметрін іске қосу  
Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Дауыстық нұсқаулық іске қосу” деңіз.
- Аудио сипаттамасы параметрін іске қосу  
Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Аудио сипаттамасы іске қосу” деңіз.
- Жоғары контраст параметрін іске қосу  
Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы  түймесін басыңыз да, “Жоғары контраст іске қосу” деңіз.



## Арнайы мүмкіндіктер мәзірінің функциялары туралы үйрену

- **Дауыстық нұсқаулық параметрлері**

Бұл функция ТД жүйесінің әр экранында жұмыс істейді және қосылған кезде, ТД жүйесінің ағымдық параметрлерін дауыстап айтады және көріп отырған бағдарлама туралы толық ақпарат береді. Мысалы, ол таңдалған дыбыс параметрі, ағымдағы арна және бағдарлама ақпаратын береді. Ол сондай-ақ **Нұсқау**. экранындағы бағдарлама ақпаратын оқиды.

- **Аудио сипаттамасының параметрлері**

Көзі нашар көретін адамдарға бейнежазбаны дыбыстап сипаттап беретін аудио нұсқаулық функциясын қосуға болады. Бұл функция осындай қызмет көрсететін таратылымдарда ғана бар.

- **Дыбыстық субтитрлер параметрлері**

Бұл мүмкіндік көру қабілеті нашар көрермендерге арналған және бейне мазмұнда көрсетілген субтитрлерді дауыстап оқиды. Аудио субтитрлердің дыбыс деңгейін немесе жылдамдығын өзгертуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Суретті өшіру**

Жалпы қуат тұтыну мөлшерін азайту үшін ТД экранын өшіріп, тек дыбысын ғана қалдырыңыз. Экран өшірулі тұрғанда қашықтан басқару пультіндегі Үнділік пен Қуат түймелерінен басқа түймені басқан кезде, ТД экраны өшеді.

- **Үлкейту**

Суретті немесе мәтінді арттыру үшін экранды үлкейту. Көрсетілген нұсқауларды орындау арқылы масштабтау деңгейін реттеуге немесе масштабтау аймағын жылжытуға болады.

 **Үлкейту** кейбір мәзірлерде немесе экрандарда жұмыс істемеуі мүмкін.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жоғары контраст**

Бұл функция барлық мәзірлерді күңгірт қара фонмен және ақ қаріппен көрсетіп, ең үлкен контрастылықты қамтамасыз ету үшін қолданылады.

 Егер **Жоғары контраст** қосұлы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

- **Relumino Mode параметрлері**

Бұл функция экранның контрасты мен жарықтығын арттырады және кескіндердің контурын ерекшелейді, осылайша көру қабілеті нашар адамдар экранды әлдеқайда анық көре алады.

Бұл функция кіріс сигналы ТД немесе HDMI болса ғана жұмыс істейді. Ол кейбір бейнелер үшін қолжетімді болмауы мүмкін.

 Бұл кіріс сигналы үлгіге және географиялық аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

- **Бірлескен режим**

**Relumino Mode** қосылып тұрғанда көрсетілетін экранды және режим өшкенде көрсетілетін экранды бір уақытта қатар көрсетеді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Масштабтау мәзірі және мәтін**

Бағдарлама атауы сияқты мәзірдегі маңызды элементтерді экранға үлкейтіп шығарады.

- **Сұр түс реңктері**

ТД экранының түсін түстердің әсерінен бұлыңғыр тартқан жиектерді айқын көрсету үшін қара және ақ фонға ауыстыруға болады.

 Егер **Сұр түс реңктері** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Түс инверсиясы**

ТД экранында көрсетілетін мәтін мен фонның түсін, мәтінді оқу оңай болу үшін ауыстыруға болады.

 Егер **Түс инверсиясы** қосулы болса, кейбір **Арнайы мүмкіндіктер** мәзірлеріне қолжетімсіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- **SeeColors Mode**

Бұл мүмкіндік дальтонизмі бар пайдаланушыларға қанық түстерді көруге көмектеседі. Бұл мүмкіндікті экранда қанық түстерді көру үшін, бірегей көру жағдайларына түстерді теңшеу үшін пайдаланыңыз.

 **SeeColors Mode** функциясы қолданыста болғанда, кейбір мәзірлер өшіріледі.

 Үлгі түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат**


Қашықтан басқару пультінің түймелерінің атаулары мен функцияларын үйреніңіз. Осы экранда қуат түймесі (үстіңгі сол жақ түйме) басылса, ТД жүйесі өшеді, бірақ кез келген басқа түйме басылған кезде, ТД түйменің атауын және оның не істейтінін қысқаша айтады. Осы оқыту режимі қашықтан басқару пультінің орналасуы мен жұмысын ТД жүйесінің қалыпты жұмысына әсер етпестен үйренуге көмектеседі.  түймесін екі рет басып **Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат** функциясынан шығыңыз.

- **Мәзір экранын зерттеу**

ТД экранындағы мәзірлер туралы үйреніңіз. Қосылғаннан кейін, ТД жүйесі таңдаған мәзіріңіздің құрылымы мен функцияларын түсіндіреді.

- **Субтитр баптаулары**

Субтитрді таратылым субтитрлерін көрсететін бағдарламалардан көруге болады.

 Қабылдағыш немесе кабель қорапшасы сияқты сыртқы құрылғыдан арнаны көрген кезде, құрылғыдағы субтитр функциясын қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін қызмет провайдеріне хабарласыңыз.

- **Белгілер тілін масштабтау параметрлері**

Көріп отырған бағдарламада осындай мүмкіндік бар болса, таңба тілі көрсетілетін экранды үлкейтуге болады.

- **Көп шығысты аудио**

ТД үндеткіші мен есту қабілеті төмендеген адамдарға арналған Bluetooth құлақаспабын бір уақытта қосуға болады. Содан кейін есту қабілеті төмен адамдар өз Bluetooth құлақаспабының дыбыс деңгейін ТД үндеткішінің дыбысына әсер еткізбей, ТД үндеткішінің дыбыс деңгейінен жоғары қойып, өзі де және жанұясындағы басқа адамдарға да ТД дыбысын қалаған деңгейде тыңдауға мүмкіндік береді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Қашықтан басқару түймесі Қайталау параметрлері**

Қашықтан басқару түймелерінің жұмыс істеу жылдамдығын, оларды үздіксіз басып тұрғанда баялату үшін конфигурациялауға болады.

- **Мәзірді автоматты сұрыптау**

Жиі қолданылатын мәзір элементтерін автоматты түрде сұрыптайды.

## ТД жүйесін Дауыстық нұсқаулық қосулы тұрғанда пайдалану

Көзі нашар көретін адамдарға көмек болу үшін мәзір опцияларын сипаттайтын Дауыстық нұсқаулық функциясын қосуға болады.

### Арнаны ауыстыру

Арнаны үш жолмен өзгертуге болады. Арнаны ауыстырған сайын жаңа арна туралы толық мәлімет айтылады. Арнаны өзгерту жолдары төменде көрсетілген.



- **Арналар тізімі**

^/∨ (Арна) түймесін басып ұстап тұру арқылы **Арналар тізімі** тізімін ашыңыз. Жоғары немесе төмен меңзер түймесін пайдалану арқылы арнаға өтіп, Таңдау түймесін басыңыз.

- ^/∨ (Арна) түймесі



Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің ортасындағы екі шығыңқы түйменің оң жақтағысы ^/∨ (Арна) түймесі. Арнаны ауыстыру үшін ^/∨ (Арна) түймесін жоғары немесе төмен итеріңіз. Стандартты қашықтан басқару пультімен арнаны өзгерту үшін CH түймесін жоғары немесе төмен басыңыз.

- Нөмір түймесі

 немесе  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті арқылы пайдаланып виртуалды сандар тақтасын ашып, **Дайын** таңдаңыз. Стандартты қашықтан басқару пультінен санды түймелерді басу арқылы арна нөмірін енгізіңіз.

### Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті арқылы сандарды экран арқылы енгізу мүмкіндігін пайдалану

Арнаның нөмірін виртуалды сандық пернетақтадағы сандармен енгізіңіз немесе PIN кодты енгізіңіз.

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінен  немесе  түймелерін басыңыз, сонда экранда 2 қатарлы виртуалды сандар тақтасы пайда болады. Дауыстық нұсқаулық “экрандағы пульт, 6” дейді, бұл экранға сандар жолағы шығарылғанын және назарда 6 саны тұрғанын білдіреді. Бұл жолақта мынадай түймелер бар:

- Үстіңгі қатарда ең жиі қаралатын арналар тізімі көрсетіледі.
- Астыңғы қатарда: Сол жақ шеттен бастап: Түсті тақта, ТТХ/МІХ, **1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 0**, Жою

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты мәзірлер көрсетілмеуі мүмкін.

 Виртуалды сандық тақтада таңдауға болатын опциялар қарау режиміне байланысты өзгеруі мүмкін.

Қатардың бойымен жылжу үшін сол жақ және оң жақ меңзер түймелерді пайдаланып, сандар тақтасын таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Қажетті сандардың бәрін (мысалы, 123) таңдап болғаннан кейін **Дайын** опциясына өту үшін меңзер түймесін басып, содан кейін аяқтау үшін Таңдау түймесін басыңыз.

Арна нөмірін енгізу кезінде санды енгізіп, содан кейін үстіңгі қатардан **Дайын** опциясын таңдаңыз немесе арна нөмірін енгізіп, күте тұруға болады. Сәлден кейін арна ауысады да, виртуалды сандар тақтасы экраннан ғайып болады.

## Үнділікті өзгерту

- Samsung Smart қашықтан басқару пульті / Қашықтық. басқару пульті

Үнділікті өзгерту үшін сол жақтағы  $+/-$  (Дыб дең) түймесін пайдаланыңыз. Үнділікті өзгерткен сайын жаңа үнділік деңгейі дауыстап айтылады.

Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің ортасындағы екі шығыңқы түйменің сол жақтағысы  $+/-$  (Дыб дең) түймесі. Үнділікті өзгерту үшін  $+/-$  (Дыб дең) түймесін жоғары немесе төмен итеріңіз.


- Стандартты қашықтан басқару құралы

Дыбысты реттеу үшін стандартты қашықтан басқару пультінің VOL түймесінің жоғары немесе төмен түймесін басыңыз.

## Бағдарлама туралы ақпаратты пайдалану

ТД құрылғысын қарап отырғанда, экранның жоғарғы жағында көрсетілетін бағдарлама ақпаратын қарау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Егер қолжетімді болса, Дауыстық нұсқаулық бағдарлама субтитрін немесе аудио сипаттамаларын дыбыстап айтады. Бағдарлама туралы ақпаратты толығырақ қарау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Дауыстық нұсқаулық бағдарламаның қысқаша түйіндемесі тәрізді толығырақ ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Осы арнада кейін не көрсетілетінін көру үшін сол жақ және оң жақ меңзер түймелерді басыңыз. Басқа арналарға өту және осы арналарда қазір не көрсетіліп жатқанын көру үшін жоғары немесе төмен меңзер түймесін басыңыз.

Кері қайту және бағдарламаның толық ақпаратын жабу үшін  түймесін басыңыз.


 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Нұсқаулықты пайдалану

Әр арнаның бағдарламалар тізіміне жалпы шолуды қараңыз.





Телебағдарламаны көріп отырып әр арна бойынша бағдарлама ақпаратын білгіңіз келсе, Samsung Smart қашықтан басқару пульті немесе Қашықтық. басқару пульті пультінің  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпаратын қарау үшін меңзер түймелерін пайдаланыңыз.

Әр таратылатын хабар арнасының күндік бағдарлама кестелері мен бағдарлама ақпаратын **Нұсқау.** мәзірінен қарауға болады. Көру немесе жазу үшін бағдарламаны жоспарлау үшін бағдарламаларды таңдауға болады.



**Нұсқау.** сондай-ақ Vixby функциясының көмегімен де ашылады. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралында  түймесін басып тұрып, “Нұсқау.” деп айтыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Нұсқау.** тек сандық арналарға ғана қатысты ақпарат береді. Аналогты арналарға қолдау көрсетілмейді.

 Егер **Сағат** орнатылмаса, Нұсқау. функциясына қолжетімсіз. Әуелі **Сағат** функциясын орнатыңыз. ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**) **Қазір көру**




Егер сағатты қайтадан қойғыңыз келсе, төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1.  түймесін және қашықтан басқару пультіндегі сол жақ меңзер түймені басыңыз.
2. Төменгі меңзер түймені басып,  **Параметрлер** тармағына өтіңіз.
3. Таңдау түймесін басыңыз және **Барлық баптаулар** тармағына өту үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз.
4. Таңдау түймесін басып, ТД жүйесінің **Барлық баптаулар** мәзірін ашыңыз.
5. Меңзер түймелерінің көмегімен **Жалпы және құпиялық** мәзіріне кіріп, Таңдау түймесін басыңыз.
6. Меңзер түймелерінің көмегімен **Жүйе реттегіші** мәзіріне кіріп, Таңдау түймесін басыңыз.
7. **Уақыт** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басыңыз.
8. **Сағат** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басыңыз.
9. **Сағат режимі** мәзірін таңдап, Таңдау түймесін басып, содан кейін **Авт-ы** немесе **Қолмен** түймесін басыңыз.

 Егер **Қолмен** параметрін таңдасаңыз, астыңғы жақтағы **Күн** немесе **Уақыт** мәзіріне өтіп, уақытты немесе күнді орнатуға болады.

**Нұсқау.** ашылған кезде, экранға арналар мен бағдарламалардың кестесі шығарылады. Үстіңгі қатарларда таңдалған сүзгі түрі және уақыт көрсетілген. Әр қатардың сол жағында арна атауы, ал оң жағында сол арнадағы бағдарламалар болады.

**Нұсқау.** функциясында жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен арналарды ауыстырып, ал сол және оң жақ меңзер түймелердің көмегімен сол арнадағы бағдарламаларды ауыстырыңыз.

Сонымен қатар  немесе  түймесін арна нөмірін енгізу үшін және сол арнаға тура өту үшін пайдалануға болады. Қазір көрсетіліп тұрған бағдарламаға өту үшін  түймесін пайдалануға болады.


Кезелімді бағдарламаға жылжитқан кезде, таңдалған бағдарлама туралы толық ақпараттарды қамтитын аңдатпаны естисіз. Кезелімді басқа арнаға ауыстырған кезде арнаның атауы мен нөмірін және бағдарлама туралы мәліметті естисіз. Егер басқа күнге жылжысаңыз, сол күні көретін алғашқы бағдарламаның күнін естисіз. Күн қайталанбайды, сондықтан егер қан күн екеніне сенімді болмасаңыз, 24 сағат әрі-бері жылжыңыз, сонда күн дауыстап айтылады.

## Бағдарламаны қазір қарау үшін

**Нұсқау.** көмегімен қазір көрсетіліп жатқан бағдарламаға өтіп, таңдалған арна мен бағдарламадағы тікелей таратылатын ТД құрылғысына өту үшін Таңдау түймесін басыңыз.

## Нұсқаулықтағы басқа параметрлер

**Нұсқау.** арқылы жоспарланған бағдарламаны көрсету параметріне өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Астыңғы жақта функциялар тізімі көрсетілген қалқыма мәзір пайда болады.

Осы мәзірдің ішінде жылжу үшін жоғары-төмен меңзер түймелерді пайдаланып, қажетті элементті таңдау үшін Таңдау түймесін басыңыз. Мәзірді жауып, **Нұсқау.** мәзіріне қайту үшін  түймесін басыңыз.

 Қазір көріп отырған бағдарлама үшін Таңдау түймесін басыңыз.

- **Жазу**

Қазір көріп отырған бағдарламаны немесе басқа арнадағы бағдарламаны жазуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Тоқтату**

Қазір қосулы тұрған жазу функциясын тоқтатуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



- **Жазу уақытын өзгерту**

Жоспарланған бағдарламаны жазуды бастау мен аяқтау уақыттарын өзгертуге болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


- **Қарауды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны қарауды жоспарлауға болады.

- **Жазуды жоспарлау**

Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаны жазуды жоспарлауға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 **Жазуды жоспарлау** бойынша қосымша ақпаратты "Жазып алу" тарауынан қараңыз.

- **Жоспарланған көрінісінен бас тарту**

Жоспарланған қарау әрекеттерінен бас тартуға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Жоспарланған жазуынан бас тарту**

Жоспарланған жазбаларды жоюға болады.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Мәліметтерді қарау**


Таңдалған бағдарлама туралы толық ақпаратты қарауға болады. Ақпарат таратылым сигналына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Егер ақпарат бағдарламамен бірге берілмесе, ештеңе пайда болмайды.





Таңдау түймесін **Мәліметтерді қарау** параметрінен басыңыз. Сонда сол бағдарламаның толық мәлімет беті ашылады да, қысқаша шолу беріледі. Ақпараттар қалқыма терезесінде толық ақпарат және **OK** опциясы туралы ақпарат бар. Толық ақпаратты оқығаннан кейін қалқыма терезені жабу үшін қашықтан басқару пультінің Таңдау түймесін басыңыз.

## Қарауды жоспарлау қызметін пайдалану

ТД жүйесін арнайы арнаны немесе бағдарламаны белгілі уақыт және күн келгенде көрсететін етіп баптаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Жоспарлы көрсетілім үшін бейімделген бағдарламалардың тұсында  белгішесі пайда болады.

 Көру кестесін орнату үшін алдымен ТДдың сағатын орнатып ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер**  
> **Барлық баптаулар** > **Жалпы және құпиялық** > **Жүйе реттегіші** > **Уақыт** > **Сағат**), уақытты көрсетіңіз. **Қазір көру**

### Қарауды жоспарлау параметрін орнату

Екі экранда жоспарлы қарау параметрін орнатуға болады.

- **Нұсқау. бейнебеті**





**Нұсқау.** экранынан көргіңіз келген бағдарламаны таңдаңыз, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Пайда болған қалқымалы мәзірден **Қарауды жоспарлау** пәрменін таңдаңыз.

- **Бағдарлама ақпараты экраны**

ТД қарап отырып Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпараты терезесі пайда болады. Жоспарлы бағдарламаны сол немесе оң жақ меңзер түймелердің көмегімен таңдаңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. **Қарауды жоспарлау** параметрін таңдау арқылы бағдарламаны қарауды жоспарлай аласыз.

## Жоспарланған қарау параметрінен бас тарту

Жоспарланған қараудан бас тартудың екі жолы бар.


- Жоспарланған қараудан **Нұсқау** арқылы бас тарту
  1. ^/√ (Арна) түймесін **Нұсқау** экранына кіру үшін басыңыз.
  2. Көрсетілім жоспарын болдырмау үшін бағдарламаға жылжытыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз.
  3. **Жоспарланған көрінісінен бас тарту** тармағына өтіңіз де, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.
  4. Жоспарланған қараудан бас тарту хабары көрсетілген қалқыма терезе пайда болғанда, **Иә** түймесін басыңыз. Жоспарлы көру мүмкіндігі тоқтатылады және **Нұсқау** экраны пайда болады.
- Жоспарланған қараудан **Кесте реттеуіші** немесе **Жазбалар** арқылы бас тарту
  1. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралындағы  немесе  түймесін басыңыз.
  2. Басқару тақтасына өту үшін меңзер түймелерін пайдаланыңыз.
  3. Таңдау түймесін **Кесте реттеуіші** немесе **Жазбалар** ашу үшін басыңыз.
    -  Егер ТД **Жазбалар** функциясына қолдау көрсетсе, **Жоспарлар** тармағына өту үшін меңзер түймесін пайдаланыңыз.
  4. **Жоспарлар** опциясына өту үшін үстіңгі меңзер түймені басыңыз.
  5. Көрсетілуі жоспарланған бағдарламаларға кіру үшін төмен меңзер түймесін пайдаланыңыз.
  6. Оң меңзер түймесімен **Жою** опциясына өтіп, таңдалған элементті жою үшін Таңдау түймесін басыңыз.
    -  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.



# Арналар тізімі функциясын пайдалану

ТД бар арналарды тізімге қалай салу керектігін қараңыз.

ТД қарап отырғанда, **Арналар тізімі** көмегімен арнаны өзгертуге немесе басқа сандық арналардағы бағдарламаларды шолуға болады.

^/√ (Арна) түймесін басып ұстап тұру арқылы **Арналар тізімі** тізімін ашыңыз.

 Кезелім көрсетіліп жатқан арнада және арнаның атауы және нөмірі, сонымен қатар бағдарлама тақырыбы көрсетілген.

Арна тізімінің бойымен жылжу үшін жоғары және төмен меңзер түймелерді (немесе бір мезгілде бір беттен жоғары немесе төмен жылжу үшін ^/√ (Арна) түймесін пайдаланыңыз). Сонымен қатар  немесе  түймесін арна нөмірін енгізу үшін және сол арнаға тура өту үшін пайдалануға болады.

**Арналар тізімі** тармағындағы сол жақ меңзер түймесін басып, Санаттар тізімі тізіміне өтіңіз. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен осы тізім ішінде жылжыңыз. Таңдау түймесін басып Санаттар тізімі тармағынан қажетті санатты таңдаңыз. Санаттар тізімі тармағында **Бәрі**, **Samsung TV Plus**, **Таңдаулылар** және **Арна түрі** бар. Үстіңгі және астыңғы меңзер түймелерінің көмегімен көргіңіз келген арнаға өтіп, Таңдау түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Арналарды түзету**

ТД жүйесінде сақталған арналарды өңдеңіз.

- **Барлық арналар**

Автоматты түрде ізделген арналарды көрсетеді.

 Ағымдағы таңдалған **Ауа**, **Кабель** немесе **Жерсерік** арқылы қабылданатын арналар көрсетіледі.

- **Samsung TV Plus**

ТД желіге қосулы тұрғанда, кез келген уақытта виртуалды арна арқылы танымал бағдарламаларды немесе әр тақырып бойынша қызықты сәттерді қарай аласыз. Әдеттегі арнадағы сияқты, онда да **Samsung TV Plus** күнделікті бағдарлама кестелері беріледі.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Таңдаулылар**

**Таңдаулылар 1** бастап **Таңдаулылар 5** дейінгі функцияларды көрсетеді. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен таңдаулы арналар тізімдерін шарлаңыз. Қалаған элементті бөлектеңіз де, Таңдау түймесін басыңыз. Арналар тізімінде енді осы тізімдегі арналар ғана көрсетіледі.



- **Арна түрі**

Таңдалған арна түрлерін ғана қамтитын тізім жасау үшін сүзгіден өткізеді. Дегенмен, **Арна түрі** параметрін арна түрі туралы ақпараты бар арналарда ғана пайдалануға болады.

 Кіріс хабар тарату сигналына қарай осы функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Жазып алу

Бағдарламаны USB арқылы жалғанған сыртқы қатқыл дискіге жазу.



-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Жазу функциясын пайдалану алдында барлық сақтық шараларын оқыңыз. Қосымша ақпаратты "Жазып алу және Timeshift функцияларын пайдалану алдында" тарауынан қараңыз.

### Бағыттауыш экрандағы жылдам және жоспарлы жазу параметрлерін пайдалану:



Қазір қосулы тұрған бағдарламаны жазу үшін нұсқаулықты  $\wedge/\vee$  (Арна) түймесін басу арқылы ашып, бағдарламаға жылжыңыз, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Қалқыма мәзір пайда болады. Жоғары және төмен меңзер түймелердің көмегімен **Жазу** параметріне өтіңіз. Бағдарламаны жазу үшін Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама нұсқаулығына қайтасыз. Бағдарлама аяқталғанда жазу автоматты түрде аяқталады.

Жазуды тоқтату үшін төмен меңзерлі түймені жазылып тұрған бағдарлама көрініп тұрғанда басыңыз. Басқару жолағы пайда болады. Кезелімді **Жазуды тоқтату** параметріне апарып, Таңдау түймесін басыңыз. Қалқыма терезе көрсетілген кезде **Тоқтату** параметрін таңдаңыз.

Кейінірек қосылатын бағдарламаны жазу үшін бағдарламаға **Нұсқау.** арқылы өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Қалқыма мәзір пайда болады. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен осы мәзірді шарлаңыз. **Жазуды жоспарлау** тармағына өтіңіз де, Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарламаның жазуға орнатылғанын айтатын хабар аласыз, содан кейін бағдарлама нұсқаулығына қайтасыз.

Бағдарламаның жазуға қойылғанын көрсететін  белгішесі, оның тақырыбының жанында көрініп тұрады. Бағдарламаға жазу параметрінің орнатылғанын анықтау немесе жоспарланған жазудан бас тарту мүмкіндігін таңдау үшін бағдарламаның Таңдау түймесін басыңыз. Егер ол жазу параметріне қойылса, мәзірде **Жоспарланған жазуынан бас тарту** параметрі таңдалып тұрады. Жоспарланған жазудан бас тарту үшін Таңдау түймесін басыңыз немесе жазу параметрінен бас тартпай-ақ бағдарлама нұсқаулығына қайту үшін  түймесін басыңыз.

## Көріп отырған бағдарламаны жазу

Бағдарламаны жазу мәзірін экранға шығару немесе Timeshift функциясын бастау үшін бағдарлама көріп отырғанда  түймесін екі рет немесе  түймесін басып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз. Мәзірден келесі функцияларды таңдауға болады.

- **Жазу**

Қарап отырған бағдарламаңызды дереу жаза бастайды.

- **Timeshift**

Timeshift функциясын бастайды.

- **Тоқтату**

Бағдарламаны жазуды немесе қазір қосулы тұрған Timeshift функциясын тоқтатуға болады.

- **Ақпар**


Көріп отырған бағдарламаңызға қатысты толық ақпаратты көрсетеді.

## Бағдарлама ақпараты терезесінен бағдарлама жазуды жоспарлау

Бағдарлама ақпараты терезесін экранға шығару үшін бағдарламаны көріп отырып Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарлама ақпараты терезесінен көрсетілу үшін жоспарланған бағдарламаны сол және оң меңзер түймесімен таңдап, Таңдау түймесін басыңыз. Бағдарламаны жазуды жоспарлау үшін [Жазуды жоспарлау](#) түймесін басыңыз.



## Жазу уақытын өзгерту

Жанды бағдарламаны жазған кезде, қанша уақыт жазғыңыз келетінін көрсету керек.

Астыңғы жаққа басқару жолағын шығару үшін астыңғы меңзер түймесін басыңыз. Сол немесе оң меңзер түймесімен [Жазу уақытын өзгерту](#) параметріне өтіп, Таңдау түймесін басыңыз. Сырғыма жолақ пайда болады да, қазір орнатылған жазу уақытын естисіз. Сол және оң жақ меңзерлердің көмегімен уақытты өзгертіп, Таңдау түймесін басыңыз. Жазу уақыты туралы ақпарат беретін мәзірді естисіз. Көріп отырған бағдарламаға қайту үшін қашықтан басқару пультінің  түймесін басыңыз.

 Ең ұзақ жазу уақыты USB құралының сыйымдылығына байланысты әр түрлі болады.

## Жазылған бағдарламаларды қарау

1. Samsung Smart қашықтан басқару пульті құралындағы  немесе  түймесін басыңыз.
2. Басқару тақтасына өту үшін меңзер түймелерін пайдаланыңыз.
3. **Жазу және жоспарлау реттеушісі** экранына кіру үшін **Кесте реттеушісі** немесе **Жазбалар** опциясын таңдаңыз.

Бағдарламаны ойнату, бағдарламаның тақырыптары арасында жылжу үшін жоғары және төмен меңзер түймелерін қолданыңыз. Бағдарламаны ойнату үшін Таңдау түймесін басыңыз немесе параметрлер тізіміне кіру үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз. Жоғары-төмен меңзер түймелермен тізімдегі параметрлер арасында шарлаңыз. Бағдарламаны ойнатуға, өшіруге немесе жоюға немесе бағдарлама туралы мәліметтерді көруге болады.

Бағдарламаны ойнату үшін **Ойнату** түймесін басыңыз. Бағдарлама басталады. Егер бұл бағдарламаның жартысын бұрын көрсеңіз, экранда **Ойнату** (басталғанда), **Жалғас-у** (тоқтаған жерден бастап) немесе **Болдырмау** мүмкіндіктерін беретін мәзір көрсетілген қалқыма мәзір пайда болады. Сол және оң жақ меңзер түймелердің көмегімен қалаған параметрге жылжыңыз да, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

## Жазылған бағдарламаны жою

Кез келген жазылған бағдарламаны жоюға болады.

1. Жазылған бағдарламаны жою үшін **Жазбалар** тізіміне барыңыз.
2. Жоғары-төмен меңзер түймелердің көмегімен жойғыңыз келген жазбаға өтіңіз.
3. 3 параметр тізіміне жылжу үшін оң жақ меңзер түймені басыңыз.
4. **Жою** опциясына өту үшін астыңғы меңзер түймесін басып, содан кейін Таңдау түймесін басыңыз.

 Сізден таңдалған тармақты алып тастағыңыз келе ме деп сұрайды.

5. **Жою** түймесіне жылжу үшін сол жақ меңзер түймені басып, содан кейін бағдарлама тақырыбын жою үшін Таңдау түймесін басыңыз.





 **Жазбалар** бағдарлама жойылады да, жазбалар тізіміне қайтасыз.


## Smart Hub қызметін пайдалану

Қолданбаларға, ойындарға, кинофильмдерге т.б. кіру үшін Smart Hub қызметін пайдалану жолдарын үйреніңіз.

### Smart Hub

Samsung ТД ұсынатын түрлі Smart Hub мазмұнын пайдаланыңыз.

-  Кейбір Smart Hub қызметтері ақылы қызметтер.
-  Смарт функцияларды пайдалану үшін желіге қосылып, ережелер мен шарттарға келісуіңіз және жүйеге Samsung тіркелгісі арқылы кіруіңіз керек.
-  Кейбір Smart Hub функцияларына қызмет провайдеріне, тілге немесе географиялық өңірге байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Smart Hub қызметінде интернет қызметінің үзілуіне байланысты іркіліс орын алуы мүмкін.

 түймесін басыңыз. Ағымдағы уақытта пайдаланатын мазмұнның Бірінші экран экранына бағытталасыз. Сол жақ меңзер түймесін басып, кезелімді басқа нысандарға жылжытуға тырысыңыз.

Түрлі Smart Hub мазмұнын пайдаланыңыз, мысалы: [Samsung ес. жазб.](#), [Іздеу](#), [Ambient](#) немесе [Графикалық сурет](#), [Daily+](#), [Ойын](#), [Басты](#), [Мәзір](#), [Құпиялылық таңдаулары](#)

-  Қолдау көрсетілетін Smart Hub мазмұны үлгі географиялық аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін.



## Smart Hub Бірінші экран мүмкіндігін пайдалану

Smart Hub Бірінші экран ең сол жақ шетінде статикалық мәзірлер тізімі берілген. Негізгі ТД параметрлеріне немесе сыртқы құрылғыларға, іздеу және қолданбалар тәрізді тармақтарға кіру үшін тізімдегі мәзір элементтерін жылдам және оңай пайдалануға болады.

- **Samsung ес. жазб.**

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін **Samsung ес. жазб.** тармағына өтіңіз.

 Қосымша ақпаратты "[Samsung тіркелгісін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

- **Іздеу**

Smart Hub ұсынатын арналарды, бағдарламаларды, фильмдерді және қолданбаларды іздеңіз.

 Іздеу қызметін пайдалану үшін ТД желіге қосылғанын тексеріңіз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- **Ambient**

ТД пайдаланылмаған кезде ТД уақыт немесе ауа-райы секілді мазмұнды көрсететіндей орнатыңыз.

**Ambient** режимінен ТД режиміне оралу үшін  > сол жақ меңзер түймені >  **Басты** опцияларын басыңыз. ТД жүйесін өшіру үшін  түймесін басыңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "[Ambient режимін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

- **Графикалық сурет**

ТД қарамай отырғанда немесе ТД сөндірулі тұрғанда, өнер туындысы, фотосурет тәрізді кескіндерді өңдеу немесе дисплейге шығару үшін **Графикалық сурет** режимі функциясын пайдалануға болады.

 Бұл функцияға The Frame арқылы ғана қол жетімді.

 Қосымша ақпаратты "[Графикалық сурет режимін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Daily+**

Үйде жаттығу қолданбасы, бейне чат қолданбасы және қашықтан медициналық қызмет көрсету қолданбасы сияқты әртүрлі практикалық қолданбаларды ұсынады, бұл сізге үйде әртүрлі өмір салтын ыңғайлы түрде сезінуге мүмкіндік береді.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "[Daily+ басты экраны туралы ақпарат](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Ойын**

Контроллерді ТД жүйесіне қосу арқылы ТД экранынан ойын ойнаңыз. Ойын ойнауға контроллер және аудио құрылғысын оңтайландыру үшін параметрлерді конфигурациялаңыз.

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

 Қосымша ақпаратты "[Samsung Gaming Hub қызметін пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Басты**

Әртүрлі ТД бағдарламаларын қараңыз. Видео, музыка және спорт қолданбалары секілді Smart Hub ұсынатын әртүрлі қолданбаларды орнатып, ТД жүйесінен қолданбаларды пайдаланыңыз.

 Қосымша ақпаратты "[Басты функциясын пайдалану](#)" тарауынан қараңыз.





-  **Мәзір**





ТД жүйесіне қосылған сыртқы құрылғыларды басқарып, ТД жүйесінде қолжетімді түрлі функцияларға арналған параметрлерді конфигурациялаңыз.

 Қосымша ақпаратты "[Мәзір Бірінші экран туралы ақпарат](#)" тарауынан қараңыз.

-  **Құпиялылық таңдаулары**

ТД жүйесінен Smart Hub қызметіне қатысты құпиялылық саясатын оңай басқарыңыз және жеке ақпараттың қалай қорғалғанын тексеріңіз.




 Smart Hub пайдалану үшін Smart Hub қызмет көрсету және жеке ақпарат жинау және пайдалану шартына келісім беруіңіз керек. Келісім бермесеңіз қосымша қызметтер мен функцияларды пайдалану мүмкін болмайды. [Шарттар және құпиялылық](#) мәтінін толықтай көру үшін  >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Барлық баптаулар](#) > [Жалпы және құпиялық](#) > [Шарттар және құпиялылық](#) тармағына өтуге болады. [Қазір көру](#)

 Smart Hub қызметіне қатысты міндетті талаптар мен шарттарға келісіміңізді жою үшін [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#) параметрін іске қосыңыз ( >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  [Параметрлер](#) > [Қолдау](#) > [Құрылғы күтімі](#) > [Өзін-к диагностика](#) > [Smart Hub параметрін бастапқы күйіне қайтару](#)). [Қазір көру](#)

 Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.


## Пайдаланушы нұсқаулығы іске қосу

ТД жүйесіне кіріктірілген пайдаланушы нұсқаулығын ашыңыз.

 >  (солға бағыттау көрсеткісі) >  **Параметрлер** > **Қолдау** > **Пайдаланушы нұсқаулығын ашу**

ТД жүйесінің негізгі функциялары туралы ақпарат қамтылған кіріктірілген Пайдаланушы нұсқаулығы нұсқаулығын қарауға болады.

 Сонымен қатар, Пайдаланушы нұсқаулығы көшірмесін Samsung веб-сайтынан (<https://www.samsung.com>) жүктеп алуға болады.

 Көкпен жазылған сөздер (мысалы, [Internet](#)) мәзір элементін көрсетеді.

Пайдаланушы нұсқаулығы құжатының Бірінші экран ішінде 1 қатар мәзір белгілері бар. Қатар ішінде жылжыту үшін сол немесе оң жақ меңзер түймелерін пайдаланыңыз. Оқығыңыз келетін бөлімді ашу үшін Таңдау түймесін басыңыз.


 **Іздеу, Сайт картасы** және **Көрсеткіш** сияқты жоғарыдағы мүмкіндіктерді қолдану үшін қашықтан басқару пультіндегі меңзер түймелерін пайдалануға болады.





Пайдаланушы нұсқаулығы нұсқаулығындағы "Арнайы мүмкіндіктер нұсқаулығы" тарауында "Теледидардың қашықтан басқару құралы туралы ақпарат" бөлімі бар. Ол әсіресе пульттегі түймелерді оңай көре алмайтын немесе әрбір түйменің не істейтінін білмейтін адамдар үшін пайдалы. Бұл бөлімді Пайдаланушы нұсқаулығы тармағынан қарағанда, қашықтан басқару пультіндегі түймелерді бассаңыз, ТД жүйесіне әсер етпейді.

## Віхбу қызметін пайдалану


Дауыстық көмекші параметрін Віхбу қалпына қойыңыз. ТД жүйесін басқару үшін Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы немесе ТД жүйесіндегі микрофонға сөйлеңіз.






Віхбу функциясын пайдалану үшін ТД желіге қосулы болуы тиіс және Samsung Smart қашықтан басқару пульті құрылғысындағы микрофонды пайдалану қажет.

Віхбу қызметін пайдалану үшін  түймесін Samsung Smart қашықтан басқару пульті арқылы басып, қашықтан басқару пультінің микрофонына пәрмен беріп, Віхбу қосу үшін түймені босатыңыз.

-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Егер Віхбу жаңартылса, ағымдық функция параметрлері өзгеруі мүмкін.
-  Географиялық аймақ түріне қарай қолжетімді тіл өзгеше болуы мүмкін.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты ТД микрофонына қолдау көрсетілмейді.

## Віхбу функциясын орындау

Samsung Smart қашықтан басқару пульті параметріндегі  түймесін басып ұстап тұрыңыз. Віхбу тыңдау режимінде қосылады да, ТД экранының астыңғы жағында Віхбу белгісі пайда болады. Пәрмен бергеннен кейін түймені босатыңыз. ТД өзінің пәрменді қалай түсінгені туралы ақпарат беріп, содан кейін берілген тапсырманы орындайды.

-  Егер ТД пәрменді түсінбесе, сөзіңізді анығырақ айтып, тағы бір рет қайталап көріңіз.
-  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
-  Дауыс пәрмендерінің толық сипаттамасын [Discover Bixby](#) тармағынан табуға болады.  түймесін басыңыз.  белгішесі экранның төменгі оң жағында шығады. Таңдау түймесін басып [Discover Bixby](#) экранына өтіңіз.